YESSENOV
UNIVERSITY

ISSN 1684-9299
Подписной индекс **76061**

Yessenov Science Journal

№2 (45) 2023

Yessenov Science Journal

Ғылыми журнал 2002 жылдың
маусым айынан бастап шығарылады.
Жылына 2 рет шығады

Жекеменшік –
«Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инжиниринг
университеті» КЕАҚ

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы, 130000,
Ақтау қ., 32 шағын аудан, Есенов
университеті, бас ғимарат.

Тел./факс: +7(7292)788-788(259)

Сайт: www.ysj.yu.edu.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат
министрлігінде қайта тіркеуден
өткен куәлік №17181-Ж 21.06.2018ж.

ISSN 1684-9299

Тираж 300 дана

Есенов университетінің
редакциялық-баспа бөлімінде
басылып шықты

Yessenov Science Journal

Научный журнал издается с июня 2002 года. Периодичность 2 номера в год

Собственник –
НАО «Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова»

Адрес редакции:
Республика Казахстан, 130000,
г. Актау, 32 мкрн., здание университета Есенова.
Тел./факс: +7(7292)788-788(259)

Сайт: www.ysj.yu.edu.kz

Журнал перерегистрирован в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан Свидетельсьво №17181-Ж 21.06.2018 г.

ISSN 1684-9299

Тираж 300 экз.

Отпечатано в редакционно-издательском отделе Университета Есенова

Yessenov Science Journal

Scientific Journal published
Since June 2002.
Periodicity: 2 times a year

Proprietary-
NP JSC «Sh.Yessenov Caspian University
Of technologies and engineering »

Editiorial address: Republic of
Kazakhstan,
130003, Republic of Kazakhstan,
Mangystau region
Aktau city, 32 microdistrict

Web-site: www.ysj.yu.edu.kz

Journal is re-registered in the Ministry of

Culture and Information

Republic of Kazakhstan

Certificate №17181-Ж dated 21.06.2018

ISSN 1684-9299

Circulation: 300 copies

Printed in Yessenov University

Yessenov
Science
Journal
ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ГУМАНИТАРНЫЕ И ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

ӘОЖ 82-7
ХҒТАР 17.07.41
DOI 10.56525/KWAZ7542

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ ТІЛ ТУРАЛЫ ТОЛҒАМДАРЫ

***ҚАБЫЛОВ Ә.Д.**
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан
E-mail:adilet.kabylov@yu.edu.kz
ЖАЙЛАУОВ Б.С.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан
E-mail: baktybay.zhailovov@yu.edu.kz
***Корреспондент авторы: adilet.kabylov@yu.edu.kz**

Аңдатпа. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың әдеби-шығармашылық мұрасы ауқымды және жан-жақты тақырыптарды қамтиды. Түрлі жанрдағы әдеби-көркем шығармалармен қатар, жазушы публицистикалық, танымдық-зерттеу еңбектерімен де халқымыздың рухани дамуы жолында еңбек етті. Соның ішінде қазақ халқының тарихы мен тілі, рухани болмысы мен салт-дәстүрі, мәдениеті мен көрнекті тұлғалары туралы ой-пікірлері көптеген мақалаларында, сөйлеген сөздерінде көрініс тапты. Еліміздің тәуелсіздік алуына тікелей куәгер болып, оның заңнамалық негізін жасақтауға атсалысып, жазушылық қызметпен қатар қайраткерлігімен де зор үлес қосты. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алуына белсене араласып, оның дамуының проблемалары туралы көптеген мақалалар жазды. Қоғам мен тіл дамуының арғы-бергі тарихын зерделеп, бодандықтан бостандыққа шыққан халықтардың ана тілінің тағдыры үшін күресінің тарихынан сабақ ұсына отырып, қазақ тілінің қызмет аясын кеңейту, ана тілінде білім беру бағытында құнды ойлар айтты. Жазушының еліміздің тәуелсіздік алу кезеңіндегі көптеген сөйлеген сөздерінде, «Ана тілімізді ұқыпты пайдаланып, келешек ұрпаққа кемелдендіре жеткізу – абыройлы іс», «Біздің тіліміз – ең басты байлығымыз», «Тіл туралы ойлану – бәрі туралы ойлау», «Ұлттық руханиятымыздың өзегі – тіл» т.б. мақалалары мен сұхбаттарында тіл мәселелерін кеңінен көтеріп, салиқалы ойларын ортаға салып отырды. Жазушының тәуелсіздік пен тіл мәселесін тереңнен қозғап, жан-жақты толғаған еңбегі – «Тіл және тәуелсіздік» атты тарихи-танымдық зерттеуі. Ол мақала-эссе түрінде 2006 жылы «Егемен Қазақстан» газетінің бірнеше санында жарияланып, 2007 жылы Астана қаласындағы «Ер-Дәулет» баспасынан жарық көрген осы аттас кітапқа жеке тарау болып енген. Бұл өте дер кезінде жазылған және қоғамдағы күрделі тіл мәселесіне байыптылықпен қарап, салиқалықпен ой айтқан, мемлекеттік тіл мәселесінің маңызын ашып берген еңбек болды. Сол кездегі мемлекет басшысының тіл жөніндегі сұхбатынан кейін жазылған бұл еңбек «Қазақстан болашағы – қазақ тілінде» деген қағиданың мән-маңызын ашып, қоғам өміріндегі тілдің маңызы, оның ұлттық мемлекет құру мен қоғамды топтастырудағы орны туралы сонау ерте заманнан бергі тарихтан тартып, адамдар қауымы, қоғам, мемлекет, отарлық пен бодандық, бостандық пен тәуелсіздік секілді тірек ұғымдардың аясында Тәуелсіздіктің баяндығы үшін тіл дамуының маңызын түрлі дерек-қисындармен дәлелдейді. Мақала осы еңбектің мән-маңызын ашуға арналған.

Кілт сөздер: тіл, қоғам, тарих, тәуелсіздік, отарлау саясаты, бодандық, өркениет, тұрақты даму.

Кіріспе. Қазір Қазақстан үшін тіл мәселесі – өте өзекті мәселелердің бірі екені жасырын емес. Сан ғасырлық даңқты тарихы бар Қазақ Елі Тәуелсіздікке ие болып, өз алдына мемлекеттігін қалыптастырған кезде, ата-бабаларымыз көк найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен сақтап, ұрпақтарына аманат еткен осынау ұланасыр мекенді сақтап қала аламыз ба деген сұрақ әлі күнге дейін күн тәртібінен түспей келеді. Әлемдік жаһандану жағдайында ел болып қалу-қалмауымыз саяси, экономикалық, әлеуметтік бірнеше себептерге байланысты болса, солардың ең бастысы – рухани байлығымыздың көзі, аса қуатты рухани қаруымыз – ана тілі. Сол ана тіліміздің – тәуелсіздік бастауында мемлекеттік тіл мәртебесін алған қазақ тілінің бүгінгі жағдайы көңіл көншітпесе, ертеңгі болашағы да бұлыңғыр көрінеді. Бірнеше ғасырға жалғасқан патша үкіметі мен кеңестік биліктің отарлық саясатының зардабын тартып, теперішін көп көрген халқымыздың тәуелсіздікке қол жеткізген кезінде азаматтарымыздың азаттық санасы, ұлттық намысы мен азаматтық жауапкершілігі еліміздің ертеңі үшін сенім қалыптастыруға жеткіліксіз болып отырғаны жасырын емес. «Тіл ұлтпен бірге өркендеп, дамып отыратындықтан да ол бүкіл бір халықтың таным-түсінігінің, парасат-пайымының, көрген-білгенінің бәрін жинақтайтын қазыналы сарайына айналған. Өз тілінен қол үзген адам сол рухани байлықтан сусындай алмайтындықтан ұлтының қасиеттерін бойына сіңіре алмай, өз ұлтынан жырақтап қалады», – дейді лингвист ғалым Ш.Құрманбайұлы [1, б.10-11].

Кезінде Мұстафа Шоқайдың: «Ұлттық рухсыз ұлт бостандығы болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлттың азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді» [2, б. 187], – деп жазғанындай, ана тілінің тағдырын ұлттық рухтың жасампаздығы ғана алып шығады.

Қазақ тілінің тағдырына алаңдап, оның қолданыс аясын кеңейту, мемлекеттік биік мәртебесін қамтамасыз ету, тіл байлығы мен көркемдігін практикалық тұрғыдан айқындап беру бағытында еңбек еткен қайраткерлер мен шығармашылық тұлғалар аз емес. Кеңестік кезең мен тәуелсіздіктің алғашқы ширегінде сол бағытта қайраткерлігімен де, қаламгерлігімен де зор үлес қосқан тұлғалардың бірі – Ә.Кекілбаев. Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру мәселесі көтеріліп, оған қарсылардың да аз болмағаны, сол бір тағдырлы шақта Парламент қабырғасында қызу пікірталастар болып, тіл тағдыры талқыға түскені әлі де көпшіліктің есінде.

Жазушы Ә.Кекілбаев – шынында да, қазақ тіліне бір кісідей қызмет еткен тұлға. Ол қазақ тілінің тағдырына қашан да алаңдап, ол туралы сөйлеген сөздері мен мақалаларында үнемі айтып отырды және өзі де қаламгер ретінде ана тілінің тазалығы мен көркемдігін, бейнелеу өресі мен әмбебаптығын көркем шығармашылығымен дәлелдеп берді. Ғалым-қайраткер С.Абдырахманов: «Ә.Кекілбаевтың азамат, қаламгер ретінде қалыптасу жылдарында тілтану мәселелері тілшілердің, академиялық сипаттағы мамандардың, ақын-жазушылардың, мәдениет өкілдерінің ғана айналысар шаруасы болудан қалып, қоғамдық-саяси өмірдің алдыңғы шегіне шыға бастаған еді. Оның жалпы тілдің табиғаты, соның ішінде қазақ тілінің болмыс-бітімі туралы көзқарастары сондай тарихи ахуалда орныққан деудің жөні бар», – жеп жазады [3, б. 169].

«Тіл және тәуелсіздік» атты еңбегі – осындай күрделі мәселеге тереңнен бойлап, жан-жақты ашып көрсеткен туынды. «Автор мұнда, эссенің тақырыбы айтып тұрғандай, тарих қойнауына кеткен ықылым замандардан бергі тіл мәселесін, еліміз өз Тәуелсіздігін алған кезеңдегі қазақ тілінің қоғамдық өмірдегі алуы тиіс орны жөніндегі мәселелерді тереңінен көтереді» [4, б. 708-709]. Еңбектің кіріспесінде атап өткендей, автор кіндік пікір – «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» деген қағиданың «ұлттық тәжірибенің де, әлемдік тәжірибенің де тұрғысынан қаншалықты дәйекті екенін» нақты факторлармен, өмірлік-тарихи қисындармен дәлелдеуді мақсат еткен.

XX ғасырдың басында алаш арыстарының «қайткенде қазақ елін мемлекет қыламыз» деген арман-мақсаттарының тініндегі «Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқумен түзеледі... Елді түзетуді біз әуелі бала оқытуды түзеуден бастауымыз керек» [5, б. 252], – деген тілектің «оқу жайына», «оқыту жайына», әсіресе «қазақша оқу» жайына ерекше мән бергендерін атап өтеді.

«Халықтардың мәдени ерекшелігін белгілейтін ең қуатты тарихи, психологиялық, тілдік – үш фактордың ішіндегі ең айқын көзге түсетіні де – тіл. Сондықтан да, отаршылық қай заманда да ең алдымен сол үшеуін, әсіресе тілді ерекше нысанаға алған. Тарихи сананы жою арқылы ұлттық психология жоғалады. Ол екеуі тілдің ұмытылуына әкеліп соқтырады. Ал бұл үшеуінен бірдей айырылған соң ешқандай этникалық, мәдени дербестік жайында сөз етудің жөні келмейтіні өзінен-өзі түсінікті», – дейді Ә.Кекілбаев.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Мақала жазушының тіл туралы толғамдарына шолу жасап, қазақ тілінің тағдыры мен оны дамыту жолдары туралы ойларын, негізінен «Тіл және тәуелсіздік» атты еңбегін талдауға арналған. Мақаланың жазылу мақсатына орай түйінді ойларының негіздемелері мен тұжырымдарына маңыз беріледі. Адамзат жаратылысы мен қоғамның түрлі даму кезеңдеріндегі қарым-қатынас, тіл мен жазудың пайда болуы, өркениет кезеңдері, отаршылдық пен бостандық, билік пен ғылым, қоғамның даму мәселелері секілді маңызды мәселелерді қамти отырып, тіл дамуындағы халық тәуелсіздігінің орны жайындағы автордың ойларына түсініктеме беріледі.

Зерттеу барысында жазушы көсемсөзінің көркемдік ерекшеліктерін танытатын, тіл туралы ой-тұжырымдарының сырын түсінуге септесетін әдеби талдау, тарихи-функционалдық, психологиялық, салыстырмалы-тарихи зерттеу әдістері қолданылады.

Зерттеу нәтижелері. Бұл еңбек «Әңгімені әлімсақтан бастасақ», «Өшпенділік өзгешелікті өгейсітуден басталады», «Әлімжеттік пен әділет», «Заманнан заман оралған...», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Ұлт бостан болмайыншы, адам бостан бола алмайды», «Тіл мерейі – ел мерейі» деп аталатын жеті тараудан тұрады. «Әңгімені әлімсақтан бастасақ» атты бірінші тарауда адамзаттың жаратылысы туралы эзотеристік қисындар және ғылыми теорияларға тоқталудан бастайды. Эзотеристер пайымдайтын адамзат нәсілінің бес буынына шолу жасай келіп, зайырлы ғылымның ғарыштану, ғаламтану, адамтану, табиғаттану, қоғамтану зерттеулерінің нәтижелеріне сүйене отырып жасаған тұжырымдарына тоқталады. Ғаламдық эволюциялық дамудың ғарыштық, биологиялық және мәдени деп аталатын үш кезеңі болса, ғарыштың эволюцияның басталғанына 10-15 миллион жыл өткенін айтады. Жер планетасында бұдан 4-5 миллиард жыл бұрын тіршілік пайда болып, 2 миллиардтай биологиялық түр өрбісе, олардың қоршаған ортаға бейімделуінен эволюцияның биологиялық кезеңі басталды. Бұдан 70 миллион жыл бұрын сүтқоректілердің жоғары тобына жататын адам тектес жан иелері жаратылып, олар осыдан 4-5 миллион жыл бұрын жануарлар әлемінен ірге ажыратып бөлініпті. Бұдан 350-150 мың жыл бұрын ақыл-есі бар бабаларымыз өмір сүрсе, ал бүгінгі бізге ұқсайтын екі аяқтылар бұдан 50 мың жыл бұрын дүниеге келген. Алғашқы ағаш басында өмір сүрген адамға ұқсайтындар дриопитектер («ағаш басының хайуаны»), жерге түсіп екі аяқпен жүргендер австралопитектер («оңтүстік адамдары») деп аталыпты. Одан кейін, бұдан 700 мың жыл бұрын шамасында шыққан питекантроптар 20 түрлі тас құралдарын, бұдан 250-40 мың жыл бұрынғы неандерталдар 60 түрлі тас құралдарын, ал осыдан бар болғаны 40-30 мың жыл бұрын көрінген ақылды адамдар (homo sapiens) 90 түрлі тас құралдарын иемденіпті.

Осыдан кейін тіл мен сананың дамуына сара жол ашылды, оған жартастардан табылған суреттер айғақ болады. Ертедегі адам баласының сонау үңгірлер мен кеуектерді мекендеген кезеңдерінен бастап, ілкідегі алғашқы тілдің пайда болуын бағзы адамдардың фатостық қатынастарынан таратады. «Фатос – грекше «үн қатысу» деген сөз. Тас қараңғыдағылар маңайында басқа мақұлықтардың бар-жоғын білмек болып, дауыстарын шығарып, үн қатысқан. Сонда таныс дауыстар жауап берсе, жандары жай тапқан» [6, б. 238], – дей келіп, осылайша ұдайы өзара үн қатысып тұрғандардың ақпарат алмасуының тұрақты жүйесі қалыптасуынан әзелгі тілдердің пайда болғанын айтады.

Адамның даму процесі өте ұзаққа созылған, ол кездегі екі аяқтылар тек бас бағып, бала табудан басқа мұраты жоқ өзге жануарлардан өзгешелене қоймаған. Тек «ақпарат алмасу дамыған мәдени даму кезеңінде ғана эволюция шындап қарқын ала бастаған секілді». Адам баласының жануарлардан ірге ажыратқанына бір миллион жыл болса, содан бергі уақыттың 99%-ы терімшілік пен аңшылыққа кетіпті. Соның себептеріне үңілген автор одан кейінгі кезеңдегі адамдардың қоныс аударуы, аштық салдарынан өмір салтын өзгертуге мәжбүр болып, өндірмелі шаруашылыққа көшуін баяндайды. Адам санының көбеюіне байланысты әлеуметтену үрдісі де үдей түседі. Адамдардың әуелі руларға, сосын тайпаларға бірігуі қандастық жолмен жүзеге асады. Шаруашылық жүргізетін кеңістікті бірлесіп ұлғайту ықпалдастықтың аясын кеңейтіп, бірнеше тайпа бірігетін тайпалар одағын құруға алып келеді. Осылайша бұрынғы қандастық жолмен ынтымақтасу енді аумақтастық жолына ауысып, халық (ұлыс) деп аталатын жаңа этностық бірлік пайда болды. Аталмыш этностық бірлік кейде бір тілде сөйлейтін, кейде әр текті тайпалардан құрылды. Мұндай үрдіс барысында ең күшті, саны көп бір тайпаның тілі ортақ тілге, ал қалғандары диалектілерге айналыпты немесе біржолата жоғалыпты. Тілдері, мәдениеті ұқсас, қоныстары шектес тайпалардың ұжымдасуы, одан әрі бірігуі ұлтты туғызды. Бір этностық топтың өкілдері екінші сондай топтың ортасына тап болып, бірте-бірте өз сипатын өзгертіп, өзгелердің сипатына көшуі – сіңісу (ассимиляция), ал мұндай түбегейлі құбылуға ұшырамай, дербестіктерін жоғалтпай, бірнеше этникалық топтың күш біріктіріп даму жолындағы әрекеттері – ықпалдасу (интеграция) деп аталады. Автор осындай үрдістердің жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуына қаншалықты атсалыса алатыны туралы пайымдайды.

«Өшпенділік өзгешелікті өгейсітуден басталады» деген екінші тарауда отырықшылар мен көшпенділер арасындағы айырмашылыққа тоқтала келе, олардың өмір салтына байланысты өзара қатынасының сырына үңілтеді. Көшпенділердің арасында бірдейшілік (эгалитаризм) мен ұжымшылдық (коллективизм) орнығып, қанағатшылдыққа баулығанын, оларда аңшылық, балықшылық пен терімшілікпен шұғылданудың ұзақ уақытқа созылғанын, өзара ықпалдастық күшейген тұста көшпелі мал шаруашылығының пайда болғанын баяндайды. Көшпенділер күні бойы ат үстінен түспейтін аламандыққа ауызданып, жан-жағына жаугершілік дәурен кештірген. Көшпелі империялар көбейген. Олар қандай мықты отырықшы елдерді де оп-оңай ойсыратып отырған. Оның мысалын көптеп келтіріп өтеді. Жаңа жерлердің ашылуы, отарлаушылықтың күшеюі, халықтардың араласуы мен оның түрлі салдары, кейбір мемлекеттердің жойылу себептері, отаршылдықтан тәуелсіздікке ұмтылу секілді мәселелер нақты мысалдар негізінде баяндалады. «Алғашқы мемлекеттер құрылған кезден бастап тілдің ел өмірінде алар орны барған сайын үлкейе бергені, тіл арқылы ұғымдардың күрделенгені, ұжымдасу мен әлеуметтесудің барлық сатысы тілдің көмегімен өткендігі, діни кітаптарды өзге тілдерге тәржімалау, заңдар шығару арқылы тіл көкжиегі де кеңейгені баян етіледі» [Абдрахманов 3, б. 171].

«Әлімжеттік пен әділет» тарауында отарлау үрдісінің тарихына тоқтала келе, оның әсіресе Азия елдерінде қалай жүргізілгенін баяндайды. Азияны отарлау Америка мен Африканы отарлаудан гөрі әлдеқайда ұзаққа созылғаны, капитализмге аяқ басқан Ресейдің шығыс базары мен ресурстарына қызығып, ашық экспансияға жүгінгенін, оның қалай жүргізілгенін айтады: «Ресей әлгі қылықтарын халықтарға азаттық әперушілік, өнер-білім әкелушілік ретінде сипаттады. Өздерін өркениет дүниесін құтқарушылар ретінде марапаттады» [6, б. 278]; «Отаршылардың көпшілігі бодандарының өз ықпалдарынан тысқары, өздерімен өздері болып қалғанын да ұнатпайды. Тілін, мәдениетін тезірек ұмытып, отарлаушылардың үрдісіне тезірек көшкенін қолай көреді. Сондықтан да, ассимиляция мен аккультурацияға көбірек жүгінді» [6, б. 284]. Сондай мақсатпен, Н.К.Остраумов айтқандай, орыс үкіметінің жергілікті халықтарды өздеріне сіңістіруге, ол үшін орыс-түземдік мектептер ашуға көп күш жұмсағаны көрсетіледі [7, б. 98-111]. «Орыс-түземдік мектептің Ресейдің ұлт саясатындағы тұрақты ұғым болып қалғандығы кеңестік дәуірдегі аралас мектептердің дәурендеуі – соның айқын дәлелі. Ол халықтардың табиғи тілдерінің дамуын қолдан тежеп, ағарту ісін ұлттық дамудан гөрі ұлтсыздандыруға қызмет еткізудің бірден бір тәсілі еді», – дей келе автор: «Осы заманғы ғылым әдетте адамның өз ана тілінде жақсы ұғып, жақсы сөйлей алатындығын, сондықтан балаларды өз ана тілдерінде оқытқан аса тиімді екендігін дәлелдеп отырғандығын» алға тартады [6, б. 286]. Кеңестік кезеңнен қалған сол үрдістің – аралас мектептің Қазақстанда әлі күнге дейін көптігі – сол отаршылдық салқынынан әлі де айықпағанымызды, еліміз тәуелсіздік алса да, отарсыздану процесінің жүрмегендігін көрсетеді.

Тілдер жазбаша және жазбаша емес деп бөлінсе, жазбаша тіл ғана бала оқытуға жарамды болмақ. Барлық тілді де жазбаша тілге айналдыруға болады. Осыдан келіп «оқыту тілі» деген ұғым шығады. «Ал оқыту тілі бола алған тіл әлеуметтік салада тіл атқарар қызметтің бәрін де атқара алады. Мемлекеттік тіл де, ақпарат тілі де бола алады» [6, б. 286]. Автор отаршылардың байырғы тілдерге деген қуйтырқы саясатының астарына тоқталады. Мысалы, көптеген елдерде байырғы тілдерде білім тек мектеп көлемінде беріліп, жоғары мектептерде ол тек пән ретінде оқытылып, негізгі мамандық беру тілі ретінде пайдаланылмайды. Өйткені, «байырғы тіл сауат ашудан бастап, қай мамандық бойынша да жоғары білім алуға толықтай пайдаланылған күнде ғана, шын мәніндегі білім алу тіліне айнала алады. Тек сондай жағдайда ғана ол толыққанды мемлекет тіліне, бүкіл мемлекеттік құрылыстың толықтай қызмет атқару құралына айнала алады. Өйткені, тек сауат ашу құралы деңгейінде қалған тіл толыққанды теңдікке ие бола алмайды» [6, б. 287]. Ондай тілді ғана пайдаланған адамдар өз тілінде құқықтарын жүзеге асыра алмайды. Байырғы тілде жазуға ие қылып, дабыра түрде әлеуметтік статус беру ешқандай да оны дамытқандық немесе қорғағандық емес, әшейін көзбояушылық болып шығады. Мұндай жағдай тілдің қолданыс аясынан шығып қалуына алып келеді немесе оларды үйішілік, тұрмыстық, фольклорлық деңгеймен шектеуге алып келеді. Сөйтіп оларды үйренуге, білуге деген сұранысты төмендетеді. Қолданыс аясы тарылғаннан кейін көптеген тілдер біртіндеп өлі тілге айналады. Тілді «тірілей өлтірудің» тағы бір жолы – сөздік қорды шұбарлау, кірме сөздерді көбейту, өзіндік сипатынан айырып дүбәра тілге, тіпті диалектіге айналдыру. Кешегі патшалық, кеңестік кезенде осындай жағдайды біздің тіліміз де басынан кешті.

Еңбекте осындай тілдің қоғамдық қызметі мен даму жолдары және керісінше, қолданыстан шығып, бірте-бірте жойылу себептері туралы накты дерек-дәйектермен көрсетілген пайымдар мол. Мысалы, патшалық Ресей мен кеңес өкіметінің Қазақстанда жүргізілген саясаты туралы автор былай деп жазады: «Ресейдің ішкі тәртібіне жақындаттыру тек ондағы билікті қадағалауды күшейтуден басқа ешқандай өркениетшілдік мақсатты көздеген жоқ. Столыпин тұсындағы жер реформасы кезіндегі қазақтардың құнарлы жерлерін іштен келген шаруаларға тартып әперіп, өздерін шөл аймақтарға қуып салу да сол баяғы «өз буына өздерін тұншықтырудан» басқа ештеңе емес еді» [6, б. 289]; «Ақ патша» тұсындағы бұл саясат «қызыл революция» тұсында шетаймақтарды алдарқату мақсатында «автономияландыру», «егемендендіру» мезіреттеріне ұшырап, тілдік реформалар қолға алынды. Бұл да бірақ орталықтан шыққан өркениетшіл қамқорлықтан емес еді. Жергілікті ұлт-азаттық қозғалысының дүмпуі еді. Кеңестендіру мен ұжымдастыру кезіндегі асыра сілтеу ақ патша тұсындағы саяси қадағалауды күшейтетін жазалаушы саясаттың «табысты» жалғасы еді» [6, б. 290]; «Ал екінші дүниежүзілік соғыстың басынан басталған өлке экономикасын «өркендету» былайғы классикалық империализмнің айла-амалдарын түгелге жуық қайталады. Соғыстан кейінгі қызыл тоталитаризм кемелденген отаршылдық жүргізетін ұлтсыздандыру саясатын толық қалпында ашық та, жасырып та жүзеге асырып бақты» [6, б. 290].

Тіл тағдырын, әлемдік тілдердің даму үрдісін тарихи дамудың аясында, қоғамдық қатынастар мен әлеуметтік құбылыстар арнасында қарастырған автор отарлық бұғаудан босаған халықтардың да оп-оңай еркін даму жолын түсе қоймайтынын, әсіресе тіл саясатында өткен кезеңдердің салқыны сақталатынын да көрсетеді. Біздің тәуелсіздіктің отыз жылын артқа қалдырсақ та, әлі күнге дейін ана тіліміз – мемлекеттік тілді дамыта алмай отырғанымыздың себебін осы тұста ашып көрсетеді: «Тіл – отарланудың ахуалын қалай айқын бейнелесе, отарлықсызданудың ахуалын да сондай дәл ашып береді. Тілдік отарлану қандай күшті болса, тілдік отарлықсыздану да сондай күрделі болады. Тіл реформасы тәуелсіздік алмаған қай мемлекетке де оңай тимеген» [6, б. 290], – дей келіп, оған Балқан елдерінің, Азия мен Африкадағы мемлекеттердің бастан кешкен тәжірибелерін мысалға келтіреді. Көптілді елдердің мемлекеттік тілді таңдауы орасан қиындықтар тудырады. Ұлттың тұтастығын сақтауға қауіп төндіреді. Сондықтан бір емес, бірнеше мемлекеттік тіл таңдаған мемлекеттер жетіп артылады. Бұрынғы отарлаушы тілдерді сол статусында қалдырған елдер де аз емес. Тіпті мемлекеттік статус берілмеген жағдайда да олар мектептегі негізгі оқыту тілі ретінде қалып отыр. Оның басты себебі, «Ол тілдерде берілмеген білімге сенбейтіндер көп. Бұл, әсіресе, үстем тілдерге бауыр басып қалған өгей ене бауырсақ жағымпаз элита мен жаңа іскер қауым тарапынан жиі ұшырасады. Бұл бұрынғы жергілікті тілдердің білім беру тіліне айналуына кедергі келтіруде» [6, б. 292]. Міне, тәуелсіздік алғанымызға отыз жылдан асса да, елімізде қазақтардың саны 75%-ға жетіп қалса да, қазақ тілінің әлі күнге дейін тұғырына қона алмай, қоғамдық өмірдің барлық салаларында қолдануға өріс аша алмай отырғанының негізгі бір себебін осы арадан көреміз. «Кезінде М.Шоқай батысша тәрбиеленген зиялылардың аянышты жері олар рухани жақтан өз халқына өгей болып қалады, басқа жақтан жинаған білімдерін өз халқының өмірімен бірлестіре алмайды. Сондықтан оны халқы да пайдаланбайды деген болатын» [8, б. 82]. Бәрі де, рухтың пәстігі, ұлттық сананың оянбауы мен ұлттық намыстың кемшіндігіне келіп тіреледі. Елімізде қазақ тілінің дамуына кедергі болып отырған алдымен өз қандастарымыз екенін амалсыз мойындауға тура келеді. Жазушы айтқандай, «үстем тілдерге бауыр басып қалған өгей ене бауырсақ жағымпаз элита мен жаңа іскер қауымның» бойына сіңіп қалған орыс тілінен айырылғысы жоқ. Рухани тәуелсіздікке жетпегеніміздің дәлелі бұл. Ол үшін, автор айтқандай, «санамызды тезірек тәуелсіздендіріп, ұлттық дамуымызды ойдағыдай жетілдіруіміз керек».

Рас, көп ғасырлық бодандық бізді ассимиляцияға түсіріп үлгере алмады. Көшпелі елдердің көбінесе бір тілде сөйлейтіндігінен лингвистикалық өміршеңдігіміздің пайдасы осыдан көрінеді. Алайда, ең қорқыныштысы – өз мәдениетімізді өгейсініп, өзге мәдениетке бауыр бастыратын аккультурацияға ұшырағанымыз шындық. Оның зардабының әлі қанша уақытқа созылары беймәлім.

«Заманнан заман оралған...» деген тарауда көшпенділерге тән монолингвизмді, ғұн заманынан бері қарай орасан үлкен территорияда созылып жатқан малшы-жаугерші этностық топтардың бір тілде сөйлегенін, үйсін, қаңлы, оғыз-түрік, түркеш, қыпшақ мемлекеттері заманында шекарасы бөлек болғанмен, тіл әрұдайлығы болмағанын айтады. «VIII ғасырда Түрік қағанаты ыдырағаннан кейін, түркітілдес тайпалардың мәдениеті, өнері, әдебиеті, тілінің өркендеген жері Қазақ даласы болды. Ежелгі дәуірдегіхалық тарихындағы көрнекті оқиғалар туралы поэзиялық дастандар, шежірелер мен аңыздар, өлең-жырлардың сақталуының екі жолы болған. Бірі – фольклорлық үлгі дәрежесінде халық аузында сақталды; екіншісі – жазба ескерткіш ретінде тас кітаптарға түсу арқылы сақталды. Жазба әдеби ескерткіштер арқылы әліпби жасау сияқты аса зор мәдени, тарихи құбылыс жүзеге асты» [9, б. 48]. Орта ғасырларда ислам діні өркендеп, мәдениет өркендеді. М.Қашқари, Ж.Баласағұн, Қ.Иассауи, С.Бақырғани сияқты даналардың еңбектері жазылды. Алтын Орда империясының басты түсінісу құралы қыпшақ тілі болғаны, ал оның қайнар көзі бұрынғы қыпшақ, қазіргі қазақ даласы болғаны мәлім. «Содан бері қазақтар сол баяғы атамекенінде ешқайда табан серппей баянды мекендеп келеді. Сол баяғы сөйлеген тілінде сөйлеп келеді» [6, б. 299]. Ресей империясы қанша бодандықтың бұғауына икемдесе де, халқымыздың тілін, руханиятын, салт-санасын ойрандай алмады. Түрлі кезеңдерде жерімізді Ресейдің әр губерниясына телігенімен, елдің іргесі сөгілмеді, аралас-құралас боп келді. Қазақ тілі де қатынастың тілі болып келіп, жазбаша әдебиеттің тіліне айналды, Абай сияқты кемеңгерлерді берді. ХХ ғасырдың басында танзиматтық, жәдиттің жаңарудан да шет қалмады, тілдік реформаларға белсене қатысты. Ы.Алтынсарин секілді ұлт ұстазы Ильминскийден оқып, соның көмегіне жүгінгенімен, оның миссионерлік ықпалында кетпеді. Оның ірі қалаларда оқыған шәкірттері де ХХ ғасырдың басында қазақ руханиятына еңбек етіп, өлшеусіз үлес қосты. Орталық билік Орта Азия түріктерінің рухани бірлігіне тұсау салмақ болып, жаңа жазудың жаңа графикада болуына мүдделі болды. Соның салдарынан қазақтар әуелі латын, кейін кириллицаға көшіп, жазуын бірнеше рет өзгертті. Әрқилы графикаға ауысқандықтан түркі халықтары бір-бірінен қол үзіп қалды. Бұдан телдік реформалардың саяси мақсатты көбірек көздегенін көреміз. Кеңестік кезеңде аккультурация қарқыны Қазақстанда мықтап жүрді. Орыс тілін білетін қазақтар саны жағынан алға шығып, 1970 жылы 52,3 %-құрады. Ал қазақ тілін білетіндердің саны 30 %-ға жете жаздады. «Екпінді құрылыс аймағына» айналған Қазақстанда қазақтарға өндірісте жұмысқа тұру қиын болды. Басшылық қызметті айтпағанда, қатардағы жұмысшы болу оңайға түспейтін. Ал атақты желтоқсан оқиғасынан кейін қазақ жастарының қуғын-сүргінге ұшырап, қысым көргені белгілі. «Түптеп келгенде, ана тіліңді құрметтеу – басқалардан артық тұрудың құралы емес, туған анаң мен атаңды сыйлағаның сияқты өз халқың мен мәдениетіңді қалтқысыз қадірлеудің ең басты қағидасы болуға тиісті. Алайда, кешегі біртілдік шовенизм мен волюнтаризм бұл гуманистік қағиданы атымен ұмытқызып, тал бойына анаңның ақ сүтімен бірге дарытуыңа тиісті төл тіліңді білуді немесе білмеуді адамгершіліктен атымен жұрдай саяси цинизм мен мансапқорлық саудагершіліктің әрі итеріп, бері жыққан қақпақылына түсіріп жіберген түрі бар», – деді автор [6, б. 307].

«Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген тарауда жазушы кеңестік кезеңдегі қазақ тілінің басынан кешірген жағдайына шолу жасап, тәуелсіздік жылдарындағы мемлекеттік тіл мәртебесін алу қаншалықты қиын болғанына тоқталады. Иә, қаншама шабуылға ұшыраса да, ұлттық сана үшін күрестің тоқтамағаны шындық. Тіл үшін күрес те кеңестік билік жылдарында тоқтап көрген емес. Ұлттың рухын көтеру жолында әрекет еткен Б.Момышұлы секілді қайраткерлер болды. Ұлттық руханият үшін күрескен, еңбек еткен зиялыларымыз қуғын көрді. Кеңестік билік ұлттық ғылыми шығармашылыққа алауыздықтың дертін жапты, ұлтшылдықпен айыптады. Қазақ мектептері азайып, аралас мектептер қаптады. Мұның соңы атақты Желтоқсан оқиғасына ұласты.

Қайта құру кезеңінде ана тілімізге мемлекеттік статус алып беру мәселесі күн тәртібіне қойылса да, оны жүзеге асыру оңай болған жоқ. Алғашқы Тіл туралы заң Жоғары кеңесте қаралған сол бір кезең туралы жазушының өзі былай деп еске алады: «Кенет кезекті үзіліске шығардың дәл алдында сессияны жүргізіп отырған Қилыбай Медеубеков: «Сөз сессияға қонақ ретінде шақырылған жазушы Кекілбаевқа беріледі», – деді. Зал да аң-таң, мен де аң-таңмын. Өз құлағыма өзім сенбей, мінбеге беттедім. Көтерілсем – қарсы алдымда: «Бұл не дер екен?» – деп анталасқан таныс көздер мен таныс жүздер. Алуан ұлттың азаматтары. Арасында күнде көріп жүрген орыс әріптестеріміз де бар екен. Әңгіме назарын әдейі соларға тіктедім. Әріден қозғауға жер тар. «Немене, кеше ел басына күн туғанда, тар үйімізден орын ығысып, төрімізді ұсынғанда, тартыңқы дастарқанымызды алдарыңызға жайып, жарты күлшемізді ауыздарыңызға ұстағанда, біз күндердің күнінде, бүгінгідей демократия орнатып кемелденеміз деп жатқан заманда, өз үйімізде өз тілімізде сөйлеу үшін мына сіздерден бүйтіп жылап тұрып рұқсат сұраймыз ғой деп ойлап па едік?!» – деуге мәжбүр болдым» [6, б. 310-311 б.].

Автор тәуелсіздік туын көтергенімізге 17 жыл өтсе де, бүгінгі ұрпақтың көпшілігінің «азаматтық намысы сол баяғы бетегеден биік, жусаннан аласа қалып отырғандығын» қынжыла айтады. «Бүгінгі мемлекеттік тіліміздің адымын аштырмай тұрған – осы заманғы ақыл-ойдың биігіне көтеріліп алған өрелі элитаның өз деңгейінен қарағанда кенде жатқан байырғы тілді қомсынғандығы емес, кешегі бодандық сана бүгін әр нәрсеге бір құмартқан әуені сипатқа ауысып, утилитарлық пайдакүнемдіктің тығырығына тіреліп, өзімен қоса бүкіл ұлттық сананы да сол тұйыққа қамап, шығарғысы келмейтін салбөксе самарқаулықтан», – дейді [6, б. 313].

XX ғасырдың басында алаш оқығандарының қазақ тілі үшін атқарған еңбектерінің тағылымы айтарлықтай. А.Байтұрсыновтың халыққа білім беру, қазақша оқыту, оқу құралдарын түзу бағытындағы бастамалары мен еңбектері кейін жалғасын таппай, кеңес үкіметі ұлттық дамуды жүзеге асырмай, «орыспен орыстай болып сіңісіп кету» саясатын ұстанды. «Орыспен орыстай болып сіңісіп кету» – біздегі білімділіктің бірден-бір критерийі болды. Бұл арқылы жекелеген адамдар өскенімен, ұлт өспейтіні белгілі. Ұлт тек ұлттық даму арқылы өсері аян. Ол үшін ана тілінде білім алу толығымен жүзеге асуы керек еді» [6,316].

Тәуелсіздік алғаннан кейін де бұл мәселе шешілген жоқ. Ұлт тілінде білім беру ісі толық жолға қойылмады. Бұл туралы автор: «Тіл туралы заңды жүзеге асыруды әуелі білім беруден бастауымыз керек еді ғой. Қазақ тілін үйретумен шектелмей, барлық пән бойынша барлық деңгейде толыққанды білімді қазақша берумен жүзеге асыруымыз керек еді ғой. Сонда ғана ол білім тіліне айналмай ма?!» – деп жазады [6, б. 316]. Осы тұста автор С.Хантингтонның мына бір пікірін келтіреді: тәуелсіздік алған елдер жергілікті тілді дамытуға ерекше мән береді, тіпті империя тілімен күрес те ашады. Бірақ, әлгі қоғамдағы элита өзге отандастарынан ерекше болып көрінуге тырысады, шет тілдерінде сөйлей білетінімен мақтанады. Мұндай жағдайлар XVII-XVIII ғасырларда батыста кең етек алыпты. Алайда, оған қарсылық күшейе түспесе, әлсіремеген.

Жазушының: «Ендігі жерде бұл майдандағы басты көрсеткіш – ана тілімізде қандай мөлшерде, қаншалықты дәрежеде білім беріп жүргендігіміз болуға тиіс. Егер барлық пән бойынша барлық дәрежеде білім бере алсақ қана, ана тіліміз мемлекеттік тіл бола алады. Онсыз биліктің тілі, ұлттық тіл, мемлекеттік тіл болмай, аудармашылар мен халықтың белгілі бір бөлігі ғана білетін этнографиялық құбылыс күйінде қала береді» [6, б. 319], – деген тұжырымы барша отандастарымызды ойлантуы керек. Тәуелсіздік жылдарында көтерілген «үш тілділік» саясатының қазақ тілінің дамуына қаншалықты зиян екендігіне осыдан-ақ көз жеткізуге болады.

«Ұлт бостан болмайынша, адам бостан бола алмайды» деген тарауда адам бостандығын, саяси еркіндік пен рухани, экономикалық бостандықты көксеген жаңа замандағы мемлекетті халықтың өзі билейтін либералдық қисынның шығуы баяндалады. Ұлтшылдық ғасыры аталған XIX ғасырда өрістеген буржуазиялық либерализм адам құқымен қатар ұлттар құқын да жиі айтатын болды. Либерализм ұлттық дамуға басым мән беріп, ол үшін томаға-тұйық болмай, өзара ықпалдасуға шақырды. Ешқандай да «таңдаулы» немесе «таңдаулы емес» ұлт болмайды, олар әрқилы бола тұра, өзара тең екендігі ұдайы ескерілуі керек. I дүниежүзілік соғыс кезінде сыр берген либералдық ұлтшылдық ұлт мәселесіне енжар қарай бастады. Өйткені, бұл кезде үдей түскен ұлт-азаттық қозғалыстары әлемдік үстемдікке ұмтыла бастаған капиталистік империализмге қарсы бағытталған болатын. II дүниежүзілік соғыстың соңында ұлттардың өзін-өзі билеу құқы қайта-қайта талқыланып, ақыры Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылды. Бұл ұлт-азаттық қозғалыстың қайта күшеюіне әсер етті. Көптеген елдер тәуелсіздік алды. БҰҰ құрылған жылы 51 тәуелсіз мемлекет болса, айналасы 40 жылдың ішінде тәуелсіз мемлекеттер 3 еседен астам көбейіп, 1985 жылы олардың саны 159-ға жетті. Автор либералдық ұлтшылдықтан басқа консервативті ұлтшылдық, экспансионистік ұлтшылдық, отаршылдыққа қарсы ұлтшылдық түрлеріне де сипаттама беріп кетеді. Балаң тәуелсіздіктің кешегі кенделіктің құрсауынан шамалы уақытта шыға алмайтынын, қиыншылықтарға тап болып, әрқилы ауытқуларға ұрынатынын да ескертіп өтеді. Тәуелсіз қоғамды тура жолға салатын – демократия мен жасампаз бәсекелестік екенін, ол арқылы әлеуметтік әділет пен қоғамдық келісім орнайтынын айтады. Осы бағытта алдағы уақытта басты назарға алынуға тиісті мәселелерді тұжырымдайды.

«Тіл мерейі – ел мерейі» деп аталатын соңғы тарауда тәуелсіздіктің қиын жолында оны көркейтетін ғылыми дамуға негізделген жасампаздық тәуекел дей келе, көптеген дамыған елдердің тәжірибесін мысалға келтіре отырып, ықтимал тәуекелдер мен дамудың қисындарын алға тартады. «Тіл теңдігінсіз мемлекет теңдігін, мәдениет теңдігінсіз азамат теңдігін көзге елестету мүмкін емес»; «Мәдениетте өз құқығыңды қорғау – өз тіліңде білім алу» [6, б. 353]; Дамудың басты тетігі білім болса, білім беруді ана тілінде жүргізудің маңыздылығы бірінгі орында тұруы керек. Жазушының: «Ата-ана махаббатын, атажұрт ықыласын, атамекен табиғатын, туған топырақтың ыстық табын сезінуден басталатын дүнтетанудың ең сенімді жолы – өзіңе біткен ең етене түйсік-қабілеттер мен етіңмен ет, сүтіңмен сүт болып жаратылған төл тіліңді мейлінше жұмылдырып, ұршықтай үйіріп меңгере білу екендігі даусыз», – деп тұжырымдайтын автор мемлекеттік тілді дамытудың ең басты жолын да атап көрсетеді: «Демократиялық мемлекет, ең алдымен, халықтық білім беру ісін лайықты жолға қойғанда барып өз атын өзі ақтай алады. Ал ондай білім – ана тілінде берілетін білім. Оның деңгейі мен көлемінің тереңдігі мен сапасын қамтамасыз ету, бүгінгі талаптарға лайық стандарттары мен ақпараттық тәсілдерін қалыптастыру мемлекет мойнындағы парыз» [6, б. 362].

Қорытынды. Ә.Кекілбаевтың талантын құрметтеуші жеделдес інісі Ж.Мұқановтың: «Әбіш аға не айтса да, не жазса да тереңнен қазып, алыстан тербеп, өзіне дейінгілер айта алмаған, байқай алмаған құбылыстарды қолмен қойғандай жіпке тізіп, жіліктеп, жүйелеп берер еді» [10, б. 112], – дегеніндей, автор тіл мен тәуелсіздік туралы ойларын арыдан бастап тарқатып, сонау дүниенің жаралуы мен адамзаттың таралуының барысын баяндаудан бастайды. «Тіл және Тәуелсіздік» – тәуелсіздіктің қазіргі кезеңінде күн тәртібінде тұрған қазақ тілінің мәселесін көтеріп, тілдің пайда болуынан бастап, қилы замандарды басынан өткерген халық тілінің тағдыры туралы кеңінен толғаған туынды. Жазушы һәм қайраткер ретінде «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» деген тұжырымның мәнін ашу үшін әлемдік тілдердің мысалын зерделеу арқылы бодандықтан бостандыққа шыққан елдердің байырғы тілінің жағдайын сараптайды. Қазіргі қазақ тілін дамыту үшін тәуелсіздік жылдарында қаншама мәселе көтеріліп, бағдарламалар қабылданып, қыруар қаржы бөлініп, жұмыстар жүргізілгенімен, нәтиже бермей келе жатқанының себептерін ашады.

Еңбекте танымдық мәліметтер өте көп. Жазушы әңгіме етіп отырған тарихтың түрлі кезеңдеріндегі қоғам, заман, адам қатынастарындағы түрлі ғылыми салаларда еңбектер жазған ойшыл-ғалымдар мен зерттеушілердің ой-тұжырымдарын, зерттеу нәтижелерін, дерекдәйектерін молынан пайдаланған. Әлімдік даму барысындағы түрлі мемлекеттерде орын алған тарихи, қоғамдық-әлеуметтік, саяси процестердің нәтижелерін көрсететін тұжырымдар, статистикалық деректер жиі ұшырасып отырады. Мұның бәрі автордың тіл мәселесін жалаң алып көрсетпей, тарихи даму тұрғысынан, қоғам ддамуының заңдылықтары аясында қарастырғанын көреміз.

Тілдің адам өміріндегі маңызын асыра айту мүмкін емес. С.Г.Тер-Минасова «Тіл және мәдениетаралық коммуникация» атты еңбегінде тілдің тұлғаны қалыптастырудағы орны туралы былай деп жазады: «Тіл мен адам ажырамас бірлікте. Әлемде адамзаттан тыс тіл болмайтыны секілді, адам да тілсіз өмір сүре алмайды. Адамды тілсіз зерттеп білуге болмайтыны сияқты, тілді де адамсыз меңгеру мүмкін емес. Тіл адамның қоршаған ортасын, сол ортада қалыптасқан мәдениетті бейнелейді, мәдениетті сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден балаға жеткізеді. Тіл – таным құралы, адам оның көмегімен әлемді, мәдениетті танып, біледі. Сондай-ақ тіл – мәдениет құралы, ол адамды тұлға ретінде қалыптастырады, оның іс-әрекетін, өмір салтын, дүниетанымын, ұлттық мінезін, ділін, идеологиясын анықтайды. Тіл – айнымас қатал ұстаз, ол өзінде қалыптасқан идеяларды, пікірлерді, мәдени қабылдау модельдері мен іс-әрекеттерді таңудан талмайды», – деп жазады [11, б. 18]. Осындай коммуникациялық маңызды құрал болумен қатар, ұлттық жаны болып табылатын тіл туралы жазушының ой-тұжырымдары қашан да өзекті болмақ.

Қорыта айтқанда, Ә.Кекілбаевтың «Тіл және Тәуелсіздік» еңбегі – тіл дамуының заңдылықтары мен проблемаларын жинақтап көрсеткен, мемлекеттік тілімізді дамыту жолында атқарылар істерге әдіснамалық бағыт беретін іргелі еңбек деп айта аламыз.

Мақала ҚР ҒЖБМ грантымен қаржыландырылатын AP19678872 – «Әбіш Кекілбаев шығармашылығы қоғамдық сананың жаңғыруы контексінде» ғылыми жобасы аясында жазылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1]. Құрманбайұлы Ш. Толғаулы тіл. / Ш.Құрманбайұлы. – Астана, 2014. – 372 б.
[2]. Шоқай М. Таңдамалы. I том./ М.Шоқай. – Алматы. Қайнар, 1998. – 512 б.
[3]. Абдрахманов С. Абыз Әбіш. Әбіш Кекілбаевтың ойшылдығы туралы толғаныстар. / С.Абдырахманов. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 560 б.
[4]. Әбіш Кекілбаев. Энциклопедия. I том. Шығармашылығы. / Алматы: Арыс, 2018. – 800 б.
[5]. Байтұрсынов А. Ақ жол. / А.Байтұрсынов. – Алматы, 1991. – 208 б.
[6]. Кекілбаев Ә. Тіл және Тәуелсіздік // Кекілбаев Ә. Сыр десте. I том. Замана дидары. Көсемсөздер. / Ә.Кекілбаев. – Алматы: Нұрлы әлем, 2009. – 488 б.
[7]. Остраумов Н.К. Личные воспоминания. / Н.К.Остроумов. – Ташкент, 1891.
[8]. Бәкір Ә. Тіл тұғыры. / Ә.Бәкір. – Алматы, 2017. – 176 б.
[9]. Аймұхамбет Ж., Мырзахметов А., Әлімбаев А. / Ж.Аймұхамбет т.б.. Әдебиет теориясы. Оқулық. – Астана, 2023. – 304 б.
[10]. Мұқанов Ж. Жүз күндік жалғыздық. / Ж.Мұқанов. – Астана. Ақ Жайық, 2016. – 120 б.
[11]. Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. / С.Г.Минасова. – Алматы: «ҰАБ» ҚҚ. 2018. – 340 б.

REFERENCES

[1]. Қurmanbaiuly Sh. Tolgauly til. / Sh.Қurmanbaiuly. – Astana, 2014. – 372 b.
[2]. Shokai M. Tandamaly. I tom./ M.Shoқai. – Almaty. Қainar, 1998. – 512 b.
[3]. Abdrahmanov S. Abyz Abish. Abish Kekilbaevtyn oishyldygy turaly tolganystar. / S.Abdyrahmanov. – Nur-Sultan: Foliant, 2019. – 560 b.
[4]. Abish Kekilbaev. Jenciklopedija. I tom. Shygarmashylygy. / Almaty: Arys, 2018. – 800 b.
[5]. Baitursynov A. Ak zhol. / A.Baitursynov. – Almaty, 1991. – 208 b.
[6]. Kekilbaev A. Til zhәne Tauelsizdik // Kekilbaev A. Syr deste. I tom. Zamana didary. Kosemsozder. / A.Kekilbaev. – Almaty: Nurly alem, 2009. – 488 b.
[7]. Ostraumov N.K. Lichnye vospominanija. / N.K.Ostroumov. – Tashkent, 1891.
[8]. Bakir Ә. Til tugyry. / A.Bәkir. – Almaty, 2017. – 176 b.

[9]. Aimuhambet Zh., Myrzahmetov A., Alimbaev A. / Zh.Aimuhambet t.b. Adebiet teorijasy. Okulyk. – Astana, 2023. – 304 b.
[10]. Mukanov Zh. Zhuz kundik zhalgyzdyk. / Zh.Mukanov. – Astana. Ak Zhajyk, 2016. – 120 b.
[11]. Ter-Minasova S.G. Til zhane madenietaralyk kommunikacija. / S.G.Minasova. – Almaty: «UAB» KK. 2018. – 340 b.

Кабылов Адилет Дыбысович
Жайлауов Бактыбай Сарсенбаевич
Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова
г. Актау, Казахстан

РАЗМЫШЛЕНИЯ АБИША КЕКИЛБАЕВА О ЯЗЫКЕ

Аннотация. Литературно-творческое наследие выдающегося государственного и общественного деятеля, народного писателя Казахстана Абиша Кекильбаева охватывает широкий круг тем. Наряду с литературно-художественными произведениями различных жанров, писатель также внес вклад публицистическими, познавательно-исследовательскими трудами для духовного развития нашего народа. Его размышления об истории и языке, традициях, культуре и выдающихся личностях нашли отражение во многих его статьях, выступлениях. Он был непосредственным свидетелем обретения нашей страной независимости, участвовал в формировании ее законодательной основы, а также внес большой вклад в писательскую деятельность. Активно участвовал в приобретении казахским языком статуса государственного, написал много статей о проблемах его развития. Изучая предысторию развития общества и языка, предлагая уроки из истории борьбы за судьбу родного языка освобожденных от подданства народов, он высказал ценные мысли в направлении расширения сферы деятельности казахского языка, образования на родном языке. В многочисленных выступлениях писателя в период обретения независимости страны, в интервью и статьях как «Бережное использование родного языка и доведение до совершенства будущих поколений – дело чести», «Наш язык – главное достояние», «Думать о языке – значит думать обо всем», «Ядро национальной духовности – язык» и др он затрягивает проблемы родного языка. Труд писателя, глубоко затрагивающий проблему независимости и языка, представляет собой историко-познавательное исследование «Язык и независимость». Он был опубликован в виде статьи-эссе в нескольких выпусках газеты «Егемен Қазақстан» в 2006 году и вошел в одноименную книгу, изданную в 2007 году издательством «Ер-Даулет» в г. Астана. Это был труд, написанный очень своевременно и серьезно относящийся к сложному языковому вопросу в обществе, высказывающий ценные мысли, раскрывающий значение проблемы государственного языка. Этот труд, написанный после интервью тогдашнего главы государства по языку, раскрывает суть принципа «Будущее Казахстана – на казахском языке» и раскрывает значение языка в жизни общества, его место в построении национального государства и консолидации общества. В свете таких понятий, как община людей, общество, государство, колониальность и боданство, свобода и независимость, доказывают различными фактами значение развития языка для независимости. Статья посвящена раскрытию смысла этого труда.

Ключевые слова: язык, общество, история, независимость, колониаоьная политика, подданство, цивилизация, устойчивое развитие.

Kabylov Adilet
Zhailauov Baktybai
Caspian university of technology and engineering named after Sh. Yessenov
Aktau, Kazakhstan

ABISH KEKILBAYEV'S REFLECTIONS ON LANGUAGE

Annotation. The literary and creative heritage of the outstanding statesman and public figure, people's writer of Kazakhstan Abish Kekilbayev covers a wide range of topics. Along with literary and artistic works of various genres, the writer also contributed with journalistic, educational and research works for the spiritual development of our people. His reflections on history and language, traditions, culture and outstanding personalities are reflected in many of his articles and speeches. He was a direct witness of our country's independence, participated in the formation of its legislative framework, and also made a great contribution to writing. Actively participated in the acquisition of the Kazakh language status of the state language, wrote many articles about the problems of its development. Studying the prehistory of the development of society and language, offering lessons from the history of the struggle for the fate of the native language of the peoples freed from citizenship, he expressed valuable thoughts in the direction of expanding the scope of the Kazakh language, education in the native language. In numerous speeches of the writer during the independence of the country, in interviews and articles like "Careful use of the native language and perfection of future generations is a matter of honor", "Our language is the main asset", "Thinking about language means thinking about everything", "The core of national spirituality is language", etc. he it tightens the problems of the native language. The writer's work, which deeply touches on the problem of independence and language, is a historical and cognitive study "Language and independence". It was published in the form of an essay article in several issues of the newspaper "Egemen Kazakhstan" in 2006 and was included in the book of the same name published in 2007 by the publishing house "Er-Daulet" in Astana. It was a work written in a very timely manner and seriously related to a complex language issue in society, expressing valuable thoughts, revealing the significance of the problem of the state language. This work, written after an interview with the then head of state on language, reveals the essence of the principle "The future of Kazakhstan is in the Kazakh language" and reveals the importance of language in the life of society, its place in building a national state and consolidating society. In the light of such concepts as the community of people, society, the state, coloniality and citizenship, freedom and independence, prove by various facts the importance of language development for independence. The article is devoted to the disclosure of the meaning of this work.

Keywords: language, society, history, independence, colonial policy, citizenship, civilization, sustainable development.

ӘОЖ 808.1
ХҒТАР 16.01.07
DOI 10.56525/XQGP8503

«ҚЫРЫМНЫҢ ҚЫРЫҚ БАТЫРЫ» ЖЫРЛАР ЦИКЛІНДЕГІ ТАРИХИ ТОПОНИМДЕР

***НҰРДӘУЛЕТОВА Б.И.**
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан
E-mail: nurdauletova@mail.ru
METIN EKİCİ
Ege University
Izmir, Turkey
E-mail: mekiei@yuhoo.com
***Корреспондент авторы: nurdauletova@mail.ru**

Аңдатпа. Бағзы замандардан бері жалғасып келе жатқан ежелгі түркілік жыршылық дәстүрдің жалпы өркениеттанымдық және ұлттанымдық табиғатын айқындауда «Қырымның қырық батыры» жыр тізбегінің алатын орны, маңызы ерекше.

Жыр тізбегі Повольже, Солтүстік Кавказ, Батыс Сібір түркілері арасында, сондай-ақ, Қазақстанның, Қарақалпақстанның территориясында ауызша жырланып келген. Бірақ тұтас күйінде емес, жекеленген жырлары түрліше нұсқаларда сақталған. Қазақстанның өзге өңірлеріне қарағанда жыр тізбегінің барынша толық сақталған отаны – Маңғыстау өңірі. Себебі бұл аймақта «Қырымның қырық батырын» насихаттайтын арнайы жыршылық мектеп қалыптасқан, мектеп өкілдері арқылы жыр мәтіні ұстаздан шәкіртке ғасырлар бойы үзілмей жалғасып отырған.

Осы мақалада «Қырымның қырық батыры» жырлар цикліндегі топономастикалық атаулар, олардың Маңғыстау тарихына қатысы жөнінде зерттеу нәтижелері баяндалады. Жыр мәтініндегі топономастикалық атаулар жырдағы оқиғалардың нақты болған жерін көрсетеді және жырдың сюжетіне негіз болған тарихи оқиғалар туралы дерек береді.

Кілт сөздер. Қырымның қырық батыры, Мұрын жырау, эпикалық дастан, эпостану, топономастикалық атаулар, Серікбол Қондыбай, ноғайлы.

Кіріспе. «Қырымның қырық батыры» жырлар циклінің қыпшақ тілді түркілердің, соның ішінде қазақ халқының тарихы мен мәдениетінде қандай орын алатындығына талдау жасау үшін оның эпос ретіндегі ерекшелігін теориялық жақтан негіздеу қажет. Эпостану ғылымында эпосты тарихи тұрғыдан, жырдың поэтикалық-көркемдік мәселесімен байланысты, жанрлық қалыптасуы тұрғысынан, жалпы әдебиеттің, фольклордың қалыптасу тарихымен байланыстыра қарастыру бағытындағы зерттеулер орын алған. Соңғы кездегі зерттеулерде жырлар цикліндегі бас қаһармандардың тарихи прототиптерін іздеу мәселесі қатты қарқынмен өрістеп келе жатқаны байқалады [1]. Бұның өзі қазіргі кездегі ұлттық тарихты жаңаша зерделеуге деген рухани сұраныстың нәтижесі екендігі сөзсіз. Әрине, жырдың алғашқы идеясының поэтикалық қалыпқа түсе бастауын XIV ғасырмен байланыстырсақ, жыр мәтіндерінің алғаш қатталуы XIX ғасырдың аяғынан басталады, сонда бес ғасыр бойы ауызша жырланып келген жыр мәтінінің бағзы қалпының дәл сол күйінде бізге жетуі екіталай. Бірақ жыр нұсқаларының бір емес бірнеше халықтың фольклорында кездесуі, жыр сюжетикасындағы, поэтикалық тіліндегі, көркем персонаждар тізбегіндегі ұқсастықтардың сақталуы жырлар циклінің бойындағы ежелгілікті, тарихи тұтастықты танытса керек.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Жыр тіліндегі топономастикалық атаулардың өзі бір бөлек зерттеу нысаны болатындай маңызға ие. Бұл жөнінде академик Р.Бердібаевтің төмендегі пікірі өте маңызды: «Едігенің атына қатысты топонимикалық аңыздардың өзі үлкен топ. Бұл мәселе тақырыбымызға тікелей жанасты болмағандықтан, оларды тек еске салып өтумен ғана шектелеміз. Сібірде, Түмен тұсында Едігеге байланысты жер аты кездеседі. Орталық Қазақстанда Ұлытауда «Едіге тауы» деген биік тау да бар. Қаратаудың теріскей жағында аңыз қаһарманына бағышталған әңгіме көп қой. Осындағы көне Құмкент шаһарының маңын халық «Едігенің майлы жұрты» деп те атап кеткен. Бұл және басқа да мысалдар өте қызғылықты құбылыс, арнаулы зерттеуді керек ететін салдарлы тақырып... » [2, 29]

Жырлар цикліндегі топономастикалық атаулардың қазақ, татар, қарақалпақ, башқұрт нұсқаларында қайталанатын негізгі түрлері бар, сонымен қатар ұлттық нұсқаларының өзінде жекеленген орындаушылардан жазылған жыр мәтіндерінде кездесетін, жырдың қалыптасып, дамуындағы жергілікті сипатты танытатын, жыршы-жыраулардың өзі тұратын географиялық аймақтағы жер-су атауларын қосып жіберіп отыру дағдысынан туған атаулар да кездеседі.

Жыр циклінің барлық нұсқаларында кездесетін жер-су атауларын тарихи топонимдер деп атаймыз. Себебі жыр қаһармандарының тарихи прототиптері, олардың өмір сүрген кезеңдері, бастан кешкен тарихи оқиғаларының шындық өмірде болған жерлері деп есептейміз. Ондай топонимдерге жататын атаулар: Еділ (Идел), Жайық (Яйык), Нөгөш, Төйөлөс, Һакмер, Шихан, Нарыс, Үзәк, Эйек, Касмарт, Орал, Ойыл, Қыйыл, Қарғалы, Елек, Нұра, Құмкент, Дербент.

Татаршада:

Жаек белан Иделда,
Алтын Урда, Ак Урда,
Данлы Кыпчик жирендә,
Татардан туған Нугай илендә.

Башқұртшада:

Әле Идел, Нөгөштә,
Яйык, Эйек һыулаған,
Бөтө Урал буйлаған.

Қарақалпақшада:

Едил менен Жайықтан,
Бөктергили адырдан,
Нұраның қара құмынан,
Қарғалы, Елек бойынан,
Ноғайдың толы елінен,
Жоқ қыдырып келемин.

Татаршада:

Идел белан Жаектан,
Нократ белан Чулманнан,
Әзгәри суккан Болгардан,
Бөктәргеле Адырдан,
Нораның кара комынан,
Уел белан Кыелдан,
Халыгым кубыл килгәндә

Зерттеуші Ж.Асановтың көрсетуінше, бұл географиялық атаулар – «бұрынғы Алтын Ордаға, қазіргі түркі халықтарына тиесілі атақоныстар» [3, 283].

Жырлар циклiндегi ономастикалық атауларға тарихи-лингвистикалық, этнографиялық талдау жасаған С.Қондыбай еңбектерін ерекше атап өту қажет. «Қырымның қырық батыры» жырлар цикліне қатысты арғы-бергі еңбектердің қатарында зерттеудің С.Қондыбай негіздеген жаңа кешенді әдісі география, тарих, әдебиеттану (фольклортану, мифтану), философия, теология пәндеріне қатысты білім қорын бір ғана лингвистикалық кеңістікте топтастырып, жинақтап, жүйелеуге арналады.

Жалпы, бүгінге дейінгі зерттеулерде жырлар циклінің лингвистикалық сипаттамасы мәтіндегі жеке сөздердің мағынасын түсіндірумен (ол да толық тарихи-этимлогиялық талдау емес), топонимдік, антропонимдік, этнонимдік атаулардың тізбесін берумен ғана шектелген еді.

С.Қондыбай зерттеулерінде аталған жыр циклі тұңғыш рет лингвомәдениеттанымдық, ономотанымдық, мифотанымдық аяда қарастырылды.

«Біз, ең алдымен, «Қырымның қырық батыры» жырлар циклінің генезисін анықтайтын басты тіректі анықтадық, ол – жырлардағы қаһармандарының есімдік прототипі болған ноғайлы заманының тарихи тұлғаларының өміріне арқа сүйеу емес, жырлардағы ономастиконның (адам, ру, жер-су атауларының) тарихи-географиялық мәлімет бере алатын «эмпирикалық айғақ болу» мүмкіндіктеріне сүйену», – деп өзі көрсеткендей [4, 9], Серікбол дәстүрлі эпостанушылар тәрізді жырдың шығу тегі мен генезисін Едіге мен Тоқтамыстың тарихи өмірбаяндарының, Алтынорда, Ноғай Ордасы тарихының айналасынан емес, мәтіндегі сырт көзге елеусіз, жалпылама мәндегі «поэтикалық кеңістікті» құрайтын адам, жер-су атауларынан, ру, тайпа аттарынан іздейді. Атаулар мен жеке сөздердің этимологиясын сол сөздердің астарындағы халықтық таным мен мифологиялық түсініктерді саралау арқылы «қалыптасқан ғылыми шаблоннан» мүлде басқа, тың болжамдар жасайды [5].

Серікбол: «Жыршылар, әдетте, баяғы түпнұсқаның көркемдік деңгейін дамытуға тырысса да негізгі жер-су атауларына көбіне-көп мән бермейді, сондықтан жер-су аттарының көпшілігінің қайда екені ұмытылса да келесі ғасырларда сақтала береді», – дейді. Қазақша нұсқаларын айтпағанда, татар, ноғай, башқұрт, қарақалпақ нұсқаларында да қазіргі Маңғыстау, Үстірт, Атырау, Ақтөбе территориясын қамтитын «поэтикалық географияның сақталуы» жыр циклінің қазақылық тегін негіздей түседі.

Сондай-ақ, Серікболдың қолына түсе қоймаған жыр нұсқаларында қаншама тарихи, танымдық атаулар зертеушінің көңіл-көзінен таса қалғаны сөзсіз. Мысалы, «Орақ-Мамай» жырының «Қазан» нұсқасында кездесетін *Аламан, Жоламан, Мүлкаман, Қалқаман, Жөке, Бұғыда* атауларының бағзылық болмысында қандай да бір мифологиялық сыр жатқанын анықтау үшін Серікболдың зерек зердесі керек-ақ.

Зерттеу нәтижелері. Біздің талдаған мәтіндеріміз бойынша қазіргі кезде 141 топонмимкалық атау белгілі болып отыр. Бұл атауларды географиялық нысан түрлеріне қарай шартты түрде төмендегіше топтастырдық.

Жыр мәтіні бойынша қала атаулары.

Қазбан. Қарасай, Қази – қос батыр,
Қазбан деген қаланы,
Шулатып жесір алады [6, 12]
Жырдағы ноғайлының жауы қызылбастың қаласы.

Омски,
Томски,
Домски – Жырда Орақ пен Мамай шауып алып, бағындыратын орыстың қалалары.

Шығыстағы орысты
Салт атпенен жол жүріп,
Түрін байқап білейік.
Омыски мен Томыски
Жер шамасын шенейік. (Мамайдың Оракқа айтқаны) [6, 12]

Сарытау – жырда Орақ батыр мен хан Мамайдың салған қаласы деп айтылады. Қазіргі Саратов қаласы болса керек.

«Жалғыз қалды ашушақ
Мына Орақ ағаң-ай.
Сен барында, қарағым,
Үлгіріп еді қадам-ай,
Қалды иесіз үлгіртken
Мына Сарытау қалаң-ай!» (Орақ, Мамайдың шешесі Қараүлектің жоқтауы) [6, 12]

Азау – Орақ батыр шауып алатын қалмақтың қаласы.
«Жетем, – деп, - қашан Азауға»
Келатыр батыр шыдамай [6, 95].

Керманда. Смайыл Тобаяқтың айдап салуымен Едігенің Мұсасынан туған ұлдар бір-бірімен қырық пышақ болады, бір-бірінің ажалына себеп болады. Смайыл Тобаяқтың алдап соғуымен қапияда Орақ мерт болғаннан кейін, оның әйелі Қарасай мен Қазиді қастандықтан қорғап, төркін жұрты тұратын Керман деген қалаға жібереді.

Күтінбесем ертерек,
Біздің тұқым қала ма?
Енді талап бұл болсын,
Жіберейін балларды
Нағашысы Керманда. [6, 288]

Безерген – жырда Қалмақ ханының қамалы деп көрсетіледі.

Ол бекінген есігі
Безерген деген қамалда екен. [6, 102]

Жыр мәтіні бойынша дала атаулары.

Шаған – жырда ноғайлының отыз аулының негізгі ордадан бөлініп, қоныстап жүрген жері. Қазіргі кезде Ресейдің Орынбор облысының территориясымен өтетін Шаған өзені бар.

Шағанның сырты сары дала,
Қысы-жазы ығысқан
Мал семіртер бел еді.
Отыз ауыл ноғайлы
Осынау сары далада
Елден шеттеп жүр еді. [7, 191]

Қарақұм – Ноғайлыны жұттан сақтап қалған жер. «Орақ-Мамайдың» Нұртуған жырлаған нұсқасында мынадай эпизод бар: «Қасенде Бұғыда деген ноғай бар еді. Оның қасында Құс мұрынды деген қара шоқы бар еді. Орақ осы бойымен сол шоқының басына шығып ойлады: «Айқайлайын, айқайыммен тоғайдан аң қашар, құс ұшар, қашқан аңға итімді қосайын». Сөйтіп, Орақтың айқайынан «кереге бойы қар жауып, кере қарыс мұз жауады. Бір зымыстан қыс түседі...» қыстың аяғы жұтқа айналып, ел босып кетеді. Ноғайлының өзге халқы отырған мекенінен ауа көшіп, Қарақұмды жайлайды. Орақ пен Мамай намыстанып, көшпей қалады, малы тегіс қырылып, жұтқа ұшырайды. Қарақұмды жайлаған Мәтрешке ұлы Қарақұл аман қалып, бір малы екеу болып байиды, Орақ пен Мамайды кемсітіп сөз айтады.

Жырда: «Бұл қыста Қарақұмда қыстаған елдің тайы құлындап, тайлағы боталап, шыбышы лақтап, семіз, есен шықты» [7, 21], – деп сипатталады. Орта Азияда бірнеше ауқымды қарақұмдар бар. Түркіменстан жеріндегі Қарақұм, Қазақстанның Балқаш көлі мен Сасықкөл арасын алып жатқан Қарақұм, Іле өзенінің оң жағалауындағы құмды алқап та Қарақұм аталады. Сондай-ақ, Каспий теңізінің солтүстік шығысында орналасқан құмды алқап. Ол Атырау облысының Жылой және Маңғыстау облысының Бейнеу аудандары жерін қамтиды. Жырдың поэтикалық аймағына осы Қарақұм жақынырақ деп есептейміз.

Кіші борсақ (Кіші Борсықты болуы мүмкін) – жыр мәтінінде тамалардың (тама руының адамдары) Түркістаннан босып көшіп келіп, қоныстанған жері.

Қазіргі таңда Қызылорда облысының Арал және Ақтөбе облысының Шалқар аудандырының территориясындағы Кіші Борсықты деп аталатын құмды алқап бар.

«Онызшы күн дегенде,
Сонда жеткен секілді
Кіші Борсақ дегенге». [6, 195]

Сар соналы елі. Жырда дәруіштің мақтайтын жері. Нақты қай жер екендігі, кімнің жері екендігі айтылмайды. Жырда бір-ақ жерде кездеседі.

«Сар соналы елінің,
Әркімдер оны мақтаған» [6, 194]

Қырым – жырда ноғайлардың мекендеген жері. Кейде Қырым хандығы деген тіркеспен де қолданылады.

«Есітемін басында
Қырым деген ноғайдың
Бір патшалық құрған жері екен». [6, 194]

Тау, төбе атаулары.

Шұбартау – жырда жалпы поэтикалық сөз саптау үрдісінде қолданылады, нақты оқиға орны ретінде көрінбейді.

Шұбартауға шолқантып,
Шаншар күні болар ма,
Төрт қырлап соққан жебенің (Нұртуған нұсқасы, БС, 40. - 56 б)

Қиғаш тау – жырдағы тау аты. Орақ батырдың үш арманының бірі – Қиғаш тауға барып, қызылбастарды шауып, бағындыру. Сондай-ақ, Орақ өліп, Мамайдан бала болмай, Орақтан туған Қарасай мен Қази әлі қатарға қосылатындай жасқа жетпей тұрғанда, Мамайдың қартайып, күші қайтқанын біліп жаулардың (қызылбас, қалмақ, ындыс) ноғайлардың билерін қорқытып, келісімге шақыратын жері – Қиғаш тау. Қиғаш атауымен келетін Атырау облысында өзен және ауыл бар. Ресейдің Астрахан облысында Кигач (Қиғаш) теміржол станциясы бар. Жорық жыршысы Махамбет Өтемісұлының: «Еділ үшін егестік, Жайық үшін жандастық, Қиғаш үшін қырылдық», – деген жорық жырында Қиғаш өзені аталады.

Қиғаш тауға бара алмай,
Бағындырып ала алмай,
Дүниеден өтіп барамын. (Атаубай Мәмбетұлы нұсқасы, 40. -316)

Бұғыда – жырда кісі есімін білдіреді, бірақ осылай аталатын Маңғыстауда төбе бар. Жырда: «Қасенде Бұғыда деген ноғай бар еді. Оның қасында Құс мұрынды деген қара шоқы бар еді» [6, 21], деп берілген.

Су атаулары (көл, өзен, құдық)

Баян қопасы – Тоқтамыс ханның Нұрадиннен қашып, паналаған жері. Жырда: «Тоқтамыс сол қашқаннан Ертіс өтіп кетіпті, бір қопаға барып қорғалапты, жалаң аяқ екен, аяғын қамыс тіліп, қанап, сол қанның аққан ізімен бұлжытпай тауып өлтіріп, қопаның жағасына алып шығып көміпті. Бұл күнде ол қопаны «Баян қопасы» деп атаған...»

Сары өзен. Жырда қалмақ елінің жеріндегі өзен. Ноғайлыны шабуға келген Жасаралдың қолын Қарасай осы жерде кездестіреді

Сары өзендегі сол қалмақ,
Көк өзендегі көп қалмақ,
Қоймай хабар салады. (1903 ж Қазан нұсқасы, БС, 40-том, 18-б)

Маңғыстау жыраулық мектебінің ірі өкілі – қашаған жырау Күржіманұлының «Топан» дастанында: Ырғыз бенен Торғайдан, Қара өзен мен Сары өзен, Ішкі Орданың халқынан...»,п – деген жолдар бар. Қашаған жыраудың Ішкі Ордасы туралы мына мәліметті ұсынамыз: «Ішкі Қазақ Ордасы немесе Бөкей Ордасы – 1801 жылы Еділ мен Жайық аралығында құрылған тарихи мемлекет» [10]. Олай болса, Сары өзен Қазақстанның батыс бөлігіндегі жер (немесе өзен) атауы болып шығады.

Қараойдық - жырда қалмақ елінің жеріндегі көл атауы.

Ар жағы айдын кең екен,
Қараойдық деген көл екен. (46-т., Нұртуған, 198)

Жалпы саны 141 болатын жер-су атауларының ішінде қала атаулары – 10, су атаулары – 23, тау атаулары – 19, қалғандары жазық жер, ел (Қырым, Алтын Орда, Хиуа) атаулары.

Жырдың географиялық аймағына қатысты ғылыми болжамдар. Жырда кездесетін қала атауларына қатысты айтар болсақ, Әжітархан, Омски, Томски, Домски, Азау атаулары қазіргі Астрахан, Омск, Томск, Азау қалалары мен елді мекендерінің атымен сәйкес келеді.

Зерттеуші Әнес Сарайдың көрсетуінше, Алтын Орда империясының Еуразия жотасында 140 қаласы болып, оның 110-ның орны қазіргі қазба жұмыстары арқылы табылған [8]. Жыр мәтінінен біз белгілген 10 шақты қала атауының барлығы бірдей қазіргі қала атауларымен сәйкеспейтіні анық. Европа мен Азияның алғаш картасын жасаған араб және европа, орыс саяхатшылары екенін білеміз. Олай болса, қалалардың ноғайлы кезеңіндегі атауы сақталмай, арабша, ағылшынша, немісше немесе орысша бұрмалануы әбден мүмкін. Тіпті ондай қалалардың жер бетінен мүлде жойылып кетуі де ғажап емес. Сондықтан, біз қолымыздағы бар деректерге сүйеніп, «Қырымның қырық батыры» жырлар циклінде кездесетін топонимикалық атаулардың ғылыми түсіндірмесін жүйеледік.

«Қарасай-Қази» жырының Нұртуған нұсқасында Едігенің Мұса деген ұрпағынан туған Ысмайыл деген адам болады. Ол әкесі Мұсаны ренжіткені үшін, қарғысқа ұшырап, жер астына түсіп кетеді де, 7 жылдан соң жынның оқуын үйреніп, жер бетіне қайта шығады. Ағайын-туманың арасына іріткі салумен айналысады. Байлық пен билік үшін бауырларын аямайды. Ақыры ноғайлының батыры әрі биі Орақты алдап өлтіреді. Орақтың Қарасай, Қази деген екі баласы жастай жетім қалады. Орақтың дана әйелі Қарашаш Ысмайылдың жаулығанан сақтанып, екі баласын Керман деген жердегі нағашыларына оқып, тәрбие алуға жібереді. Ол жырда:

Күтінбесем ертерек,
Біздің тұқым қала ма?
Енді талап бұл болсын,
Жіберейін балларды
Нағашысы Керманда (7, 288), –

деген Қарашаштың сөздерінде кездеседі.

Осындағы Керман қаласы Прут-Днестрдегі Аккермен (қазіргі Белгород Днестровский) қаласымен сәйкеседі. Сондай-ақ, Жайық бойында екі бірдей Керман атауымен келетін қала болған. Олардың атауын В.Трепавлов Салуб-Керман, Суруна-Керман деп көрсетеді [9, 596]

«Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази» жырларында қызылбастың қаласы Дербент атауы жиі айтылады. Орақ батыр өлер алдында әйелі Қарашашқа орындалмаған үш арманы туралы айтады. «Менің балам екені рас болса, Қарасай мен Қази осы өсиетімді орындасын» дейді. Үш арманның біреуі – қызылбастың алдырмайтын қамалы – Дербент қаласы, соны шауып алсын дейді. Қаланы алуға Қарасай, Қази, хан Әділ жән қырымның қырық батыры барады. Батырлар бірнен соң бірі барып, шабуға бата алмай тұрғанда Қарасай, Қази, Әділ қамалға тайсалмай шабады. Әділдің аты орға жығылып, тұтқынға түседі. Қалған батырлар аман қайтады. 7 жыл өткен соң Қарасай, Қази қалаға қайта шауып, Әділді құтқарады, қаланы бағындырады. Жырда:

Қазған ордың ар жағы,
Айналасы айшылық
Көлденеңі күншілік
Он екі ханның елі екен.

Он екі ханның бастығы
Қараманның ұлы екен.
Дәрбент деген қаласы
Әр қаладан зор екен, – деп суреттеледі.

Осы Дербент қаласы Солтүстік Кавказдағы Дербент қаласы деп түсінеміз. Дербент атауының этимологиясына қатысты Олжас Сүлейменовтің «Азия» еңбегінде: «XIII ғасырда монғол шапқыншылығынан соң Можарстан жеріне қоныс аударған қыпшақтардың бір бөлігі бекініс-қалалар орнатқан-ды. Олардың аттары: Дебрь-кент», «Дебрь-кен», «Темер-кен», «Томор-кен», яғни «Темір қала»...

Сонымен қатар Кавказдың шығыс жағында Дербент қаласы бар. (Дебр-кент бұрмалана келе Дебрен – Дербент болды) – дейді. [11, 68]

«Қырымның қырық батыры» жырлар циклідегі бас қаһармандардың есімдері кейін географиялық атауларға айналған. Мысалы, Жезқазған облысында Едіге тауы бар. Баба Түкті Шашты Әзіз атауы Түркістанда және Маңғыстауда кездеседі. Сондай-ақ, Маңғыстауда Орақ, Мамай, Қараүлек, Қарашаш, Манашы, Күйкен есімдерімен аталатын жер, тау-төбе атаулары бар.

Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданының орталығы – Шетпеден оңтүстік шығысқа қарай 40 шақырымда Қарауылкүмбет биігі, оның қатарында Хан төрткүлі жатыр. *Қарауылкүмбет* қазақша *Қарауылкүмбез* болуы керек, *күмбет* парсының сөзі, «күмбез» дегенді білдіреді. Қаруылкүмбеттің үстінде, жергілікті ақсақалдардың айтуынша, ежелгі ноғайлыдан қалған қойылымдықтар бар. Қойылымдықтардың қатарында төбенің биіктеу тұсына салынған бүгінде бұзылған, бірақ аса көрнекі ғимараттың қасбетінде «...оғлы Әділ» деген араб графикасымен таңбаланған жазуды көрінеді. Осындағы Әділ есімін жырдағы бас қаһармандардың бірі қырымның ханы Әділ есімімен байланыстыруға болатын сияқты. Жырда Әділ Қарасай мен Қази сияқты батырларды бастап, жаудың қамалын алуға аттанады. Қаншама батырдың жүрегі дауаламай тұрған қамалға шауып, аты орға құлап, амалсыз қолға түседі.

Қарауылкүмбеттің қатарында Хантөрткүлі биігі тұр. Әділ ханның кеңес құратын Хан төрткүлі болуы мүмкін-ау деген ойға жетелейді. Жырда Әділді құтқару үшін оның шешесі мен қарындасы Қарасай, Қазиді іздеп тауып, хабар беретін адам іздейді. «Мамай ханның ордасын кім табады?» – дегенде, бір ақсақал мен табам деп шығады. Жырда бұл атау «Орақ пен Мамай бар заманда жеті жыл жылқысын баққан екен, Хан Төрткүл деген қалада» деп берілген.

Маңғыстау ауданының территориясындағы Жаңашаның тауы аталатын төбеге жалғас жатқан биік Баба түкті шашты Әзіз биігі деп аталады. Таудың жалпақтау жонында екі бейіт бар, оның бірі Баба Түкті бабамыздың жатқан жайы болса, екіншісі – оның қызы Шашты Әзіз анамыздың бейіті. Яғни жергілікті аңыз Баба Түкті мен Шашты Әзизді екі адам ретінде таниды.

«Қырымының қырық батыры» жырлар циклінің бас жырынан саналатын Едіге жырында Едігенің бабасы, бірде әкесі, енді бірде Едігенің әкесі Мәулімнияздың ұстазы Баба Түкті Шашты Әзиз деп көрсетіледі. Тарихи жазбаларда Баба Туклас деп хатталған қасиетті әулие Баба Түкті Шашты Әзиз туралы ғылыми деректер оны Орта Азия мен қазіргі Қазақстан жерінде мұсылман дінін таратушы ұлы ұстаз деп сипаттайды.

Баба Түкті Шашты Әзиз биігінен шығысқа қарай көлденеңнен Алаешкі тауы созылып жатыр. Тау үстінен төменге, еңіске қарай, жолдың сол жақ бетінде даланың қара бұжыр тастарынан қаланған ежелгі ноғайлының стиліндегі көп қорым бар. Көп қорымнан әріректе, шамамен 100 метрдей төменде үлкен қара мола жатыр. Бұл – жергілікті ақсақалдардың айтуы бойынша, Ноғайлының биі әрі батыры Орақтың бейіті деп түсіндіріледі.

Орақ – «Орақ – Мамай», «Қарасай-Қази» жырларының бас қаһарманының бірі. Едіге ұрпақтарының поэтикалық шежіресі бойынша Едігеден Нұрадын, Нұрадыннан Уақас, Уақастан Мұса би, Мұса биден Орақ пен Мамай туады. Ал тарихи деректерде Мамай Мұсаның бел баласы да, Орақ – Алшағырдан туған немересі деп көрсетіледі. Жырда:

Батыр Мамай, қанды Орақ,
Ер Мұсаның ұлы еді.
Баба Түкті Шашты Әзіз
Арғы атасы сол еді, –

деп сипатталады. Тарихи деректерде Орақ пен Мамай Ноғайлының басты биі мен батыры ретінде құжатталаған. Орақтың Ноғайлының басын құрап ел ету, жауларынан қорғау жолындағы аяусыз күресі жырдың өн бойынан көрініс тауып отырады. Ол сондай-ақ ноғайлының келесі бір атақты би мен мырзасы болған батыр Қарасай мен батыр Қазидің әкесі.

«Орақ-Мамайдың» Нұртуған жырлаған нұсқасында мынадай эпизод бар: «Қасенде Бұғыда деген ноғай бар еді. Оның қасында Құс мұрынды деген қара шоқы бар еді. Орақ осы бойымен сол шоқының басына шығып ойлады: «Айқайлайын, айқайыммен тоғайдан аң қашар, құс ұшар, қашқан аңға итімді қосайын». Сөйтіп, Орақтың айқайынан «кереге бойы қар жауып, кере қарыс мұз жауады. Бір зымыстан қыс түседі...»

Алешкі тауының күншығыс жақ бетінде мұнартып Бөрібас, Бағда таулары жатыр. Бағда тауының ежелгі атауы Боғда болып, кейіннен орысша хаттаумен Багда, Бағда болып кетуі де ғажап емес. Олай болса, бір кездегі Ноғайлыға қоныс болған өңірдің осы бір пұшпағында Орақ би мен Мамай билердің тарихи іздері сайрап жатпасына кім кепіл. Көнекөз қариялардан қалған әңгімелер Алаешкі тауының маңында Орақтың үңгірі болған деп те айтады...

Осы өңірде Мамай төрткүлі деген биіктік бар. Мамай төрткүлінің баурында Мамай қорғаны бар.

Жырлар циклінде Мамай ноғайлының биі әрі батыры ретінде суреттеледі. Кейде Мамайдың ер тұлғасына сүйсінген халқы оны «хан» деп атаудан да қашпайды. «Орақ-Мамай» жырында: «Бұрынғыдан көзі зорайып, қайтадан байтақ қылып, Мамай Мәскеуге хан болды. Хан болғанда, патшасы пенде болды, орыстардың ханы Мамайдың жазған бұйрығын көргенде отырып оқымай, құрмет етіп, тұра келіп, тұрып оқитын еді...» дейді. Ноғай Ордасының тарихын зерттеген ғалым Әнес Сарай өзінің «Ноғайлы» еңбегінде Мамайды «жау түсірген жеке батыр ғана емес, ел тыныштығы, ағайын татулығын қамдаған кемеңгерлігімен де көзге түскен тұлға еді» [8, 70], – деп сипаттайды.

Мамайтөрткүлдің үстінде ноғайлы жұртынан қалған ескі қорымдар бар. «Аң аулаған аңшы мен мал баққан малшылар Мамай төрткүлдің басына шығып, Мамай батырдың бейітін көрген екен...» деген ауызекі әңгімелер ел арасында айтылады. Мамай қорғаны жан-жағы шыңдармен қоршалған, аумағы атшаптырым ашықтық бағзы бір замандарда Мамай Ордасының күрендері орналасқан ескі жұртты көз алдымызға елестететіндей...

Ұлы тұлғаның асыл ғұмырының соңғы нүктесінің қойылуын Әнес Сарай былайша бейнелейді: «Алтын Орданың тақымынан сусып, тәуелсіздік алғалы тұрған Русь Куликово қырғынынан кейін тағы да 100 жыл бас көтере алмайтындай жағдайға тап болды. Осы істің басы-қасында болған Ер Мамай Кулиководан кейін іле-шала Қалқа майданында жеңіліс тауып, генуиялықтар иемденіп отырған Кафаға қашты. Бұрынғы одақтас серіктері құшақ жая қарсы алғанымен, артынша дүние-мүлкіне қызығып, өзін өлтіріп жібереді. Бұл қайғылы оқиға қырсықты 1380 жылдың соңында болды, айы, күні белгісіз...» [8, 70]

Жырдағы Мамай батыр 80-нен асқан шағында Ноғай Ордасында қалмақ, ындыс сияқты дінсіз жауларын жеңіп, Мәскеуді бағындырып, немерелері Қарасай мен Қазидің ерліктерін көріп, өміріне риза күйде көз жұмады. Енді бір нұсқасында жазықсыз қырым хандарын өлтіріп, ант бұзғаны үшін, антқа ұшырап, азаппен өледі. Халық жадында:

Қалды дейді хан Мамай,
Маңғыстаудың ойында,
Көлденең шыңның бойында...

деп келетін жыр оралымдары сақталған...

Қорытынды

«Қырымның қырық батыры» жырлар циклі Маңқыстау түбегі мен Арал маңында жырланғаны белгілі. Өкінішке орай, оның аралдық сыңарынан бізге аздаған жұрнақ қана жетті. Жалпы қаһармандық жырлардың танымдық және тәрбиелік мәні оның эстетикалық мәнінен бір де бір кем түспейді [12]. Ал шежірелік тұтастануға түскен жырлардың бұл қызметі жекелеген жырлардан әлдеқайда күшті болатыны анық. Мұнда ұрпақтар арасындағы сабақтастықты, дәстүрді қастерлеуге, ел бірлігін алдыңғы орынға қоюға баулитын бастаулар мол. Сондықтан шежірелік тұтастанған жырларға назар аударудың тек филологиялық қана емес, тарихи, саяси-әлеуметтік, мәдени маңызы да зор болмақ. Әсіресе, шежірелік тұтастанған жырлардың заттық айғағы ретінде көрсете алатын Мұрын жырау айтқан «Қырымның қырық батырын» зерттеп, ондағы аталмыш құндылықтарды айқындау арқылы оны бүгінгі таңдағы елдік мұраттарымызға да қолдана аламыз. Жас ұрпақты ерлікке, отансүйгіштікке тәрбиелеуде ол таптырмас құрал бола алады. Интернационалистік дамудың кедергісі сипатында бағалап, ұлттық мұраларды жоюды көздеген кеңестік саясаттың өзі бұл топтаманың осы қасиетін іштей мойындап, адамдар бойындағы осы қасиеттерді ояту мәселесі өз зәрулігін көрсеткен тұста, яғни Ұлы Отан соғысы кезінде, түрлі қиындықтарға қарамай, жазып алуға мүмкіндік берген еді. Әрине, оны жүзеге асырғандар ұлт жанашырлары болды.

Жалпы қазақ қаһармандық жырларының, әсіресе, «Қырымның қырық батыры» шоғырының тарихи шындықты сәулелендіруінің ұлт дүниетанымына тигізген ықпалы орасан зор. Сол себепті де оның ұлт ұйысуындағы орны сөз етуге әбден лайық.

Мақала ҚР ҒЖБМ грантымен қаржыландырылатын «АР19680234 «Маңғыстау топономастикалық ареалы: тарихи топонимия, топобейнелер және оларды интерпретациялау»» ғылыми жобасы аясында жазылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Nurdauletova B.I., Rezhepovish, B.S., Zhanat, S., Nurzhanova, A.S Mythopoeticisms in the epic poem maulimniyaz-edige | Mitopoeticismas en el poema épico maulimniyaz-edige «Opcion journal» Ano 36 Especial № 26, страницы 751-765, 2020; https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/31742
2. Бердібаев Р. Эпостанудың әдістемелік мәселелері/ Қазақ фольклорының тарихилығы.А.: Ғылым, 1993. – 328 б.
3. Асанов Ж. Едіге: аңыздар мен жырлар. Алматы: Орхон, 2008. – 308 б.
4. Қондыбай Серікбол Серікбол Қондыбай. Мұрын жырау мұралары. Алматы: Арыс, 2010. 380 б.
5. Серікбол Қондыбай зерттеулеріндегі "Қырымның қырық батыры" жырлар циклі Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы № 1/2023. – 102-112.
6. Бабалар сөзі. Жүз томдық. 46-том Редакциясын басқарған С.Қасқабасов М., Астана: Фолиант, 2008. -512
7. Бабалар сөзі. Жүз томдық. 40-том Редакциясын басқарған С.Қасқабасов М., Астана: Фолиант, 2006. -488
8. Әнес Сарай. Ноғайлы. Алматы: Арыс, 2009. -480
9. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2002.
10. Олжас Сүлейменов. Азия. Аударған С.Ақатаев. Алматы: Жазушы, 1992. – 295 б.
11. Nurdauletova B.I., Aimukhambet, Z., Saparbaikyzy, S., Kamarova, N., & Tolegenuly, B.

The effect of traditional and online learning approaches on the survival and transmission of the oral culture, students' attitude and national values. International Journal of Education in Mathematics, Science, and Technology (IJEMST), № 11 (1), P. 133-155, 2023

REFERENCES

1. Nurdauletova B.I., Rezhepovish, B.S., Zhanat, S., Nurzhanova, A.S Mythopoeticisms in the epic poem maulimniyaz-edige Mitopoeticismas en el poema épico maulimniyaz-edige «Opcion journal» Ano 36 Especial № 26, stranicy 751-765, 2020; https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/31742
2. Berdibaev R. E'postanudyң ədistemelik məseleleri/ Қazaқ fol'klorynyң tarixilyғy. A.: Ғylym, 1993. – 328 b. [In kazakh]
3. Asanov Zh. Edige: aңyzdar men zhyrlar. Almaty: Orxon, 2008. – 308 b. [In kazakh]
4. Қondybaj Serikbol Cerikbol Қondybaj. Mұryn zhyrau mұralary. Almaty: Arys, 2010. 380 b. [In kazakh]
5. Serikbol Қondybaj zertteulerindegi "Қyrymnyң қyryқ batyry" zhyrlar cikli Euraziya gumanitarlyқ institutynyң Xabarshysy № 1/2023. – 102-112. [In kazakh]
6. Babalar səzi. Zhүz tomdyқ. 46-tom Redakciyasyn basқarғan C.Қasқabasov M., Astana: Foliant, 2008. -512 [In kazakh]
7. Babalar səzi. Zhүz tomdyқ. 40-tom Redakciyasyn basқarғan S.Қasқabasov M., Astana: Foliant, 2006. -488 [In kazakh]
8. Ənes Saraj. Noғajly. Almaty: Arys, 2009. -480 [In kazakh]
9. Trepavlov V.V. Istoriya Nogajskoj Ordy. M.: Izdatel'skaya firma «Vostochnaya literatura» RAN, 2002. [In russian]
10. Olzhas Sүlejmenov. Aziya. Audarғan S.Aқataev. Almaty: Zhazushy, 1992. – 295 b. [In kazakh]
11. Nurdauletova B.I., Aimukhambet, Z., Saparbaikyzy, S., Kamarova, N., & Tolegenuly, B. The effect of traditional and online learning approaches on the survival and transmission of the oral culture, students' attitude and national values. International Journal of Education in Mathematics, Science, and Technology (IJEMST), № 11 (1), P. 133-155, 2023

Нурдаулетова Б. И.

Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова

г.Актау, Казахстан

Metin Ekici

Ege University, Izmir, Turkey

ЭТНО-КОГНИТИВНАЯ СИСТЕМА ЦИКЛА ЭПОСА «СОРОК БАТЫРОВ КРЫМА»

Аннотация. Особое значение в определении общекультурной и националистической природы древнетюркской традиции эпоса, продолжавшейся с древних времен, имеет цепочка эпосов «Сорок батыров Крыма».

Эпосы пели устно среди тюрков Поволжья, Северного Кавказа, Западной Сибири, а также на территории Казахстана, Каракалпакстана. Но не в целом, а в отдельных вариантах. Родина эпоса, которая наиболее полно сохранилась, чем в других регионах Казахстана, это – Мангистауский регион. Потому что в этом регионе сложилась специальная школа жырау, пропагандирующая «Сорок батыров Крыма», через представителей школы текст песни передавался от учителя к ученику на протяжении веков.

В данной статье излагаются топономастические названия из цикла эпоса «Сорок батыров Крыма», результаты исследования их отношения к истории Мангистау.

Топономастические названия в тексте эпоса указывают на фактическое место событий эпоса и дают данные об исторических событиях, которые легли в основу сюжета эпоса.

Ключевые слова: сорок батыров Крыма, жырау, эпическая поэма, эпосоведение, топономастические названия, Серикбол Кондыбай, ногайлы.

Nurdauletova B. I.
Caspian university of technology and engineering named after Sh. Yessenov
Aktau, Kazakhstan
Metin Ekici
Ege University, Izmir, Turkey

ETHNO-COGNITIVE SYSTEM OF THE EPIC CYCLE «THE FORTY BATYRS OF THE CRIMEA»

Annotation. Of particular importance in determining the general cultural and nationalistic nature of the ancient Turkic tradition of epic, which has continued since ancient times, is the chain of epics “Forty Batyrs of Crimea”.

The epics were sung orally among the Turks of the Volga region, the North Caucasus, Western Siberia, as well as in the territory of Kazakhstan and Karakalpakstan. But not in general, but in individual versions. The birthplace of the song, the Mangystau region, has been preserved more fully than in other regions of Kazakhstan. Because in this region a special song school has developed, promoting “Forty Batyrs of Crimea”; through representatives of the school, the text of the song has been passed on from teacher to student for centuries.

This article presents toponomastic names from the epic cycle “Forty Batyrs of Crimea”, the results of a study of their relationship to the history of Mangistau. Tomonomastic names in the text of the epic indicate the actual location of the events of the epic and provide data about the historical events that formed the basis of the plot of the epic.

Key words: forty batyrs of Crimea, zhyrau, epic poem, epic studies, toponomastic names, Serikbol Kondybai, Nogayls.

ӘОЖ 808.1
ХҒТАР 16.01.07
DOI 10.56525/QPOR5632

ҚАҢҒА БАБА – МАҢҒЫСТАУДЫҢ ЕРТЕ ТАРИХЫНЫҢ ЕСКЕРТКІШІ

***АРТЫҚБАЕВ Ж.О.**
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан
E-mail: socantropology@mail.ru
НҰРДӘУЛЕТОВА Б.И.
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан
E-mail: nurdauletova@mail.ru
***Автор корреспондент:** socantropology@mail.ru

Аңдатпа. Іс жүзінде жергілікті қазақтар Ой мен Қыр деп атайтын Маңғыстау мен Үстірт аумағындағы ескерткіштердің өзіндік сакралдық мәні бар. Олардың басым көпшілігі көне дәуірден жеткен үйіктер мен сынтастар, ортағасырлық некропольдар мен жерасты мешіттер, XV-XX ғасырларда осы аймақты мекендеген халықтардың сәулет ескерткіштері (құлпытас, қойтас, сағанатамдар және т.б.) болып келеді.

Маңғыстау өңірінің тас дәуіріндегі көне тарихын ортағасырлармен жалғап тұрған ескерткіштердің бірі – түбектің солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан Қаңға баба ескерткіші. Қаңға баба кешені мен осы атаудың этимологиясы бойынша зерттеулер бұл кешеннің қола дәуірінен (бұдан әрі ариан-тұрандық деген атауды қатар қолданамыз) бері белгілі екендігін көрсетеді. Біз Қаңға баба кешенін сипаттау арқылы Маңғыстау тарихының тұтас бір кезеңін, яғни қола дәуірі және одан кейінгі күрделі кезеңді қарастыруға болады деген пікірдеміз.

Осы мақалада Маңғыстау облысы Қаңға баба қорымындағы көне ескерткіштер, олардың сакралды сипаты, Қаңға атауының тарихи этимологиясы туралы сөз болады. Қаңға баба жерлеу кешеніндегі көне ескерткіштерді зерттеудің тарихи, этнографиялық, этногенездік мәніне ғылыми талдау жасалады.

Кілт сөздер: Қаңға баба, ариан, тұран, Авеста, оғыз, қыпшақ, адай, сакралды, сақ дәуірі.

Кіріспе. Қола дәуірінде қазақ жерін мекен еткен ариандық тайпаларадың басты рухани мұрасы «Авеста» мәтіндерінде аталатын «Қаңға» атауы дәл сол қалпында Маңғыстау жерінде кездесетіні бұл өлкені тарихи тұрғыдан феномен есебінде қабылдауға мүмкіндік береді. «Авеста» әфсаналарында Кангха ариандардан шығысқа қарай орналасқан ғажайыа бекініс- қорған (Авеста, Яшт V 54-58). Ол қорғанның иелері Тур (Тұран) әулетінен тарайтын Вэсактың (Байсақ ?) ұлдары. Оларды мәтінде «шыншыл, дұрыс жолда жүрушілер (орысша –праведный) деп атайды. Кангхада ешқашан ауру, қайғы, уайым деген жоқ, қайта оның тұрғындары мәңгі жас, өмірлік қуаты күшті. «Бундахишна» бойынша Кангханың сыртында ланы қорғап тұрған жеті түрлі қорған бар - оның бірі –алтын, бірі- күміс, бірі –мыс, бірі –қыш, білі –шыны, бірі –болат, бірі –шойын. Бұл Афасиябтың жер астынан салынған жеті ұстыны (колоннасы) бар сарайына ұқсас құрылыс [1].

Қаңға баба қорымы (жергілікті халық –қауымы деп те айтады) әкімшілік тұрғыдан Маңғыстау облысы Түпқараған ауданының аумағына кіреді. Бір жағы теңізге қараған, екі жағынан тақыр таулар қоршаған Қаңға сайында орналасқан кешен ерте кезеңге жататын бірнеше құрылыстың қираған орындары мен құландысы, XX ғасыр басындағы кезеңге қатысты мешіт т.б. ескерткіштерді қамтыған киелі нысан. Қаңға баба Ақтау қаласынан солтүстік-батысқа қарай 165 шақырымда орналасқан. Негізгі ескерткіштердің бәрі де батыстан-шығысқа қарай 15 км-ге созылып жатқан осы аттас сайдың аңғарында кездеседі. Қорымның жоғарғы жағында «Қаракөз» аталатын суы тұщы және жергілікті ел қасиетті деп есептейтін бұлақ бар. Бұлақ басында бір түп тұт ағашы өскен және ескі құрылыс орны көрінеді. Негізгі қорым осы бұлақтан бір шақырымдай төменде, үш жағынан да таулар тізбегі қоршаған шатқалда орналасқан. Қорымға таяу, оның оңтүстігіне қарай 100 қадамдай жерде күмбез бөлігі құлаған мешіттің іргелері сақталған. Қаңға қаласының қирандылары қорымнан жоғарырақ, тау жотасына жақын орналасқан [2].

Қорым ішінде әр түрлі тарихи кезеңнің құлпытастары, қойтастары мен бесік тастар аралас. Негізгі таңбалар ортағасырлық оғыз тайпаларының айырма белгісі ретінде қолданылған таңбаларымен сәйкеседі. Сонымен бірге қорымда Алтын Орда кезеңі, Қазақ хандығы дәуірінің белгілері мен аралас түркімен тайпаларына тән таңбалар мен эпитафиялық жазу үлгілері кездеседі. Қаңға баба қорымының қоршауына кіре берісте «Қаңға баба. XIII-XIV ғғ.» деген ақпараты бар тақтайша орнатылған.

Қаңға баба – біздің пікірімізше оғыздарға дейін де Маңғыстаудың сакралды орталықтарының бірі болғанын Қаңға есіміне «ата» емес «баба» сөзінің жалғауына қарап та аңғаруымызға болады. Бұл жерде өлкетанушылардың айтатын көп заман Қаңға жеріне ие болған басты кейіпкер «Әулие бала» туралы аңызға талдау жасау керек деп есептейміз. Ол аңыз бойынша Қаңға ойындағы Ақтас мешітіне бағзы уақытта жаулар шабуыл жасап, шәкірт балалар қырылған-мыс. Бұл қырғыннан бір бала ғана тірі қалып Үдектің басына дейін сағым болып жүгірген. Оғыз тайпасының көсемі бұл баланы «Әулиелі бала» деп атап әскерлеріне тимеуге бұйрық берген. Осы балаға жер жаннаты Қаңғаны сыйға тартқан екен-мыс. Бұл аңыз ортағасырлық оғыздардың өздеріне дейінгі мәдениетпен байланысты екеніне нұсқау деп түсінеміз.

Маңғыстауда әулиелер мен киелі орындар көп. Солардың бірталайы Қаңға өңірінде орналасқан. Соның бірі Қарағашты әулие қорымы сақтар дәуірінен қалған ескерткіштерге толы болса, Арықша, Қорып басындағы үйіктер мен обалар, Мереттің Қара тамы деп аталатын үйіктер біздің жыл санауымызға дейінгі бір мың жылдықтың көсемдерінің үстіне көтерілген. Жоғарыда сипатталған сакралды кеңістік нысандары Қаңға аталатын ескерткіштер кешенінің әуел баста отырықшы мекен болғанының дәлелі. Қазіргі «Ауызды бас», «Терең орпа», «Сауысқан», «Тамды» және Қаратау етектерінен табылып отырған бидай, тары, арпа өсірген егіс алқаптарының құралдары мен атыздар мысал бола алады..

Сауда жүргенінің басты дәлелінің бірі Қаңға баба қорымы жанындағы Керуен сарай қирандылары. Хорезм-Қажы Тархан арасындағы сауда жолы бертінгі заманға дейін теңізбен және құрылықпен жұмыс істеді де, ортағасырлардың соңына қарай негізгі Каспийді жағалаған құрылықтық жолдарға ауысты. Маңғыстаудан Дербентке шығатын Транскаспий теңіз жолы әлі де ғылыми түрде қарастыруды керек етеді.

Қажы Тарханнан келетін орыс тауарларын Маңғыстау арқылы Бұхара базарына жеткізу үшін саудагер татарлар қазақтармен келісім жасаған. Деректерде ондай керуендер жүздеген, кейде мыңдаған түйеден жасақталып, әрбір 5-6 түйенің бас жібін бір адам ұстағаны айтылады. XIX ғасыр деректеріне қарағанда Маңғыстаудан Бұхараға дейін баратын сауда керуені 25 күндік жол жүрген. Маңғыстау Ресей, Орта Азия, Ауғанстан елдерінің аралығында тоғыз жолдың торабында жатқандықтан бір жылдың ішінде мыңға тарта түйе керуені өткен. Сонымен бірге ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін түбектердің тұрғындары жыл сайын Бесқала, Хиуа аймағындағы қалаларға керуендер жіберіп, астық және қолөнер бұйымдарын алғызып отырған. Сонымен бірге Маңғыстау тұрғындары Көкжар, Орал сияқты солтүстіктегі ресейлік қоныстарға да кіре тартқан. Ерте заманнан бері бертіңге дейін жалғасқан кәсіптің бірі түрі Маңғыстаудың көптеген тұзды көлдерінен тұз қазып алып, оны түйемен Иран жеріне дейін тасып пайда табу. Маңғыстау мен Үстірттегі тастан қаланған креуен сарайлар, бағаналар мен омақалар жолаушыларға жол көрсетіп, құдықтардың жақында екенін меңзеген белгі. Осындай дамыған сауда жолының белгі-нышандары Қаңға аймағында көптеп кездеседі.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Тарихи-этнологиялық тұрғыдан Қанға баба өзінің атауы көрсетіп тұрғандай ерте тарихи дәуірдің ескерткіші болып табылады. «Қанға» атауы қазақ жерін біздің жыл санауымзға дейінгі екінші мыңжылдықта мекендеген ариан (арий) тайпаларының «Авеста» аталатын жазбаларында кездеседі. Қола дәуірі халқының этникалық және саяси тарихы жайында біз екі түрлі жазба ескерткішті ерекше атаймыз. Оның бірі жоғарыда айтылған «Авеста» деген атауға ие болған зороастризмнің (зәрдүш) қасиетті гимндері арқылы сақталған ариан (авест. *airya*, көне.парсы *ariya*, санскрит *ārya)* мұрасы болса, екіншісі тұран (авест. tūiriiānəm, пехл.парсы tūrān) халықтарының ең көне әфсаналарының жинағы «Оғыз наме» және «Оғыз қаған туралы жыр».

«Авестада» арийлердің арғы отаны деп кітапта «Арианам Вайджа», яғни Ариан кеңістігі, Еділден (Ранха) шығысқа қарай созылып жатқан азиялық ұлы дала аталады. Датья мен Ардви (Сырдария мен Әмудария) терең өзендерімен суарылып жатқан Арианам-Вайджа жері тек ариан отаны ғана болмаған. Мұнда олармен бәсекелес және туыс турлар (тұран) да мекендеген. Ариандардың қас дұшпандары – хьона (қиян, авест. х*’iiaona*; пехл. *xyōn/нyōn*) тайпаларының да Ариана Вайджаға қатысы бар. Қазақтың кең даласында бірдей құдайлар пантеонына табынатын, бір жерде туған, сол жерді отан деп аңсаған ариан, тұран, қиян арасында тайпааралық соғыстарының қым-қиғаш тарихы өрледі. Бірақ бұл үзік-үзік мәліметтер күрделі этнотарихи үрдістердің бейнесін толық ашып бере алмайды. Ұлан-ғайыр дала кеңістігінде, этностардың нығаюымен және гомогенденуімен жалғас, малшы тайпалардың аңшылар қауымдарын ассимиляциялау жүріп жатты. Әскери және шаруашылық қажеттілігі бойынша күрделі тайпалық одақтар қалыптасты.

Зерттеу нәтижелері. Көптеген деректер ариан, тұран, қиян ұлыстарыңың бірде бейбіт, бірде жаугершілік қарым-қатынаста болғанын дәлелдейді.. Ариан қауымдары бұл кезеңде қазақ даласының орталық белдігін жайлап және Түркістан аймағын қыстап отырды. «Авеста» гимндерінде ариан қауымдарының адам саны мол, малы көп еді деп суреттеледі: «Енді, міне, Жәмшид патшалығы үшін тоғыз жүзінші қыс та түсті. Сонда бұл жер ірілі-ұсақты малға, адамға, ит пен құсқа, қып-қызыл боп жанған отқа толып кетті. Ірілі-ұсақты мал мен адам өзіне орын таба алмады... Сонда Жәмшид қырға шықты, Күннің бағдарын байқады, өзінің алтын мүйізіне үрледі, қамшысын сермеді: «*Айналайын Спэнта-Армайти, менің малым мен адамым сыйсын, жазыл енді, қанатыңды жай”,– деп жалынды. Осылайша жерді бұрынғы көлемінің үштен үшіне дейін ұлғайтты, және осы жерде ірілі-ұсақты мал жайылым тапты, адам баласы өзінің тілегіне, еркіне сай өмір кешті. Жаратушы Ахура Мазда – Көк Тәңірімен бірге даңқты Арианам-Вайджа белінде (Арқа белі-Ж.А.), Барукаша көлі (Ақсақал Барбы көлі-Ж.А.) жағасында мәжіліс құрды. Тумысы бөлек мол табындардың иесі, адамзат баласының ең жақсы өкілдерімен бірге даңқты Арианам Вайджаға Жәмшид те келді. Сол жерде Ахура-Мазда Құдай былай деді: «О, қасиетті Жәмшид, мына жалған дүниеге қыс та келер, алдымен қардың қара бұлты Қаратауға жауар. Осы сұмдық жұттан малыңның үштен бірі ғана қалар, оның өзінде өзен жағасындағы қалың қамыс пен таудың ағашына паналап. О, Жәмшид, мына жалған дүниеде қойдың тұяғының ізін кездестіру ғажап қалдырар*» [3, 176-180].

«Авеста» мәтіндеріне қарасақ Ұлы далаға келген үлкен географиялық катострофа туралы айтылып тұр, яғни Ариан еліне жұт келді, оның үстіне Тұранмен тіл табыса алмады. Екі арада дау туды, бірінішісі- Орталық Қазақстанның кен орындарын бөлісе алмады, екіншісі – Алладан түскен төрт кітаптың бірі Зәбүрді Ариан қабылдап, Тұран қабылдамады. Осы ауыр жұт пен рухани кикілжің себебінен Ариан жұрты бір жағы Үндістан, бір жағы Иран қыратына, бір жағы Шығыс Түркістан аймақтарына көшті. Қола дәуірінің соңына қарай қазақ даласына Тұран елі иелік қылды. Осы өркениеттен сақ (саhа) қауымы өсіп шықты. Сақ мәселесін Қазақстан тарихына қатысы бар адам айналып өте алмайды. Мәселенің шешімі «Сақ» және «скиф» атауларында. Осы екі атауда да орыстық және советтік тарихнамадан келе жатқан қателік бар. Терминде қателік болған соң арғы жағы белгілі. Біз қазіргі жыл санауымызға, яғни Иса пайғамбар туғанға дейінгі бірінші мыңжылдықта Жетісу мен Түркістаннан Қаратеңіз бойына, Алтай тауларынан Хорезмге дейінгі территорияны «сақ» атауына ие болған көптеген тайпалар мекендеді деп жазамыз. Шын мәнінде ирандық жазбаларда «сақ» емес «саһа» (*saka, sakae*).

Б.э.б. VIII ғасырда Месопотамия өлкесіне Кап (Кавказ) таулары арқылы жаугершілікпен келген Ишпақай бастаған саһа (сақ)-скуздар шығыс деректерінде «ишгузай» және «ишкуз», ал ассириялық жазбаларда а*šgūzai* немесе *Išgūzai*. түрінде кездеседі. Көптеген зерттеушілер оларды ариан тілді деп есептейді, шын мәнінде бұл тақырып нақты зерттелді деуге болмайды. «Тарих атасы» Геродот (б.з.б. V ғ) оларды «скуз» (көне грек. Σκύθης, Σκύθαι, өздерінің атауы: *Skolotoi*) деп атайды. Біз орыс транскрипциясының жетегімен бұл сөзді әлі де «скиф» деп оқып жүрміз, мәселе көне грек әліпбиіндегі «ф» әрпінің қалай оқылатынына байланысты. Бұдан шығатын қорытынды біреу біздің сақ, немесе скиф (*scyth*, *скуз, ишгузай*) деп жүргендеріміз ішкі оғыздар. Егер біз «*қаң*» сөзі шөлейт дала деген мағына береді десек, онда дала тұрғындарының екінші атауы –қаңға//қаңлы, яғни дала адамы болып шығады [4, 75].

Міне, біз осылайша Қанға атауының түпкі нұсқасы қола дәуірінде қалыптасып, кейін сақ қауымдастығына тән болғанын, тек содан кейін ғана қаңлы, қаңғар, қаңғалас т.б. атауларымен тарих бетіне жеке шыққанын аңғарамыз. Бір қарағанда Қаңға баба дәуіріндегі сақ мәдениеті иран ықпалында болғаны сөзсіз, бірақ бұл ол ықпал сыртан келді дегенді білдірмейді. Жоғарыдағы тарауларда баяндалғандай қазақ даласында ариандық негіз бірнеше мыңжыл өмір сүріп, тек қола дәуірінің соңына қарай тұран тайпаларының ығыстыруымен азайды. Дегенмен екі халықтың арасындағы күрделі қарым-қатынастар барысында ортақ үлгілердің қалыптасқаны және саһа өнерінде көрініс тапқаны сөзсіз.

Қаңлылар, әуелден Сырдария мен Ертіс, Еділ арасындағы далалық өлкемен тығыз байланысты өмір сүрді «Авестада» Сыр бойына қатысты Канға (Канка) атауы кездессе, солтүстік аймақтарда қаңлының әр түрлі топтарын (қанжығалы, қанғалас), ал Маңқыстаудан Қаңға баба қорымын көреміз.

Маңғыстау Қаңға баба кешені туралы айтқанда қазіргі Өзбекстан мемлекеті аумағындағы Қаңға (Канка) қаласы туралы айтпай кетуге болмайды. Бұл қалашық Ташкент облысы Аққорған ауданы Елтамгалы ауылы тұсында, Ташкент қаласынан 70 шақырым оңтүстік-батысқа қарай Әнгрен өзенінің Сырдария құятын сағасына жақын орналасқан жалпы көлемі 500 гектар шамасында қала орыны қазіргі күні биік төбені көзге елестеді. Әнгренге жақын биіктігі 50 метрдей қаланың орда бөлігі (цитадель) орын тепкен. Қала үш қабат биік қорғанмен, терең ормен қоршалған. Бір қызығы қорғанның ең ескі бөлігі тым үлкен, яғни қала бертіңгі уақытта көлемін азайтқан. Орталық төбе басында ариандық дәуірден қалған төрт мұнара мен мәңгілік от жаққан ошақ орыны сақталған. Қаңға қаласынан табылған әр түрлі артефактілердің арасында терракотадан жаслаған қошқар бейнесі ерекше тұрады.

Жергілікті зерттеушілер Қаңға қаласын б.э.б III ғасырда Кандгиз мемлекетіне біріккен сақ тайпалары салды деген болжам айтады және оны қытай деректеріндегі қаңлының оңтүстік астанасы Битян деп есептейді. Қала археологтардың қазба жұмыстарына қарағанда б.з.б. III ғасырдан біздің заманымыздың XIII ғасырына дейін өмір сүрген. ∸ Шын мәнінде Қаңғадан табылған материалдық мәдениет үлгілері қаланың тарихы Қаңлы дәуірінен ертеректе басталатынын аңғартады. XX ғасырдың 30-ы жылдары осы өңірде зерттеу жұмыстарын атқарған М.Е.Массон Қаңға қаласының Авестада айтылатын Афрасиябтың «биік және қасиетті» астанасы болуы мүмкін екендігін айтқан болтанын [5, 115; 6, 106-110].

М.Е.Массоннан кейінгі зерттеушілер Қаңғаны тарихи уақытқа жақындатып Қаңлы (Кангюй) мемлекетімен байланыстырады. Олардың пікірінше Қаңлы мемлекетінің құрамындағы Шаш ұлысының астанасы осы қалада орналасқан [7, 26; 8, 36-37].

Орта ғасырларда Ибн Хаукалдің жазуы бойынша Ташкент маңында бірнеше қалашықтар болған, солардың бірі Бинекет болса, екіншісі Қаңғаға жақын Харашкент қалашығы [9, 106].

Грек-бактриялық кезеңде Қаңға қаласына қатысты «Яқсарт сыртындағы Антиохия» атауы қолданылады. Себебі Ескендір Зұлхарнайн империясы құлаған соң құрылған Грек-Бактрия патшасы Антиох өзінің қолбасшысы Демодемді Сырдың оң жағындағы сақтарға қарсы жұмсайды. Ол өз кезегінде Қаңға орнында Аполлон ғибадатханасы аталатын жаңа қаланы көтереді-мыс. Грек-бактрия патшалығына дейін-ақ бұл жерде отырықшы қоныстар болғаны белгілі.

Сыр бойы сақтарын үрейлендіру үшін селевкид билігі кезінде б.э.б. 293 жылы Демодемнің қалың қолмен Сырдарияның оң жақ бетіне шыққаны анық. Қаңға қаласы орнына Аполлон Құдайға белгі орнату сақтармен болған келісіміді айғақтаса керек.

Қорытынды. Қорыта келе, біз Маңғыстау түбегінің солтүстік-батыс жағындағы Қаңға баба қорымын қола дәуірінде ариан-тұран тайпалары Еуразияның далалық аймағын игеру барысында қалыптастырған киелі мекендердің бірі деп санаймыз. «Авестада» аталатын Қаңға бір жағынан Тәшкент маңындағы Қаңға қаласына қатысты болса, екіншіден Маңғыстау сияқты далалық аймақтағы берекелі қоныстарға да Қаңға баба аты берілген. Біз бұл жерде «Қаңға баба» белгілі бір тұлға емес, Қаңлы (Қаңға) қауымдарының персонофикацияланған атауы деп білеміз. Екіншіден, бұл киелі нысан сақ және ғұн дәуірлерінде де толыққанды жұмыс істеді және трансконтиненталды сауда жолындағы маңызды бекет функциясын атқарды деген пікірдеміз.

Маңғыстау өлкесіндегі Қаңға бабаға деген құрмет те белгілі дәрежеде өз тарихына, киелі нысандарға деген құрметпен астасады. Қаңға баба – Маңғыстаудың бірнеше мыңжылдық тарихына ортақ ескерткіш. Бұл феноменнің астарында қазақ халқының ауызша дәстүр арқылы шыңдалған тарихи жады тұр деп есептейміз.

Мақала ҚР ҒЖБМ грантымен қаржыландырылатын «AP19680234 «Маңғыстау топономастикалық ареалы: тарихи топонимия, топобейнелер және оларды интерпретациялау»» ғылыми жобасы аясында жазылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Авеста. Избранные гимны. Из Видевдата. Пер. с авестийского И.Стеблин – Каменский. М.,1993;
2. Мифологический словарь. Гл.ред. Е.М.Мелетинский. М.,1991, с.257
3. «Маңғыстаудың сакралды мәтіндерінің концептуалды кеңістігі». 2020 жылғы қараша желтоқсан айлары
4. Артықбаев Ж.О. Казахское историческое сказание о Толыбай сыншы, родоначальнике племени канжыгалы (канглы, хангаласов)//Сибирский сборник. Вып.3. Курган, 2015. с.4-15.
5. Массон М. Е. Загадочное городище Канка. Из результатов работ 29 отряда ТПЭ. // СОНАТ, Ташкент, 1934, №4, с.115 .
6. Массон М. Е. Ахангеран. Археолого-топографический очерк. Ташкент, 1953. С. 106-110
7. Филанович М. И. Ташкент. Зарождение и развитие города и городской культуры. Т., 1983, с.156.
8. Шаниязов Ш. К. Об исторической топонимике Ташкента. // ОНУ, №7, 1983. С. 36 37

9. Ю.Ф. Буряков Генезис и этапы развития городской культуры Ташкентского оазиса. Ташкент: «Фан», 1982. 212 с.

REFERENCES

1. Avesta. Izbrannye gimny. Iz Videvdata. Per. s avestijskogo I.Steblin –Kamenskij. M.,1993 [In russian]
2. Mifologicheskij slovar'. Gl.red. E.M.Meletinskij. M.,1991, s.257 [In russian]
3. «Maңғystaudyң sakraldy mətinderiniң konceptualdy keңistigi». 2020 zhylғy қarasha zheltoқsan ajlary [In kazakh]
4. Artyқbaev Zh.O. Kazaxskoe istoricheskoe skazanie o Tolybaj synshy, rodonachal'nike plemeni kanzhygaly (kangly, xangalasov)//Sibirskij sbornik. Vyp.3. Kurgan, 2015. s.4-15. [In russian]
5. Masson M. E. Zagadochnoe gorodishhe Kanka. Iz rezul'tatov rabot 29 otryada TPE'. // SONAT, Tashkent, 1934, №4, s.115 . [In russian]
6. Masson M. E. Axangeran. Arxeologo-topograficheskij ocherk. Tashkent, 1953. S. 106-110 [In russian]
7. Filanovich M. I. Tashkent. Zarozhdenie i razvitie goroda i gorodskoj kul'tury. T., 1983, s.156. [In russian]
8. Shaniyazov Sh. K. Ob istoricheskoj toponimike Tashkenta. // ONU, №7, 1983. S. 36-37 [In russian]
9. Yu.F. Buryakov Genezis i e'tapy razvitiya gorodskoj kul'tury Tashkentskogo oazisa. Tashkent: «Fan», 1982. 212 s. [In russian]

Артыкбаев Ж.
Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева
г.Астана, Казахстан
Нурдаулетова Б. И.
Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова
г.Актау, Казахстан

КАНГА БАБА-МАНГИСТАУ ПАМЯТНИК РАННЕЙ ИСТОРИИ

АРТЫКБАЕВ ЖАМБЫЛ ОМАРОВИЧ

Аннотация. На практике памятники Мангистауской и устюртской областей, которые местные казахи называют Ойм и Кыр, имеют свое сакральное значение. Подавляющее большинство из них-домики и сынтасы, сохранившиеся с древних времен, средневековые некрополи и подземные мечети, архитектурные памятники народов, населявших этот район в XV-XX веках (надгробия, Койтас, саганатамы и др.).

Одним из памятников, связывающих древнюю историю каменного века Мангистауского региона со Средневековьем, является памятник Канга баба, расположенный в северо – западной части полуострова. Исследования комплекса Канга баба и этимологии этого названия показывают, что этот комплекс известен еще со времен бронзового века (в дальнейшем мы будем использовать имя ариан-Туран). Мы считаем, что, описывая комплекс Канга баба, можно рассмотреть целый период истории Мангистау, то есть бронзовый век и последующий сложный период.

В данной статье речь пойдет о древних памятниках в некрополе Кангана баба Мангистауской области, их сакральном характере, исторической этимологии названия Кангана. Будет проведен научный анализ исторического, этнографического, этногенезного значения изучения древних памятников в погребальном комплексе Канга баба.

Ключевые слова: Канга баба, ариан, Туран, Авеста, Огуз, кыпчак, адай, сакральный, Сакский век.

Artykbayev Zh.
L. N. Gumilyov Eurasian National University
Astana, Kazakhstan
Nurdauletova B.
Caspian university of technology and engineering named after Sh. Yessenov
Aktau, Kazakhstan

KANG BABA-MANGYSTAU MONUMENT OF EARLY HISTORY

ARTYKBAYEV ZHAMBYL OMAROVICH

Annotation. In fact, the monuments on the territory of Mangystau and Ustyurt, which the local Kazakhs Call OI and kyr, have their own sacred meaning. The vast majority of them are houses and ruins from ancient times, medieval necropolises and underground mosques, architectural monuments of the peoples who inhabited this region in the XV-XX centuries (tombstones, koytas, saganatams, etc.).

One of the monuments connecting the ancient history of the Stone Age of the Mangystau region with the Middle Ages is the monument to Kang Baba, located in the northwestern part of the peninsula. Studies on the Kang Baba complex and the etymology of this name indicate that this complex has been known since the Bronze Age (hereinafter we use the name Arian-Turanian in parallel). We are of the opinion that by describing the Kang Baba complex, we can consider a whole period of the history of Mangystau, that is, the Bronze Age and the subsequent complex period.

In this article, we will talk about the ancient monuments of the Kang Baba necropolis of Mangystau region, their sacred character, historical etymology of the name Kang. A scientific analysis of the historical, ethnographic, ethnogenic significance of the study of ancient monuments in the burial complex of Kang Baba is carried out.

Key words: Kanga Baba, Arian, Turan, Avesta, Oguz, Kipchak, Adai, sacral, Saka Era.

ӘОЖ 808.1
ХҒТАР 16.01.07
DOI 10.56525/ZTGM3793

ТОПОНИМДЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ӘЛЕМДІК ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ӘДІСТЕРІ

РЫСБЕРГЕН Қ.Қ.
А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты
E-mail: kyzdarkhan13@gmail.com

Аңдатпа. Ономастикадағы, нақтырақ айтсақ, топонимикадағы бірнеше ғылыми бағыттың деректері мен әдіс-тәсілдерін қолдану зерттеуді жаңа сапалық деңгейге көтеріп, жаңаша ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Уақыт өте келе ономастика саласы өзіндік лингвистикалық әдістері қалыптасқан дербес пән ретінде орнықты. Ономастика пәнаралық, кешенді сипатына байланысты бастапқы кезде әлемдік лингвистиканың маргиналды, шеткерілеу саласы ретінде қабылданып келген болатын. Алайда XX ғ. 70-80 жылдары әлемдік, орыс, қазақ тіл білімінде ономастика саласы маргиналдық жағдайдан арылып, «үлкен, құрлықтық» лингвистиканың өзегіне қарай ойыса бастады. Себебі Кеңестік Одақ тұсындағы орыс және ұлттық ономастиканың эмпирикалық, ғылыми-теориялық базасы кеңейіп, толығып, жүйелік-өзіндік зерттеу әдіс-тәсілдері жетілген, толыққанды іргелі дербес лингвистикалық пән ретінде танылып қалыптасты.

Осы мақалада топонимдерді зерттеудің әлемдік әдіс-тәсілдері көрсетіліп, салыстырмалы талдау жасалады. Қазақ ономастикасындағы зерттеулердің дәстүрлі және заманауи технологияға негізделген түрлеріне сипаттама беріледі.

Кілт сөздер: ономастика, онтологиялық, топоним, Маңғыстау топонимдері, топоареал, топонимдік ақпарат, топонимдік код.

Кіріспе. Онтологиялық, системацентристік ономастиканы зерттеуде кешенділік қажет екендігіне ономаст ғлымдар ерте кезден-ақ назар аударған (А.В.Суперанская, Т. Жанұзақ, А.Әбдірахманов, Е.Керімбаев т.б.). Ономастика зерттеу пәнінің ерекшілігі ол лингвистикалық ғылым бола тұра, атауға ие болған нысандардың ерекше қасиеттері мен атау дәстүріне байланысты этнографиялық, тарихи, географиялық, әлеуметтік, әдебиеттану элементтерін қамтитындығынан көрінеді. Сондай-ақ ономастикалық зерттеулерде археология, рухани, материалдық мәдениет тарихы, биология, теология, философия, логика, психология т.б. салалардың деректері кеңінен қолданылып келеді. Ұлттық ономастика саласының кешенділік сипаты жөнінде проф. Т.Жанұзақ: «Ономастика – тілдің сөз байлығы, сөздік қормен, жалпы лексикасымен тығыз байланысты. Ол осымен қатар тарих, этнография, этнология, география және эстетика, әдебиеттану, философия, биология сияқты ғылымның белді салаларымен үнемі байланыс бірлікте. Бұл көрсетілген ғылымдармен бірлікте болғанымен, ономастика лингвистикалық пән болып есептеледі. Өйткені оның зерттейтін негізгі объектісі – сөз. Жалпы тіл білімі, оның бір саласы ономастика тек қоғамдық ғылымдармен жанасып қоймай, әдебиет, мәдениет, география, психология, геология, зоология ғылымдарымен де ұштасып, байланысып жатады», - дейді [1, 77 б.].

Өзге тіл білімі салаларына қарағанда топонимика саласының көпкешенді сипаты басымырақ деуге болады. Бұл жерде жаратылыстану ғылымының биология, зоология, физиология саласы, жер туралы ғылымдар, жалпы ғалам туралы ілім деректері кеңінен қолданыс табады.

Дәстүрлі ғылыми парадигмада топонимиканың негізінен тіл және география, тарих ғылымдарының тоғысуы нәтижесінде пайда болған кешенділік сипатқа ие бағыт екені о баста-ақ мойындалған. Ал қазіргі таңда топонимикалық зерттеулерде өзге пәндердің үлесі артып отыр және әрі қарай арта бермек. Топонимика қоғамдық, жаратылыстану бағыттарының әдіс-тәсілдеріне, деректік-ақпараттық базасына сүйенетін мынадай көптеген саланы қамтиды: лингвомәдениеттану, лингвогеография, этноботаника, лингвоэтноботаника, лингвоэтнозоология, лингвофольклористика, палеолингвистика, лингвофилософия, психолингвистика, компьютерлік лингвистика, лингвоэтнопсихология, нейролингвистика және т.б.

Пәнаралық және көппәндік (полидисциплинарный) ұғымдар толығымен зерттеу әдістемесіне жатады және бір ғана зерттеу процесі шеңберіндегі түрлі ғылыми пәндердің мүмкіндіктерінің басын біріктіреді. Көппәндік зерттеу мәні бірнеше пәннің қарапайым түрде қатар тұрып қолданылуында ғана емес, олардың әдіс-тәсілдерімен қатар деректерін де қажетінше пайдалану, зерттеу мақсатына қарай сол саланың базалық материалын пайдалану деп түсінеміз. Бірегей мәдени нысан, мысалы, топоним, жеке бөлшектерге таратылып, олардың әрқайсысы нақты бір ғылым саласы тұрғысынан түсіндіріледі. Мәселен,

- лингвистикалық тұрғыдан оның этимологиясы, лексикографиялық, сөзжасамдық, т.б. грамматикалық ерекшеліктері;
- ұлттық мәдениет фактісі ретінде мәдениеттану, этнология пәндері;
- тарихи кезең, дәуірлеуге, оқиғаға қатысты тарихи деректерге сүйенеді;
- ландшафттық, топографиялық ерекшеліктері геоморфология, картография, климатология т.б. салалар деректерін пайдаланады;
- психолингвистика тұрғысынан сөз тудырым, сөйлеу арқылы ойлау (речепорождающая, речемыслительная деятельность) үрдістер әрекеттері, топонимдік атаудың адам санасында репрезенттелуі т.б. ұғымдармен аталған пәндер тұрғысынан ғылыми дәйекке ие болады.

Тіптен физика, химиямен байланысы да бар, мысалы, судың ыстық, суық температуралық, сондай ақ тұщы, тұзды дәмдік қасиеттері бар, ми батпақтың әр алуан химиялық, физикалық құрамы жер - атауларының жасалуында басты уәж болып келеді. Бұл қатарды әрі қарай жалғастыруға болады.

Мұнда тек топонимика ғана өзге ғылымдар деректеріне сүйеніп қоймай, аталған салалар да топонимикадан, жалпы тілден өз керегін табатындығын байқауға болады.

Сөйтіп, пәнаралық зерттеу алдына айрықша күрделі мақсат қояды. Ол зерттеліп отырған нысанды бөлшектемей, тұтас, бірегей жүйелі кешен ретінде, оның жекелеген элементтерін бір-бірімен жүйелі байланыста қарастыруға келіп саяды. Мұндай түрлі ғылыми профильді салалардың кешендену үрдісін синтез деуге болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Ал тіл білімінде бірнеше парадигманың, бірнеше саланың тоғысуын қамтамасыз ететін когнитивистика екендігі мәлім. Қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистиканың қалыптасу, даму процесін арнайы зерделеген Э.Оразалиева қазақ лингвистикасындағы когнитивтік парадигманың даму тарихы ХХ ғасырдың ІІ жартысында басталған, ғылыми негізі сұрыпталған, өзіндік ұстанымдары мен ұғымдық бірліктері бір жүйеге түскен ілімдер қатарына жататындықтан, «тілтану» ұғымының қалыптасу негіздерін зерттеу, танымдық бағыттың өзектелуін объективті және субъективті алғышарттарға сүйене отырып талдау әрі маңызды да құнды тұжырымдамаларды лингвокогнитологиялық және лингвоконцептологиялық сараптамадан өткізу қажеттігі жаңа лингвистикалық ізденістерге жол ашуда деп көрсетеді [2, 4 б.].

Кез келген тілдік жүйе иманенттік жүйеқұраушы күйде болумен қатар антропоөзектік бағытта да дамиды. Бұл топонимдік жүйенің осы екі формадағы болмысы бірімен-бірі тұтасып, ажыратылмайды, яғни топонимдік жүйенің онтологиялық болмысы оның менталдық болмысымен бірлесе отырып дамиды, тілде, қоғамда қатар қызмет етеді. Бұл қағиданы қазіргі философиялық ұстанымдар да растайды. М. Хайдеггер болмыстың өзге аспектілермен қоса оның мәнін айқындау барысында мыналарды қарастырады: 1) бытие означает присутствие, а «через настоящее в смысле присутствия бытие определяется однообразно как прибытие сути и позволение присутствовать, т.е. раскрытое»; 2) бытие есть выразимое, т.е. мыслимое; 3) бытие определяется через присвоение [3, 91 б.]. Яғни М. Хайдеггер болмыстың мәнін қарастырған кезде қабылдаушы субъекті көзқарасының қажеттілігін нақты айқындайды: «Сущее в целом берется так, что оно только тогда становится сущим, когда поставлено представляющим и устанавливающим его человеком». Адамзатты қоршаған ғаламды (вселенная) абсолютті ғалам деп, ал біздің танымымыз бен қиялымыз жететін және танымымыздан тысқары орналасқан ғаламды гипотетикалық алыс ғаламдар деп қарауға болады.

Адам баласы ерте кезден өзін-өзі, қоршаған әлемді танып, бағамдап-бағдарлағалы бері оның таным аясына іліккен, енген универсумдік кеңістіктегі алғашқы бейберекеттілікті (хаосты) реттеп, категориялап, үйлесімділік (гармония), реттілік беруге ұмтылып отырған.

«Ғалам бейнесі» ұғымы адамның ерекшелігі мен оның болмыс-тіршілігінің, өмір сүруінің басты шарты – қоршаған әлеммен қарым-қатынасын білдіретін іргелі ұғымдарға жатады.

«Картина мира есть целостный глобальный образ мира, который является результатом всей духовной активности человека, а не какой-либо одной ее стороны. Картина мира как глобальный образ мира возникает у человека в ходе всех его контактов с миром» [4, 19-20 бб.].

Қазіргі кезеңде лингвистер түсінігінде ғалам бейнесі адам дүниетанымы негізінде жатқан, оны қолданушы түсінігіндегі ғаламның маңызды қасиеттерін репрезенттейтін және адамның бүкіл рухани белсенділігінің нәтижесі болып табылатын ғаламның бастау алатын глобальды бейнесі ретінде ұғынылады.

Ғалам бейнесі екі түрлі процедура нәтижесінде жасалады:

1) адам тіршілігінің, ең алдымен оның практикалық тіршілігінің негізінде жатқан ғалам бейнесінің экспликациялануы, сығымдалуы, заттануы, объективтенуі мен түйсінілуі және 2) жүйелі сипатқа ие арнайы рефлексия барысында жүзеге асатын жаңа ғалам бейнелерін туындатуы, жасауы [4, 24 б.].

Қазіргі ғылыми-теориялық парадигмада ғалам бейнесі негізгі үш сипатта түсініледі:

а) глобальды (аса ауқымды) ғалам бейнесі;

ә) таным құралы;

б) теориялық конструкт-модель.

Когнитивтік ғылым - білімдер мен таным туралы түсінік адамдардың сана елегінен өткізілген, сондай-ақ жүйелік ретке келтірілген, санамызда репрезенттелетін ақпараттар мен менталды когнитивтік процестердің негізін құрайтын дүниені қабылдау және заттық-танымдық тіршілігінің нәтижесі туралы ілім. Яғни когнитивтік ғылым-білімдерді репрезенттеу жүйесі және адамға әртүрлі арналардан келіп түсетін ақпаратты өңдеу туралы ғылым деп түсініледі.

Когнитивтік лингвистиканың және тілді зерттеудегі когнитивтік әдістің артықшылығын көптеген когнитологтар тіл мен адамның сан салалы көптеген қатынастары, санасы мен интеллектісі, ойлау, таным процестері негізінде жатқан құрылым және механизмдермен қатынастарды зерттеу барысында мол мүмкіндіктерге жол ашатындығын айтады.

Зерттеу нәтижелері. Іс жүзінде, ономастикалық лексикалардың сыр-сипатын, заңдылық ерекшеліктерін ашып, айқындауда түрлі тәсілдер мен әдістер қолданылып жүр. Атап айтқанда: тарихи-салыстырмалы немесе “Бопп-Шлейхер парадигмасы” (этимологияны анықтауда), семантикалық (атаулардың мағынасын анықтап, айқындау), логикалық, стилистикалық (көркем шығармалардағы кейіпкерлер есімдерін талдау) т.б.

Оның өзінде де ономастикада, оның тіл біліміндегі айрықша жағдайына байланысты, лингвистикадағы басқа тілдік категорияларға қатысты алуан түрлі тәсілдер қолданылмайды.

Этимологиялық тұрғыдан қарастырғанда ономастикондар көптеген ауыспалы мағынаға ие сөздерден, екі не одан да көп деривациялық сипаттан оқшау тұрады.

Ономастикадағы нағыз “мағына” апеллятивтердегі мағынадай (семантикасы басым атаулар мен мекеме, кітап аттары болмаса) болмайды.

Жалқы есімнің табиғаты туралы мәселенің ерекше (методологиялық) мәні бар. Бұл мәселе жалқы есімнің мағынасымен байланысты семантикалық аспектіні тікелей қамтиды.

Айталық, антропоним белгілі бір индивидті (жеке тұлға) ғана атап қоймай, ол жеке адам мен қоғамның арақатыс, байланысын анықтайды.

Зерттеушілердің кейбіреулерінің жалқы есім грамматикалық категория деп жүргендері де бар. Алайда, жалқы есімнің грамматикалық категория еместігі, керісінше, лексикалық категория екендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденіп отыр. Осы ретте жалқы есімдердің басқа лексикалық категорияларға қарағанда әдістемелік тұрғыдан көптеген айырмашылыққа ие екендігі байқалады. Осы айырмашылық оның синтаксистік құрылымында өзгеше көрінеді. Бұған дәлел: кез келген сөз тіркесі, тіпті көркем шығарма аттары жалқы есім бола алады. Әсіресе күрделі тіркес арқылы жасалған етістік топонимдер бұған толық дәлел. Етістікті сөйлем тіркесі мен тіркес етістік арқылы жасалған атаулардың сыр-сипаттары мен қолданылу заңдылығын тек ономастикалық теориялық зерттеулер негізінде ғана анықтауға болады. Қазіргі кезде жалқы есімдер теориясында синтаксистік құрылым өзінің әдістемелік жағынан маңызды бола тұрса да әлі күнге қолға алынбай, толық шешімін таппай отыр. Олай болса, жалқы есімдердің лексика-синтаксистік табиғатын зерттеу барысында да әдістеме мен тәсілдеменің айрықша рөл атқарары сөзсіз.

Бұл айтылғандар жалқы есімдерді лексикалық тұрғыдан зерттеудің әдістемесі қажет екендігін дәлелдейді. Онимдердің жеке, дара заттардың атаулары екендігін түсіну – есімдердің мағыналары жайлы, олардың әлеуметтік мәні мен қызмет аясының табиғаттарын анықтауға, бара-бара жалқы есімдердің синтаксистік теориясын логикалық әрі лингвистикалық аспектіде айқындауға барып тіреледі.

Ономастика қазақ тілі лексикасының ажырамас бөлігі болғандықтан оны ерекше лексикалық жүйе ретінде қарап, жалпы тіл біліміне тән методология мен әдістемені дерлік қолданамыз. Ономастикалық зерттеудің мынадай негізгі бағыттары бар: тіліміздегі ономастикалық жүйелердің дамуы мен қолданыс аясын зерттейтін теориялық ономастика; материалдарды филологиялық тұрғыдан алғаш рет сұрыптап, саралайтын сипаттамалы ономастика; атаулардың шығу, пайда болу жолын, олардың бір атаудан екінші атауға ауысуын, атаулардың белгілі бір тарихи дәуірлерге тәндігін зерттейтін тарихи ономастика; ономастикалық материалдардың күнделікті тұрмыста қолданылуы жайлы ұсыныс, нұсқау беретін қолданбалы (прикладная) ономастика; көркем әдебиет шығармаларындағы атауларды зерттеумен шұғылданатын поэтикалық ономастика. Бұл бағыттардың белгілі бір мақсаты, міндеті мен жол-жөні, әдістері болады.

Ономастикалық зерттеулердің бірнеше аспектілері бары да аян. Олар: лексикологиялық және лексикографиялық аспект, логикалық аспект, терминологиялық аспект, тарихи, географиялық, әдеби, мәдени (культурологиялық), психологиялық, социологиялық, типологиялық аспекттер.

Әрбір зерттеуші өзінің алдына қойған нақтылы міндеті, мақсатына қарай осы бағыттар мен аспектілерді негізге ала отырып, ғылыми зерттеулерін жүргізеді.

Ғасырлар бойы халық, қоғам өмірімен бірге, біте қайнасып келе жатқан халық ономастикасы – жекелеген адамдар емес, тұтас топ, ұжым боп зерттегенде де таусылмас ұшы-қиыры жоқ үлкен жұмыс. Сондықтан қазақ тілі ономастикасының қолға алынбай, әлі де зерттелмей жатқан категорияларын ұмыт қалдырмай, халқымыздың тарихы мен тілінің, сан ғасырлық мәдени байлығының қайнар көзі ретінде зерттей беруіміз абзал іс болмақ.

Ономастикалық зерттеу жұмыстарында қолданылатын тәсілдер мен әдістер алуан түрлі болады. Олардың қолдануы әрбір автордың жұмыс барысына, беталысына қарай нақты жағдайлармен байланысты болып отырады.

Әдіс-тәсілдер. А.В.Суперанская, Н.В.Подольская бұл әдістер мен тәсілдерді мынандай топтарға жіктейді: 1) ономастикалық материалдарды жинау, олардың нақты тілге қатыстығын айқындау; 2) текстологиялық тұрғыдан талдау; 3) ономастикалық материалдарды инвентаризациялау; 4) атауларды топтастырып жіктеу; 5) стратиграфиялық талдау; 6) дифференциялдық, генетикалық талдау; 7) есімдер мен олардың тұлғаларының реконструкциясы; 8) этимологиялық талдау; 9) сөзжасамдық тұрғыдағы талдау; 10) құрылымдық талдау; 11) форманттық талдау; 12) атау негізін талдау; 13) атаулардың нұсқаларын талдау; 14) ономастикалық ареалдарды айқындау; 15) ономастикалық картографиялау; 16) болжалды тексеру; 17) статистикалық талдау; 18) ономастикалық универсалияларды анықтау; 19) эксперименталдық зерттеу.

Ономастикалық бірліктердің семантикалық мәртебесі ертеректен-ақ еуропалық, ресейлік тілші мамандардың арасында қызу пікір-талас тудырған.

Бір жағынан, жалқы есімдерде мүлдем семантика жоқ деп үзілдікесілді пікір айтса, екінші жағынан, ономастикалық атаулар мейлінше семантикаға бай деген қарама-қайшы дәйек келтіріледі. Бұл туралы А.В.Суперанскаяның «Общая теория имени собственного» атты еңбегінде жан-жақты сөз болады. Оның сыртында қазақ ономастикасында да онимдік бірліктер семантикасы туралы ой-тұжырымдар Т.Жанұзақтың, Е.Керімбаевтың, Г.Мадиеваның,

Б.Тілеубердиевтің зерттеулерінде келтірілген, дегенмен оны айналып өтпей, қазақ топонимиялық кеңістігіндегі бүгінгі реалийилерді алға тарта отырып, бұл проблеманың «қоржынын» номинация тұрғысынан қысқаша ғана өз тұжырымымызбен толықтырып кетуді жөн көрдік.

А.А.Уфимцева лексикалық номинация проблемасын қарастыру барысында жалқы есімдер толық мағыналы лексикалық таңбалар қатарына жатқанымен, мағына жағынан да, қызмет ету саласы және аумағы жағынан да оларға мүлдем қарама-қарсы тұрады, сондай-ақ кез келген тілдің лексикасында маргиналды шеткері сипатқа ие деген ой айтады [6, 16 б.]. Ғалым ономастикалық атаулар семантикасы жөнінде әрі қарай мынадай кесімді пікір айтады: «По характеру знакового значения, по сфере функционирования и функции индивидуализации имена собственные можно назвать «лексически неполноценными, ущербными» [6, 16 б.]. А.А.Уфимцева Е.Куриловичтің нақты жалпы есімдердің зат есімдер арасындағы өзекті семантикалық категорияға: значить (signifier) және обозначать (designer) қасиеттеріне ие, олардың нақты семантикалық мазмұны бар және ақиқат нысаналарға сәйкесімді келеді деген ойына сүйене отырып, жалқы есімдер оларға қарама-қарсы екендігін былай дәлелдейді: «Имена собственные в противоположность нарицательным, ограничиваются одной функцией – обозначения, что позволяет им только различать, опознавать обозначаемые предметы лица, без указания на качественную, содержательную характеристику данного индивидуума или единичного предмета, факта» [7, I, 43 б.]. Ол номинациялық бірегейлендіру функциясы бар жалқы есімдердің семантикалық класын, шынында да, «толымсыз, жартыкеш құрылымдар» қатарына жатқызуға болады деп есептейді. Ғалым жалқы есімдердің басты кемшілігі ретінде олардың жалпылама ұғым білдіруге «қабілетсіздігі», тілдегі орны «таза» атауыштық деуге болады дейді де, жалқы есімдердің «дегенмен, мағыналық әлеуеті бар, бірақ «смысловой потенциал этих имен по сравнению с полнозначными знаками, имеющими денотативно-сигнификативный или сигнификативный тип значения, очень мал, тем не менее он есть» деп болар -болмас «шегініс» жасай отырып, ескертеді [7, I, 43 б.]. Белгілі ғалымның бұл үзілді-кесілді біржақты пікірінің барлығымен келісе беруге болмайды. Біріншіден, әртүрлі ономастикалық топтардың мазмұндық-семантикалық әлеуеті біркелкі емес, яғни бұл әрдайым ономастикалық-семантикалық құрылымдардың мәртебе проблемасымен байланысты. Бұл жерде біз жалқы есімдердің басты атауыштық қызметіне кейінірек тоқталамыз. Екіншіден, ғалым тек лексикалық семантикамен шектелген және жалқы есімдерді «жарымжан» семантикалық құрылымдар деп айдар тағады. Бұл жерде ғалым ономастикалық атаулардың мазмұнында лингвомәдени семантика, когнитивтік семантика бар екендігі жөнінде және ассоциативтік семантика әлеуетінің жоғары екендігін ескермейді. Белгілі теоретик ғалым Н.Д.Арутюнова жалқы есім семантикасы табиғаты жөнінде ұқсас пікір айтады: «В основе употребления конкретных имен лежит номинативная конвенция, а не конвенция семантическая, т.е. договор о значении» [8, 24 б.].

А.Суперанскаяның ономастикалық атаулардың мағынасы мен семантикасы жөніндегі пайымдауларынан ғылыми шығармашылық әлеуеті уақыт өте ғылымның дамуына байланысты анағұрлым кеңейе, байи түскендігін көруге болады: «Поскольку имя собственное во всей полноте своих характеристик представляет собой как ты точку соприкосновения лингвистического и экстралингвистического планов, значение его оказывается сложным комплексом, в котором сведения о слове переплетаются со сведениями об именуемом объекте» [9, 66].

Г.Мадиева жалқы есім семантикасының теориялық мәселелерін арнайы қарастырып, мағына, ұғым, референт т.б. терминдерді онимге қатысты қарастырады және осы проблема төңірегінде айтылып жүрген ой-пікірлерді топтастыра, салыстыра талдай келіп, жалқы есім семантикасы жөнінде төмендегідей қорытындыға келеді:

- ИС (имя собственное – Р.К.) – слово языка, обладающее двусторонней сущностью – планом выражения и планом содержания;
- значение – составляющей компонент семантики ИС;
- семантика ИС. неравнозначна семантике апеллятива, от которого образовано ИС,
- наличие или отсутствие апеллятивного значения ИС – это их интегральный признак;
- то или иное ономастическое значение выявляется и реализуется в реальном контексте;
- наличие экстралингвистического компонента в семантике ИС – универсальный признак [10, 114б.].

«Жалқы есімдердің мағынаға ие деген пікіріне және оны түсетін онимдік атаулар қатарында мағынаға мейлінше бай тобы – ол прецеденттік атаулар екендігін Г.Мадиева баса айтады, ғалымның бұл екі пікіріне толығымен қосыламыз: «В подтверждение этого положения можно привести многочисленные примеры ИС, являющихся символами национальной культуры, в их числе прецедентные имена. (..) Прецедентное имя находится на вершине понятийности ИС» [11, 105 б.].

Бұл мәселеге қатысты ономаст О.Т.Молчанова: «Основной и принципиальной вопрос ономастики – понятийны ли имена «..» может быть интерпретирован следующим образом: если принять постулат о формальном понятии, то, безусловно, да, хотя понятийность ИС предельна и варьирует в зависимости от разряда имен, сохранения или утраты семантической структуры, наличия ГН и.т.д.», - деген түсінік береді [12, 63 б.]. Яғни жалқы атаудың ұғымдық әлеуеті оның қай ономастикалық топқа жататындығы, семантикалық құрылымның сақталу деңгейі т.б. факторларға байланысты болып келетіндігіне көз жеткізуге болады.

Қорытынды. Жалқы атаудың мағыналық критерийі нақты атаудың сипатына қарай топқа жататындығында, яғни ЖЕ мағынасы семантикасы сөз болғанда таңдамалы принцип (дифференцированный) болуы қажет деп есептейміз. Бұл жерде айтпағымыз, Талдыбұлақ сынды топонимнің семантикасы халық тарихында, оның когнитивтік базасында орын алған прецеденттік оқиға, жағдайға байланысты болмаса, мағыналық әлеуеті жағынан қазақ халқының танымындағы ерекше орынға ие, кеңінен танымал Алматы, Жетісу, Отырар, Жайық сынды атаулармен бір қатарға қоюға болмас. Сол сияқты мына жігіттің аты Серік сынды хабарламадағы Серік есімі денотаты туралы, оның қасиеті туралы ешбір қосымша дерек бере алмайды. Немесе «Айналайын» сүті, «Апатай» шайы, «Рахат» кондитерлік өнімі сынды онимдердің сигнификаты нөлге тең, яғни ешбір тілдік немесе тілден тыс, мысалы, өнімнің қасиеті, ерекшілігі туралы дерек бере алмайды, оған тілдік таңбаның қатысы жоқ. Бұл, шындығында, тауарлық атау ретінде тек нысананың топтамалық сипаттағы өнім екендігін (серийный продукт) танытатын, (идентификационный) айырымдық белгі қызметін атқарып тұр. Ал номинация актісі негізінде айналайын, рахат тілдік бірліктермен уәжделуі кездейсоқтық деп есептейміз, себебі олардың орнына тілдік қордағы кез келген сөзді алуға болар еді. Ал Абай Құнанбаев, Шәкәрім, Шыңғыс хан сынды прецеденттік атаулар күрделі концептілік құрылым түрінде, оның семантикалық өрісінде, ауқымды аялық, энциклопедиялық білімдер сол денотат, атау нысаны туралы күрделі ономастикалық білімдер жүйесін құрылымдайды.

Өз кезегінде ондай онимдік атаулар мағынасы тілдік, тарихи, мәдени, әлеуметтік факторлар арқасында трансмутацияға ұшырап, атаудың ұғымдық әлеуетін күшейте түседі.

Жалқы онимдік есімдердің, оның ішінде жер-су атауларының мағынасы, оның тілдік семантикасымен шектелмейтіндігі белгілі. Жаңа антропоөзектік парадигмада номинация актісін когнитивтік, психолингвистикалық, биолингвистикалық, тіптен нейрофизиологиялық аспектіде қарастыру ономастика саласы үшін тың да қызықты теориялық проблема болып отыр.

Мақала ҚР ҒЖБМ грантымен қаржыландырылатын «AP19680234 «Маңғыстау топономастикалық ареалы: тарихи топонимия, топобейнелер және оларды интерпретациялау»» ғылыми жобасы аясында жазылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы – Астана: «ІС–Сервис» ЖШС, 2006. – Т. 1. – 400 б.
2. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: «Ан Арыс», 2007. – 312 б.
3. Хайдеггер М. Основы феноменологии. – СПб., 2001. – 442 с.
4. Роль человеческого фактора в языке. Язык и картина мира. – М.: Наука, 1988. – 216 с.
5. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу. – Астана: Фолиант, 2008. – 728 б.
6. Уфимцева А.А. Лексическая номинация (первичная нейтральная) // Языковая номинация. Виды наименований. – М.: Наука, 1977. – С. 10– 43.
7. Языковая номинация. Общие вопросы. – М.: Наука., 1977. Т.1. – 359 с.
8. Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – М.: Языки русской культуры, 1999. – 896 с.
9. Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Изд–во «Советская энциклопедия», 1990. – 612 с.
10. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987. – 261 с.
11. Мадиева Г.Б. Имя собственное в контексте познания. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 190 с.
12. Молчанова О.Т. Структурные типы тюркских топонимов Горного Алтая. – Саратов, 1982. – 272 с.

REFERENCES

1. Zhanұzaқ T. Қazaқ onomastikasy – Astana: «IS–Servis» ZhShS, 2006. – T. 1. – 400 b.
2. Orazalieva Je. Kognitivtik lingvistika: қalyptasuy men damuy. – Almaty: «An Arys», 2007. – 312 b.
3. Hajdegger M. Osnovy fenomenologii. – SPb., 2001. – 442 s.
4. Rol' chelovecheskogo faktora v jazyke. Jazyk i kartina mira. – M.: Nauka, 1988. – 216 s.
5. Sejdimbek A. Қazaқtyң auyzsha tarihy: Zertteu. – Astana: Foliant, 2008. – 728 b.
6. Ufimceva A.A. Leksicheskaja nominacija (pervichnaja nejtral'naja) // Jazykovaja nominacija. Vidy naimenovanij. – M.: Nauka, 1977. – S. 10– 43.
7. Jazykovaja nominacija. Obshhie voprosy. – M.: Nauka., 1977. T.1. – 359 s.
8. Arutjunova N.D. Jazyk i mir cheloveka. – M.: Jazyki russkoj kul'tury, 1999. – 896 s.

9. Lingvisticheskij jenciklopedicheskij slovar'. – M.: Izd–vo «Sovetskaja jenciklopedija», 1990. – 612 s.
10. Karaulov Ju.N. Russkij jazyk i jazykovaja lichnost'. – M.: Nauka, 1987. – 261 s.
11. Madieva G.B. Imja sobstvennoe v kontekste poznanija. – Almaty: Қazaқ universiteti, 2004. – 190 s.
12. Molchanova O.T. Strukturnye tipy tjurkskih toponimov Gornogo Altaja. – Saratov, 1982. – 272 s.

Рысберген Кыздархан Курмашкызы
Институт языкознания имени А. Байтурсынулы

МЕТОДЫ ИЗУЧЕНИЯ ТОПОНИМОВ В МИРОВОМ ЯЗЫКОЗНАНИИ

Аннотация. Использование данных и методов нескольких научных направлений в ономастике, конкретнее, в топонимике, позволяет поднять исследования на новый качественный уровень и добиться новых научных результатов. Со временем ономастика утвердилась как самостоятельная дисциплина со своими лингвистическими методами. Из-за своей междисциплинарной и сложной природы ономастика изначально рассматривалась как маргинальная область мировой лингвистики. Однако в 20 веке В 1970-е и 1980-е годы область ономастики избавилась от своего маргинального положения в мировом, русском и казахском языкознании и стала двигаться в сторону ядра «большого, континентального» языкознания. Это связано с тем, что эмпирическая, научно-теоретическая база русской и национальной ономастики в годы Советского Союза расширилась и стала более полной, методы систематического самоисследования стали зрелыми, и она была признана полноценной фундаментальной самостоятельной лингвистической дисциплиной.

В данной статье представлены мировые методы изучения топонимов и проведен сравнительный анализ. Описаны традиционные и современные технологические виды исследований в казахской ономастике.

Ключевые слова: ономастика, онтология, топоним, топонимы Мангистау, топоареал, топонимическая информация, топонимический код.

Rysbergen Kyzdarhan Kurmashkyzy
Institute of Linguistics named after A. Baitursynuly

METHODS FOR STUDYING TOPONYMS IN WORLD LINGUISTICS

Annotation. The use of data and methods from several scientific directions in onomastics, more specifically, in toponymy, allows us to raise research to a new qualitative level and achieve new scientific results. Over time, onomastics established itself as an independent discipline with its own linguistic methods. Due to its interdisciplinary and complex nature, onomastics was initially considered a marginal field of world linguistics. However, in the 20th century, in the 1970s and 1980s, the field of onomastics got rid of its marginal position in world, Russian and Kazakh linguistics and began to move towards the core of “large, continental” linguistics. This is due to the fact that the empirical, scientific and theoretical base of Russian and national onomastics during the years of the Soviet Union expanded and became more complete, the methods of systematic self-research became mature, and it was recognized as a full-fledged fundamental independent linguistic discipline.

This article presents global methods for studying toponyms and conducts a comparative analysis. Traditional and modern technological types of research in Kazakh onomastics are described.

Key words: onomastics, ontology, toponym, toponyms of Mangistau, topoarea, toponymic information, toponymic code.

ҒТАМР 14.15.01
DOI 10.56525/JOBO4719

БОЛАШАҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ

ТӨРЕХАН Е., СЕЙДАЛИЕВА Г.О.
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті,
Алматы қ,Қазақстан
E-mail: rembing90@bk.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін дамытуға әсер ететін негізгі факторлар туралы мәселе көтеріледі. Авторлар цифрлық құзыреттілік осы пән мұғалімдерінің кәсіби дайындығында маңызды рөл атқаратынын атап көрсетеді. Ағылшын тілі ең көп таралған және сұранысқа ие шет тілдерінің бірі болғандықтан, оқытушылар өз оқушыларында қарым-қатынас және мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамытудың бірегей мүмкіндігіне ие. Дегенмен, цифрлық орта мен онлайн коммуникациялардың рөлінің артуымен ағылшын тілі мұғалімінің қызметі де өзгереді.

Білім беру процесінің тұтастығын және оның цифрлық дәуірге сәтті бейімделуін қамтамасыз ету үшін болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттіліктерін мақсатты дамытуға ықпал ететін электрондық білім беру ресурсын құру қажет болады. Мақалада цифрлық технологияларды қолдану тілді оқыту сапасы мен білім беру процесінің тиімділігін қалай арттыра алатынына назар аударылады. Зерттеу барысында студенттерді заманауи цифрлық қоғамға сәтті дайындау үшін ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін дамыту қажеттілігі туралы қорытынды жасалады. Бұл өз кезегінде студенттердің тілдік дағдыларын тиімді меңгеруін қамтамасыз етеді. Осылайша, мақала болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығын терең талдауды ұсынады және қазіргі білім беру контекстінде осы мақсатқа жету әдістерін ұсынады.

Кілт сөздер: цифрлық құзыреттілік, ағылшын тілі, білім беру, электронды ресурс, цифрландыру.

Кіріспе. Қазіргі әлемде цифрлық революция біздің өміріміздің барлық салаларына айтарлықтай өзгерістер әкелсе де білім осы тұрғыда шетте қалып жатқан жоқ. Бұл тұрғыда цифрлық құзыреттілік білім беру мекемелерінде дамыту және нығайтуды кажетттілік негізгі дағдылардың біріне айналды. Бұл дағды оқытушылар мен студенттерге білім беру процестерінде заманауи технологияларды тиімді пайдалануға және болашақ ұрпақты цифрлық дайындауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда студенттер интернет, әлеуметтік желілер, онлайн-ресурстар және мессенджерлер арқылы ағылшын тілімен белсенді қарым-қатынас жасайды. Мұғалімдер үшін студенттерге грамматика мен лексика негіздерін үйрету ғана емес, сонымен қатар олардың цифрлық сауаттылығын дамыту маңызды, осылайша олар онлайн ортада ағылшын тілін тиімді қолдана алады, сонымен қатар интернеттен тапқан ақпаратты сыни тұрғыдан бағалай алады [1].

Ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігі оларға оқытудың инновациялық әдістерін енгізуге, әртүрлі білім беру қосымшалары мен ресурстарын пайдалануға, сондай-ақ онлайн сабақтар мен қашықтықтан оқытуға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе қазіргі жағдайда, оқыту пандемия немесе технологияның үздіксіз дамуы сияқты сыртқы факторларға ұшырауы мүмкін.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің дидактикалық тиімділігі көбінесе олардың цифрлық құзыреттілігіне және үнемі өзгеріп отыратын оқу жағдайларына сәтті бейімделу қабілетіне байланысты. Студенттердің цифрлық білім беру ортасында жұмыс істеуге дайын болмауы туралы алаңдаушылық барған сайын өзекті бола түсуде. Осы тұрғыда жаңа дәуірге арналған цифрлық технология курсының мазмұнын қайта анықтау бағдарламалық жасақтаманы пайдалану, ақпаратты желіде іздеу және оның сапасын бағалау сияқты функционалдық дағдыларды үйретумен шектелмейді.

Курстың жаңа мазмұны студенттердің желілік қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өзара әрекетін көрсететін кең ауқымды интеллектуалдық дағдыларды дамытуды көздейді [2]. Бұл бағдарламалық өнімдерді тиімді өңдеу қабілетін ғана емес, сонымен қатар цифрлық ортада өзін көрсете білу, онлайн тұлғаны қалыптастыру және цифрлық әлемге белсенді, саналы түрде қатысуды қамтиды.

Коммуникативті әдістермен қатар цифрландыруды қолдану маңызды. Жақында цифрлық технологияның дамуына байланысты шет тілдерін оқытуда жаңа тенденциялар пайда болды. Соңғы кездері тілдің әртүрлі аспектілерін (лексика, грамматика) ассимиляциялаудан шет тілін өмірде белсенді қолдануға көшу байқалады. Шет тілі, бір жағынан, ақпарат алудың кәсіби немесе басқа құралына, екінші жағынан, қарым-қатынас құралына айналуда .

Ағылшын тілін оқытудағы цифрландыру концептуалды жүйені ұйымдастыруға байланысты тілдік фактілерді талдауды көздейді. Тілдік құрылымдар адамның дүние туралы жалпы білімінің, оның цифрлық ортамен өзара әрекеттесудегі жинақталған тәжірибесінің призмасы арқылы түрленеді. Ағылшын тілін үйрену психологиялық, коммуникативті, когнитивті және мәдени факторларға тығыз тәуелділік жүйесінде қарастырылады.

Оқыту әдістемесін жақтаушылардың пікірінше, лингвистикалық талдау тек цифрлық технологияларды ғана емес, сонымен қатар сәйкес цифрлық құзыреттілікті талап ететін психикалық процестерді де ескеруі керек. Бұл ретте тыңдаушы үшін цифрлық құзыреттіліктің негізгі құрамдас бөліктерін, техникалық аспектілерін анықтауға, сипаттауға және түсіндіруге үлкен мән беріледі.

Материалдар мен әдістер. Бүгінгі таңда, әсіресе жаһандық компьютерлендіру мен цифрландырудың қарқынды қарқыны жағдайында халықтың цифрлық құзыреттілігін арттырудың өзекті қажеттілігі туындап отыр. Қазақстанда цифрлық дағдылар мен қабілеттер қазіргі заман талабынан, әсіресе интернетті белсенді пайдаланушы студенттер арасында артта қалды. Білім беруді цифрландыру жағдайында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалануға арналған отандық және шетелдік педагогикадағы заманауи ғылыми дереккөздерге шолу цифрлық құзыреттілік немесе цифрлық сауаттылық ұғымының маңыздылығына тоқталады.

21 ғасырдың басындағы ғалымдар Интернеттің дамуына реакция жасай отырып, цифрлық құзыреттілікті когнитивтік, әлеуметтік және техникалық аспектілерді қамтитын күрделі жүйе ретінде анықтайды. Цифрлық құзыреттілік цифрлық технологияны меңгеру ретінде ғана емес, сонымен қатар цифрлық ортада табысты қызмет ету, қызметтің жаңа формалары мен мәдени тәжірибелерді түсіну қабілеті ретінде қарастырылады.

Цифрлық құзыреттілік интернетті тек технология ретінде ғана емес, мәдени тәжірибелер мен құбылыстарды байытатын орта ретінде де қарастырудың маңыздылығын атап көрсетеді. Білім беру саласында цифрлық медиа платформалар, мәтіндер мен технологиялар студенттерге заманауи оқыту әдістерін жеңілдететін маңыздылыққа ие болуда [3].

Ж.Ахметованың айтуынша, білім беруді табысты түрлендіру үшін оқу материалдарын цифрландыру жеткіліксіз [4]. Бұл өзгерістер студенттерге нақты пайда әкелетін болса, білім беруді дамытудың бастапқы нүктесі ретінде жаңа медианы пайдалану маңызды. Оқу курстарының мазмұны мен құрылымындағы инновациялық өзгерістер, жоғары оқу орындарындағы ұйымдастырушылық өзгерістер студенттер үшін пайдалылығын арттыруға бағытталуы керек. Бұл тәсіл студенттердің айналасында шоғырланған және оларды желілік әлеуметтік кеңістікке қамтитын педагогикалық әдістерге мүмкіндік береді.

Цифрлық технологиялар курсы уақыт шындығына жауап беретін және осы талаптарға сәйкес үнемі өзгеріп отыратын цифрлық ақпарат және электрондық қауіпсіздік саласындағы мета-пәндік білім беру нәтижелерінің кең ауқымын қалыптастыруға жауапты. Бірақ, өкінішке орай, білім алушының цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру туралы айтатын болсақ, цифрлық технологияларда қалыптасқан оқу-әдістемелік кешендер оның барлық құрамдастарын толық көрсете алмайды. Солдатова Г.У., Зотова Е.Ю., Лебешева М.А., Шляпников В.Н. «студенттердің білім беру ресурстарына кеңірек және жан-жақты қол жеткізу үшін цифрлық технологиялар арсеналын пайдалануға деген ұмтылысын қанағаттандыру, олардың ақпараттық және электронды қауіпсіздігін қамтамасыз ету бірінші кезектегі міндет болуы тиіс» деп атап көрсетті [5, 51 б.].

Сонымен қатар, «Интернетті және оны пайдалануға негізделген технологияларды пайдалану оқу үдерісіне оқытудың белсенді әдістерін енгізудің қуатты құралы болып табылады. Олар оқу процесінің интерактивтілігін күшейтуге, танымдық іс-әрекетті белсендіруге, оқу үрдісіне бейімделуге мүмкіндік береді [6, б. 2].

Цифрлық курс мазмұнын жалпы жаңарту цифрлық кеңістікте еркін және қауіпсіз навигацияны қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Білім алушылардың цифрлық құзыреттілігін дамытуға бағытталған цифрлық технологиялар бойынша білім беру бағдарламаларын кеңейту «Цифрлық ортадағы цифрлық құзыреттілік негіздері» электрондық білім беру ресурсын білім беру жүйесіне стратегиялық интеграциялаудың арқасында мүмкін болды.

Сонымен қатар, цифрлық технологиялар арқылы электрондық білім беру ресурстарының материалдарын белсенді пайдалана отырып, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің өзіндік жұмысын ұйымдастыру әдістемесін қайта қарау маңызды бағыт болды. Бұл міндет цифрлық технологиялардың қарқынды өзгеру қарқынын ескере отырып, әсіресе өзекті болып табылады, бұл өз кезегінде цифрлық технологиялар пәні мазмұнының тұрақты эволюциясында көрінеді.

Интернетте қауіпсіз жұмыс істеу және қабылданған әрекеттерге жауапты болу құзыреті тұрғысынан студенттер мен техниктер арасындағы «цифрлық өзара әрекеттесу» өте жоғары деп танылуы керек. Өскелең ұрпақ арасында цифрлық технологияларды кеңінен қолдану мен олардың қазіргі заманғы онлайн-кеңістікте қауіпсіз және тиімді шарлауына кедергі болатын нақты цифрлық құзыреттілігі арасында диспропорция бар [7, б. 77].

Цифрлық тәуелсіздік цифрлық теңсіздіктің бар және жоқтығын ашып, цифрлық ортаға бейімделуге қабілетті және қабілетсіз адамдар арасындағы айырмашылықтарды көрсетеді. Халықаралық ғалымдар студенттер мен жас мамандардың электрондық қауіпсіздік деңгейін зерттейтін зерттеулер жүргізеді. Цифрлық ортаға қол жетімділіктің болмауы немесе шектеулі болуы цифрлық қауіпсіздікке қиындық тудырады және компьютерлік сауаттылықтың төмендеуіне әкелуі мүмкін. Нәтижесінде цифрлық ортаға және цифрлық интеллектке қол жеткізе алатын студенттер киберқауіпсіздікке жақсырақ дайындалуы мүмкін және мұндай қолжетімділік шектеулі [8, 90 б.].

Бүгінгі ұрпақ «цифрлық білім беру», «цифрлық ұрпақ» т.б. ғаламтор үстемдік еткен әлемде өскен жастарды желі кеңістігінің жаңа мүмкіндіктері мен қауіп-қатерімен одан әрі таныстыру қажет. Студенттерге ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру және желілік ортаның нормаларын жақсырақ түсіну үшін қосымша цифрлық құзыреттілік қажет. Цифрлық құзыреттілік 21 ғасырда кез келген лауазымға сұранысқа ие негізгі дағдылар тізімінде бірінші орында тұр. Дж.Брикстонның пікірінше, цифрлық құзыреттілік оқу қабілеті сияқты сұранысқа ие екендігі атап өтілген.

Цифрлық құзыреттілік бірнеше маңызды аспектілерді қамтиды:

Компьютерлік құралдармен және бағдарламалық өнімдермен тиімді өзара әрекеттесу қабілеті, оның ішінде компьютерлік ресурстарды сауатты пайдалану.

Ұсынылған ақпаратты іздеу, талдау және сыни тұрғыдан бағалау қабілетін қамтитын ақпараттық сауаттылық.

Сандық кеңістікте әлеуметтік өзара әрекеттесу қабілеті, соның ішінде әлеуметтік медианы тиімді пайдалану дағдылары.

Цифрлық технологияларды пайдаланудың негізгі принциптері мен ережелерін білуге негізделген цифрлық ортадағы қауіпсіздік негіздері мен этикалық стандарттарды түсіну.Цифрлық құзіреттіліктің негізгі элементтерін қорытындылай келе, цифрлық құзыреттілік кең мағынада мақсатқа жету үшін цифрлық құралдарды өнімді пайдалану мүмкіндігі деп айта аламыз.

Нәтижелер және талқылау. Зияткерлік мүмкіндіктер цифрлық әлемге сәтті бейімделу үшін қажетті жеке, техникалық және интелктуальды дағдыларды біріктіреді. «Цифрлық құзыреттілік» ұғымында семантикалық сәйкестіктерге «компьютерлік және ақпараттық сауаттылық», сондай-ақ жалпы АКТ құзыреттілігі кіреді. Дегенмен, авторлардың ұсынысы – бұл терминдердің аражігін ажырату.

Цифрлық құзыреттілік – өмірдің әртүрлі салаларында сенімді, тиімді, маңызды ақпаратты пайдалануға және цифрлық технологияларды іске қосуға дайындығы мен қабілеті. Бұл техникалық және технологиялық мүмкіндіктерді, сондай-ақ әлеуметтік және гуманитарлық дағдыларды қамтиды. Цифрлық құзыреттіліктің негізгі бағыттары «техникалық және технологиялық мүмкіндіктер (утилитарлық, прагматикалық, аспаптық құзыреттер), медиамәтіндерді жасау және бағалау, оларды интерпретациялау, интернетте коммуникация, техникалық және технологиялық тәуекелдер (Интернет қауіпсіздігі), сондай-ақ әлеуметтік - психологиялық тәуекелдер (цифрлық ортада жұмыс істеудің әлеуметтік, этикалық, психологиялық аспектілері)» [9, б. 92].

Цифрлық құзыреттілікті құрылымдау оның қалыптасуын бақылау үшін негіз бола алады. «Интернет мәдениеті» мен «интернет сауаттылығының» пайда болуы, сондай-ақ Интернеттің кең таралуына байланысты «электрондық мәдениет» немесе «цифрлық мәдениет» жаңа термині атап өтілді.

Электрондық құралдарды мінсіз пайдалануға бағытталған цифрлық құзыреттілік тестілері цифрлық әлемде тиімді жұмыс істеу үшін білім мен дағдыларды дамытады. Көптеген ғалымдар сонымен қатар цифрлық құзыретті Интернет қауіпсіздігі мәселелеріне қатысты АКТ құзыреттілігінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады.

Тәжірибе көрсеткендей, әрбір жаңа Интернет пайдаланушысы өз тәуекелімен әрекет ететін өзін-өзі үйрететін адам. Мұндай пайдаланушылардың әрекеттері көбінесе төмен цифрлық құзыреттілікпен анықталады және жеке құндылықтарға, білімге, мәдени үлгілерге, әлеуметтік тенденцияларға және сұраныстарға байланысты өзгеруі мүмкін. Шетелдік зерттеушілердің цифрлық құзыреттілік туралы заманауи түсінігі цифрлық технологияларға экологиялық көзқарасты адам үшін ерекше орта ретінде қамтиды. Бұл сонымен қатар цифрлық ортада пайдаланушының жауапкершілігін сақтауды білдіреді.

Цифрлық құзыреттілік дағдылардың үш түрін дамытудың маңыздылығын атап көрсетеді: компьютерлермен және желілік құрылғылармен өзара әрекеттесу, сандық артефактілерді жасау; мазмұнды бағдарламалық қамтамасыз етумен өзара әрекеттесу; онлайн немесе офлайн цифрлық орталарды дамытуды қоса, жан-жақты цифрлық дағдылар.

1-суретте көрсетілгендей, бес негізгі құрамдас бөлік (мәдени, когнитивтік, конструктивті (құрылымдық), коммуникативті, сондай-ақ сенімді пайдалану немесе шығармашылық) адамның «цифрлық» және әртүрлі үлгілердің болуымен жоғары сапалы өзара әрекеттесуінің негізі ретінде анықталған. Бүгінде адамдар ақпараттық контенттің көшкініне түсуде. Ақпаратпен қаныққан кезде оның мазмұнын тез және саналы түрде өңдеу, талдау және түсіну әрқашан мүмкін бола бермейді. Қазіргі тұлғаның негізгі құзыреттерінің бірі – ақпаратты сыни тұрғыдан ойлау және бағалау қабілеті. Осыған байланысты цифрлық құзыреттілік «ақпараттың үлкен ағындарымен жұмыс істеу және сыни ойлауды дамыту ғана емес, сонымен қатар семантикалық жүйелермен жұмыс істеу, интерпретациялау, бағалау, сырттан алынған ақпараттың сенімділігі мен сапасын анықтау қабілеті» [10, б. 89].

Сурет 1- Цифрлық құзіреттіліктің ішкі компоненттері

Цифрлық құзыреттілікті дамыту тенденциясын қолдау үшін бүгінгі таңда көптеген тақырыптық ақпараттық порталдар пайда болды, кейбір ірі интернет-компаниялар бұқараға жаһандық кеңістіктегі ақпараттық қауіпсіздік негіздерін, қолжетімді тілде ұйымдастырудың дұрыс жолдарын жеткізуге тырысуда.

Жалпы, цифрлық технологиялар білім беру жүйесін жан-жақты байытады және ақпарат пен ресурстардың үлкен көлеміне қолжетімділікті ұсынады. Зерттеулер көрсеткендей, студенттердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі өте маңызды. Цифрлық технологиялар курсында студенттердің интеллектуалдық және цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған материалдар жетіспейді. Сондай-ақ, цифрлық технологиялардағы оқу-әдістемелік кешендердің мазмұнын интеллектуалдық құрылымның ішкі құрамдас бөліктеріне сәйкес реттеу қажет деген қорытындыға келдік.

Ұсынылған компоненттердің әрқайсысын келесі 1-кестеде қарастырамыз.

№	Когнитивтік құзіреттіліктің ішкі компоненттері	Мазмұны
1	Когнитивтік құзіреттіліктің ішкі компоненттері	Негізгі компьютерлік сауаттылық тұжырымдамаларын түсінуді және АТ дағдыларын меңгеруді қолдайтын ішкі компоненттер. Осы құрамдас бөліктердің ішінде браузерді теңшеу, профильдерді басқару, цифрлық

		платформалардағы хэш-тегтерді меңгеру, жалпы хабардарлықты арттыру және цифрлық құрылғыларды, бағдарламалық платформаларды және интерфейстерді тиімді пайдалануды үйрену сияқты жалпы функциялар маңызды.
2	Мәдени құзыреттілік	Желідегі мәдениетті және негізгі интернет артефактілерін (мысалы, смайликтер, анимациялық GIF файлдары және т.б.) түсіну цифрлық құзыреттіліктің маңызды аспектілері болып табылады. Бұған цифрлық ортаның тарихын, тілін, әдет-ғұрыптары мен құндылықтарын білу, сондай-ақ құпиялылық пен деректер қауіпсіздігі принциптерін құрметтеу кіреді. Цифрлық медианы жеке және кәсіби пайдалану арасындағы айырмашылықтарды түсіну де цифрлық құзыреттілікке жатады.
3	Әлеуметтік құзыреттілік	Цифрлық ортада контентті дұрыс пайдалану шарттарын, әлеуметтік нормаларды, авторлық құқықты қорғауды білу.
4	Коммуникативтік құзыреттілік	Цифрлық ортадағы қарым-қатынас мүмкіндіктерін білу, цифрлық кеңістіктегі «тұлға», «сенім», «ақпарат алмасу», «әсер ету» ұғымдарының ерекшеліктерін түсінуді қамтиды.
5	Тілдік құзыреттілік	Лингвистикалық құзыреттілік цифрлық құзіреттіліктің бір бөлігі ретінде цифрлық кеңістіктегі шығармашылықтың құндылығын, желілік құралдар мен орталарды пайдаланудың жаңа тәсілдерін дамытуды, цифрлық технологияларды пайдалана отырып, жаңа білімдерді құруды көрсетеді. Сандық мазмұнды, құралдарды және бағдарламаларды бағалау үшін аналитикалық дағдыларды пайдалану және цифрлық құзыреттіліктің маңызды құрамдастарын сипаттау үшін сенімді көздерді таңдау.

Талдауға сәйкес, цифрлық құзыреттілік қазіргі әлемдегі ең маңызды дағдылардың бірі болып табылады [11]. Цифрлық құзыреттілік білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар тағы бір маңызды құрамдас бөлікті қамтиды: адамның цифрлық әлемнің азаматы ретіндегі жауапкершілігін дамытуға қалыптастырады. Осыған орай, цифрлық технологиялар мұғалімінің міндеті – оқушылардың сандық құзыреттілігін табысты дамыту үшін барлық жағдайды жасау.

Қорытынды. Педагогикалық тәжірибеде цифрлық білім беру ортасын құру және пайдалану тенденциясын ескере отырып, студенттердің цифрлық құзыреттілік деңгейін арттыруға бағытталған цифрлық технологиялар курсының мазмұнын толықтыру үлгісін ұсыну болды. Қойылған мақсатқа сәйкес білім алушылардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруға қажетті қосалқы құрамдас бөліктер мен модель таңдалып, электрондық цифрлық білім беру ресурсының теориялық негіздері мен алғышарттарын анықтауға негіз болды.

Қазіргі цифрлық технология бағдарламалары цифрлық құзыреттілікті дамытудың барлық аспектілерін көрсете алмайды. Цифрлық технологияларды оқып-үйрену кезінде оқу процесінің тұтастығын және оны қалыптастырудың үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін мақсатты түрде дамыту мақсатында өз жұмысын ұйымдастыру процесінде электрондық білім беру ресурсын құру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы [Электрондық ресурс]: – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827

2. Бороненко Т.А., Кайсина А.В., Федотова В.С. Развитие интеллектуальных способностей студентов в условиях создания цифровой образовательной среды// Перспективы науки и образования. –2019. – 2 (38).С. 167-193. [Электрондық ресурс].

3. Ахметова Ж. Подготовка учителя информатики к организации учебно-исследовательской деятельности студентов в условиях цифровизации образования//Сборник материалов Республиканской научно-практической конференции. Кафедра информатики и прикладной математики. – Алматы, 2020 – С. 17-22. [Электрондық ресурс].

4. Солдатова, Г.У. Цифровая компетентность подростков и родителей. Результаты всероссийского исследования [Текст]. - М.: Фонд Развития Интернет. – 2013. – 144 с.

5. Сагалиева Ж.К және т.б. Білім беру кеңістігіндегі цифрлық педагогика: Оқу құралы. – Алматы: Бастау, 2020. – 366 б. [Электрондық ресурс].

6. Ломаско, П.С. Основополагающие принципы формирования профессиональной ИКТ-компетентности педагогических кадров в условиях смарт-образования [Текст]. // Вестник ТГПУ. – 2015. – № 7 (160). – 78-84 с.

7. Назаров, В.Л. Шоковая цифровизация образования: восприятие участников образовательного процесса [Текст]. // Образование и наука. – 2021. – № 23(1). – 4 с.

8. Петрова, В.С., Щербик, Е.Е. Измерение уровня сформированности цифровых компетенций [Текст]. – 2018. – № 5(3). – 237-244 с.

9. Блинов, В.И. Проект дидактической концепции цифрового профессионального образования и обучения [Текст]. М.: Издательство «Перо». – 2019. – 45 с.

10. Гришаева Е.Б., Свиридон. Р.А. Английский язык: межкультурная коммуникация. – Красноярск: ИПК СФУ, 2008. – 93 с. https://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Linguist/Ter/_Index.php [Электронный ресурс].

11. Makiabadi, H. & Abdi, S. Learning English listening and speaking through BBC VOA. Teaching English with Technology [Text]. – 19(2). – 2019. – 108 p

REFERENCES

1. Qazaqstan Respublikasy Ükımetınıñ 2017 jylğy 12 jeltoqsandağy № 827 qaulysymen bekıtılgen «Sifrlyq Qazaqstan» memlekettık bağdarlamasy [State program «Digital Kazakhstan» approved by the Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 12, 2017 No. 827] [Electronic resource]: https://adilet. zan.kz/kaz/docs/P17000008272.

2. Boronenko, T.A., Kaisina, A.V., Fedotova, V.S. Razvıtıe ıntellektýalnyh sposobnosteı stýdentov v ýslovııah sozdanııa tsıfrovoı obrazovatelnoı sredy [Development of intellectual abilities of students in the conditions of creation of a digital educational environment] // Perspectives of science and education. No. 2 (38). -2019- S. 167-193. [Electronic resource]

3. Ahmetova J. Podgotovka uchitelä informatiki k organizasii uchebno-issledovatelskoi deiatelnosti studentov v usloviah sifrovizasii obrazovania [Preparation of the nchitel inform for the organosii of the medical and research activities of students in the case of the sifrovii education]//Sbornik materialov Respublikanskoi nauchno-prakticheskoi konferensii. Kafedra informatiki i prikladnoi matematiki. – Almaty, 2020 – S. 17-22. [Electronic resource]

4. Soldatova, G.U. Sifrovaia kompetentnöst podrostkov i roditelei. Rezültaty vserossiskogo issledovania [Digital competence of teenagers and parents. Results of the All-Russian study][Text]. - M.: Internet Development Fund.– 2013. – 144 p.

5. Sagalieva J.K jäne t.b. Bılım beru keñıstıgındegı sifrlyq pedagogika [Digital pedagogy in education]: Study guide. [Electronic resource].– Almaty: Bastau, 2020. – 366 p.

6. Lomasko, P.S. Osnovopolagaiuşie prinsipy formirovania profesionälnoi İKT-kompetentnosti pedagogicheskih kadrov v usloviah smart-obrazovania [The fundamental principles of the formation of professional ICT competence of teaching staff in the conditions of smart education [Text]. // Vestnik TGPU. – 2015. – № 7 (160). – 78-84 p.

7. Nazarov, V.L. Şokovaia sifrovizasia obrazovania: vospriatie uchastnikov obrazovatelnogo prosesa [Shock digitalization of education: perception of participants in the educational process] [Text]. // Education and science.– 2021. – № 23(1). – 4 p.

8. Petrova, V.S., Şerbik, E.E. İzmerenie urovnä sformirovannosti sifrovyh kompetensi [Measuring the level of formation of digital competencies][Text]. – 2018. – № 5(3). – 237-244 p.

9. Blinov, V.İ. Proekt didakticheskoi konsepsii sifrovogo profesionälnogo obrazovania i obuchenia [Draft didactic concept of digital vocational education and training][Text]. M.: Exegesis «Pero». – 2019. – 45 p.

10. Grişaeva E.B., Sviridon. R.A. Angliiskii yazyk: mejkulturnaya kommunikatsiya [English language: intercultural communication]. - Krasnoyarsk: IPC SFU, 2008. - 93 p. https://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Linguist/Ter/_Index.php [Electronic resource].

11. Makiabadi, H. & Abdi, S. Learning English listening and speaking through BBC VOA. Teaching English with Technology [Text]. – 19(2). – 2019. – 108 p

***Е. Төрехан*[1], *Г.О. Сейдалиева*[2]**

[1,2]Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,

Республика Казахстан, г.Алматы.

ОСНОВНЫЕ ФАКТОРЫ РАЗВИТИЯ ЦИФРОВОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация. В статье рассматривается основные факторы, влияющих на развитие цифровой компетентности будущих учителей английского языка. Авторы подчеркивают, что цифровая компетентность играет важную роль в профессиональной подготовке учителей этого предмета. Поскольку английский является одним из самых распространенных и востребованных иностранных языков, преподаватели имеют уникальную возможность развивать у своих учеников навыки общения и межкультурного общения. Однако с ростом роли цифровой среды и онлайн-коммуникаций меняется и деятельность учителя английского языка.

Для обеспечения целостности образовательного процесса и его успешной адаптации к цифровой эпохе необходимо будет создать электронный образовательный ресурс, который будет способствовать целенаправленному развитию цифровых компетенций будущих учителей английского языка. В статье основное внимание уделяется тому, как использование цифровых технологий может повысить качество преподавания языка и эффективность образовательного процесса. В ходе исследования делается вывод о необходимости развития цифровой компетентности учителей английского языка для успешной подготовки студентов к современному цифровому обществу. Это, в свою очередь, обеспечивает эффективное овладение студентами языковыми навыками. Таким образом, статья предлагает углубленный анализ важности формирования цифровой компетентности будущих учителей английского языка и предлагает методы для достижения этой цели в современном образовательном контексте.

Ключевые слова: цифровая компетентность, английский язык, образование, Электронный ресурс, цифровизация.

***E. Torekhan*[1]*, G.O. Seydalieva*[2]**
[1,2]Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

KEY ELEMENTS SHAPING THE DIGITAL PROFICIENCY OF PROSPECTIVE ENGLISH EDUCATORS

Article. This article delves into the essential factors influencing the cultivation of digital competence among prospective English educators. The authors underscore the pivotal role of digital competence in the professional training of teachers specializing in this discipline. Given the widespread demand for English as a foreign language, teachers possess a unique opportunity to foster communication and intercultural skills in their students. Nevertheless, as the digital landscape and online communication continue to evolve, the responsibilities of English teachers are also undergoing a transformation.

To ensure the coherence of the educational process and its seamless adaptation to the digital era, the creation of an electronic educational resource becomes imperative. This resource would facilitate the targeted development of digital competencies among future English teachers. The article places emphasis on how the integration of digital technologies can elevate the quality of language teaching and enhance the overall effectiveness of the educational process. Through the course of the study, the authors draw conclusions regarding the imperative to nurture the digital competence of English language teachers, ultimately preparing students for seamless integration into a contemporary digital society. This, in turn, guarantees the efficient acquisition of language skills by students. Consequently, the article provides a comprehensive analysis of the significance of instilling digital competence in future English teachers, offering methodologies to achieve this objective within the framework of modern education.

Key words: digital competence, English language, education, electronic resource, digitalization.

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)
ҒТАХР 16.21.61
DOI 10.56525/NBPA3912

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТІЛДІК ТҰЛҒА

САТКЕНОВА Ж.Б.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті, Алматы қ
E-mail: zhanar_03@mail.ru
***ИСАКОВА А.С.**
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
E-mail: assylymay.issakova@yu.edu.kz
***Корреспондент авторы: assylymay.issakova@yu.edu.kz**

Аңдатпа. Сөз мәдениеті арналарының ішінде тіл байлығынсыз филолог студент еңбегі жемісті болмайды. Тіл байлығы тек оқытушы мен филолог студенттерге ғана қойылар талап болып көрінуі мүмкін. Оқытушы айтарын сөз байлығы арқылы, әсерлі, орамды тілмен жеткізсе, студент жүрегіне жол табары анық. Яғни сөз байлығы деген сапаның функционалдық стильдердегі көрінісі әр түрлі бола тұра, қоғам мүшелеріне қойылар талабы бірдей, себебі тіл байлығы сөз мәдениетінің аса маңызды құрамдас бөлігі.

Сөз мәдениетінің байып, әрленіп отыратын, негізгі арналарының бірі – жалпыхалықтық тіл.

Кілт сөздер: сөз мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, тілдік тұлға, студенттің тілдік тұлғасы, тілдік тұлға қалыптастыру.

Кіріспе. Қарым-қатынас – өзге адамды есту мен тыңдай білуден, өзге адамның мүмкіндігін бағалаудан тұратын күрделі құбылыс. Кең мағынада айтқанда сөз мәдениеті аспектілері этикет, күнделікті өмір сүру мәдениеті, жеке уақытын үнемдеу, гигиена, эстетикалық талғам мен еңбек ету мәдениеті болып табылады.

Сөз қарым-қатынастың өте маңызды әрі мәнерлі әдісі. Сөз мәдениетінің жоғарылығы ойлау мәдениеті жоғарылығының айғағы, немесе сөздің шолақ, сөздік қорың аз болса, ойың сайрап тұрғанмен өзгеге жеткізе алмайсың. Сөз мәдениеті – ойды нақты әрі мәнерлі жеткізудің теңдесі жоқ құралы.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеудің материалы терінде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері алынды.

Зерттеу нәтижелері. Сөз мәдениетінің жалпыға ортақ қасиеті – оның тұтастығы, бірлігі. Бұл ғасырлармен өлшенетін ұзақ уақыт нәтижесі. Ал оны елемей, әр кім өз аулына тарта сөйлесе, сөз мәдениетінің ұзақ жылдар бойы қалыптасқан тұтастығы мен бірлігіне нұқсан келері айқын. Тіл тазалығы дегенде әр тілдің бірлігі мен тұтастығы үшін күрес туралы сөз болады. Бірақ диалектілердің сөз мәдениетіне қатынасының екінші жағын, аса мәнді жағын ескермеу сөз мәдениетін нәрлендіретін, байытатын арналы бұлақтың көзіне тосқауыл жасау болып шығады. Тілден заңды түрде орын алуға тиіс ұғымдар, зат пен құбылыс атаулары, сөз мәден иетінің керегіне жарап, мұқтажын өтеуі мүмкін.

«Мәдениет, оқу-ағарту, ғылым, өнер т.б. рухани өмір жиынтығы болса, *сөз мәдениеті* дегеніміз – тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфоэпиялық, орфографиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылысты ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы [1, 78 б.].

Сөз мәдениеті жөнінде көп жазып жүрген көрнекті ғалымдарымыздың бірі Р.Сыздық: «*сөз мәдениеті* дегеніміз – сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлетіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру» [2, 92 б.].

Сөз мәдениетінің құнсыздануын қалай жоямыз деген сұрақ қоғамның рухани мәселесі, адамдардың сөз мәдениеті, олардың қарым-қатынас жасау мәдениетімен тығыз байланысты. Академик И.П. Павловтың пайымдауынша, бос сөз бен шын өмірді сабақтастыра білу ақылдың жоғары сатысына ғана тән дей келе: «Мысль... не идет за кулисы слова, не любит смотреть на подлинную действительность. Мы занимаемся коллекционированием слов, а не изучением жизни» [3, 34 б.].

Сөз қаншалықты қарапайым болса, соншалықты түсінікті болады, логикаға дұрыс құрылған сөз тіркестері фразаға күш пен сенімділік береді. Сөз қолданудағы дәлдікті қазақ мақалы «тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар» деп дұрыс айтқан. Филолог студент тілінің дәлдігі әрқашан тілдің ең маңызды сапасының бірі деп есептелінеді.

Біздің тіліміз біздің өмір сүру тәртібіміздің басты бөлігі. Адамның сөзі оның ой-өрісінің айғағы. Біздің сөзіміз іс-әрекетіміздің бөлігі ғана емес, біздің жан дүниеміздің, мүмкіншіліктеріміздің жиынтығы.

Герменевтиктер (мәтін талдау өнері), сөйлеуді адам өмір сүруінің тәсілі ретінде қарастыра келіп, адам сөзбен, басқаша айтқанда, сөзде өмір сүреді дейді. Сөздің құдіреті күшті. Сөзбен адамды адам қуанта да, жылатып та, жұбата да алады. Сөздің әсері болу деген сөз айтқанына ілесіп, сеніміңді соған арнап, жан-дүниеңді билеп, оны толық түсіну әсері сөзден соң өзіңді-өзің танисың, басқаны білесің, сөздің мәнін, мағынасын, айтар астарын ұғасың.

Тілдің құдіреті туралы біздің заманымызға дейін VI ғасырда өмір сүрген көне грек мысалшысы Эзоптың айтқаны еске түседі. Бірде философ Ксанф өзінің құлы Эзопқа қонақтарына бірінші күні ең жаман тағам, екінші күні ең жақсы тағам дайындауды тапсырады. Эзоп бірінші күні таңертең, түскі және кешкі асқа да тіл пісіріпті. – Неліктен сен тек тіл пісірдің? – деген сұраққа Эзоп: – Маған ең жаман тағам дайындау тапсырылды. Тілден жаман не бар? Тіл болғандықтан біз бір-бірімізді ренжітеміз, ұрысамыз, өтірік айтамыз. Тіл адамды жау етеді, қала ғана емес бүтін бір мемлекет тілдің кесірінен қирап жатады. Ол біздің өмірімізге жамандық пен қайғы әкеледі. Екінші күні Эзоп тағы да тілді әкеледі. Қожасы мен қонақтар таң қалыпты. – Маған ең жақсы тағам дайындау тапсырылды, – деп түсіндіре келіп Эзоп: – Философ үшін тілден жақсы не бар! Тіл арқылы ғылым зерттеліп, білім алынады, тіл арқылы біз түсінісеміз, түрлі сұрақтарды шешеміз, сұраймыз, сәлемдесеміз, сезімімізді білдіреміз, бір-бірімізді қанағаттандырамыз. Меніңше, тілден жақсы нәрсе жоқ.

Тілдің барлық базалық қызметі – қарым-қатынас, таным мен әсер етуі жоғарыдағы мысалда көрініс тапқан. Ондағы ойдың қарама-қарсылығы тіл мүмкіндігінің әсерін күшейте түсіп, жақсы не жаман тіл болмайды, «адамзатта тілден жақсы еш нәрсе жоқ» деген идеяны насихаттайды. Басқа сөзбен айтқанда, тіл әрқашан жақсы, тек тұлғаның сөйлеу мәнері жаман болуы мүмкін. Кез келген тіл – халық еңбегінің жүйелі әрі құнды жемісі. Сол сөйлеу тілі арқылы адам қоғам тәжірибесімен танысады, қоршаған орта шындығына көз жеткізеді, өзін көпшілік арасында ұстаудың ұтымды немесе ерсі нормаларымен танысады. Осыдан шығатын нәтиже, тіл филолог студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастыруда, өзін ұстау мен мәдениетті болуға тәрбиелеуде қалыс қалмайды. Қоғамдық ортада индивидтің тілге тиек болуы, оның ана тілін қалай меңгергендігіне байланысты болмақ. Филолог студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастыру тек оның сауатты жазуымен шектелген қазіргі тілдік қоғам өмірі сөз шеберлігінен, тілдік құндылықтарға мұқтаж болып отыр. Тілдік тұлға психолингвистикада сөз әрекетін ұйымдастыратын механизм ретінде қарастырылады. Сөз филолог студент өміріндегі маңызды мәселе. Неге десеңіз, филолог студенттер өз болмысын тілі арқылы, яғни ойы, танымы, қарым-қатынасы, түсіндіруі мен дәлелдеуімен белгілейді. Филолог студенттердің тілдік тұлғасын сөз еткенде «тілдік тұлға», «тілдік мүмкіндіктер», «тілдік сана», «тілдік ойлау» түсініктеріне соқпай кету мүмкін емес. Тіл шындықты бағалауға деген барлық ерекшеліктерді сіңіріп алған.

Сөз мәдениеті халықтың жалпы мәдени дәрежесімен, әдеби тілдің қандай белесте екенімен байланысты. Халықтың тілді пайдалануы, сөз өнері қаншалықты жоғары болса, әдеби тілдің мәдениеті де соғұрлым биік болғаны. М.Горький «Тіл тазалығы үшін, мағына дәлдігі үшін, тіл өткірлігі үшін күрес – мәдениет құралы үшін күрес» деген еді. Сөз мәдениеті сөз шеберлігін, көркем суреттің бейнелеуші материалы болатындықтан, оны оқытушы ұқыптылықпен қадағалап, талғап қолданады. Сол үшін оқытушы дайындаған дәрісін қайта-қайта түзеп, көшіріп әуреленеді.

Сөз мәдениетінде бар стильдік тәсілдердің көбі ауызекі тілден алынған. Оларды жасаған – халық. Бірақ халықтық мұра сол қалпында қатып қалған догма емес. Олар өзгеру, даму үрдісінде болады. Кейде әдебиетте қалыптасқан тұрақты тіркестерді көздеген мақсатына қарай өзгертіп қолдануға да болады.

Еліміздің барлық іс-әрекеті мәдениетінің, әсіресе сөз мәдениетінің дәрежесін көтеру халыққа қызмет ету мақсатына жалғасып жатса, ондай іске тілшілер ғана емес, халық болып көмектесу талабы қойылады. Тіл қоғамдық құбылыс болғандықтан, тілді жасаушы, тілді құрал ретінде жұмсаушы қоғамның білімді азаматтары сөз мәдениеті мәселелеріне көңіл бөліп, игілікті істерге үлес қосуы қажет.

Сөз мәдениетінің басты талабының бірі – тілдің халықтық қасиетін дамыту, ана тілінің байлықтарын сүзгілей отырып, молынан қолданысқа енгізу. Сөз мәдениетінің екі түрі бар: *баспасөз тілінің мәдениеті* және *сөйлеу тілінің мәдениеті.* Бұлар өзара тығыз байланысты. Әдеби тіл сөйлеу тілінде бардың барлығын емес, оның екшелген, құнарлы байлықтарын бойына сіңіреді де, сөйлеу тіліне ықпалын тигізеді. Нәтижесінде әдеби тілдің екі түрі келіп шығады: бірі – әдеби тілдің жазба түрі, екіншісі – әдеби тілдің сөйлеу түрі.

«Сөйлеу тілінің мәдениеті» дегенде, ең алдымен халық әдеби тілді қалай меңгергеніне көңіл бөлеміз. Сөйлеушілердің өздеріне тән тілдік ерекшеліктерімен қатар, жалпыға ортақ әдеби тілдің нормасынан хабардар болуға міндетті. Оның толып жатқан арналары, жолдары бар: мектеп, жоғары оқу орны, кітап, газет-журнал, радио, теледидар т.б. бәрі-бәрі жалпы мәдениетке, соның ішінде сөз мәдениетіне баулиды.

Тілдік норма тілдің ішкі жүйелері негізінде қалыптасады және сұрыпталған, ұтымды, ықшам, жалпыға ортақ күйінде жұмсалады. Халық тілінен өзіне керегін таңдап, оларды жалпыға ортақ етіп, сөз мәдениетін жоғарылату үшін бір ізге салады, жүйелейді. Ауызекі тілден бастау алған сөз мәдениеті керегін таңдап, талғап, жазба әдебиет елегіне өткізіп алып, нормаға айналдырады. Сол себептен әдеби тіл – белгілі дәрежеде тәртіптелген, жүйеленген тіл болып есептеледі. Жазу арқылы нормаланбаған тіл қанша көркем болғанмен, «әдеби тіл» деген ұғымға сәйкес келмейді. Жоғарыдағы ойларды қорытындылау барысында мынадай тоқтамға келуге болады: әдеби норма өзгермейтін, қатып қалған тәсіл емес. Ол да тілдің дамуы барысында өзгеріп, толығып отырады.

Проза үлгілері филолог студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыруда маңызды. Халықтың ұлт болып қалыптасу дәстүрінде көркем әдебиет қоғам өмірін мейлінше кең қамтиды, сондықтан жалпыхалықтық тілдің бар байлығын пайдаланады. Көркем әдебиет – ұлттық қазына, себебі мұнда ұлттық тілдің сөз байлығы мейлінше мол жұмсалады. Көркем шығарманың құрылымдық түріне қарай, яғни поэзия мен проза жанрларының немесе прозаның іштей бөлінетін роман, әңгіме, драма, повесть т.б. сияқты түрлерінің өзіне тән тіл жұмсау ерекшеліктері болады. Әдеби тілдің басты сипатының бірі – бейнелілік, ал қазақ прозасында әуел бастан сөз мағынасын ауыстырып қолдану қалыптасқан. Метафоралау – образ жасаудың ең белсендісі, ол затты, құбылысты атамайды, сипаттайды. Метафоралық тіркестер – поэтикалық шығармаларда сөз арқылы образ жасаудың бір түрі, құнарлы, әсерлі түрі. Сондықтан, оларды да көркем әдебиет тілінің көркемдігіне өлшем етеміз [4, 302 б.].

Сөз мәдениеті нормасының тұрақталуына көбіне-көп белгілі бір тілдік құбылысты әлеумет тарапынан бағалау, яғни дұрыс деп қабылдап, қолданып кету жатады. Мысалы, белгілі бір атаққа, мамандыққа, өнерге т.б. ие адамды атауда соңғы кездерде *-гер* жұрнағын жиі қолдану көпшілік талғамынан шықты, сондықтан қазақ әдеби тілінде оның публицистикалық және көркем әдебиет стильдерінде, радио мен теледидарда *ардагер, иегер, тәлімгер, қаламгер, жүлдегер, зергер* сияқты сөздердің көрініс беруі қолданыста нормаға айналды. Сол сияқты жаңа атаулар жасауда *нама, хана, паз* кірме жұрнақтарының қоғам қолданысына ену аясы жиілеп барады. Мәселен, *ғұмырнама, сапарнама, жарнама, халықнама; масахана, тауықхана, ұстахана, ойынхана, дәретхана, дәріхана, асхана, дәмхана, перзентхана, аурухана, малхана* т.б. Парсы тілінен аударғанда *-хана* «үй» деген мағына береді екен, тілімізде тұрақталған *қонақүй* сөзі соның дәлелі бола алады, ал *ұстаүй, тауықүй* деп айтсақ үйлесімсіз, соған қарағанда *-хана* жұрнағының жұрнақтық мәні басым болар. *Өнерпаз, әсемпаз, білімпаз* т.б. секілді сөздердің жасалуы да, қолданылуы да біртебірте нормаға айналды.

Сөз мәдениеті дегеніміз белгілі бір кезең ішінде көпшілік қабылдаған, тұрақталған қолданыстар, яғни сөздердің мағынасы. Сөзді сол мағынада, сол тұлғада қолдану бір уақытта пайда болып, ешбір өзгеріске ұшырамай қатып қалатын құбылыс емес. Уақыт өте келе бір кезеңде дұрыс, нормаға сай деп есептелгенмен, тіл дамуында көнеруі немесе қолданыстан мүлде шығып қалуы мүмкін. Керісінше, дұрыс деп көрсетілген сөз күнделікті қолданыста көпшілік тарапынан дәріс оқитын аудиторияларда, баспасөзде, радио мен теледидарда, ғылыми әдебиет пен жиын-кештерде айтылатын шешен сөздерде қолдау тауып, кеңінен жұмсала бастайды да, жаңа сипатқа ие болады. Мәселен, бірыңғай екі сын есім не екі үстеудің арасында кездесетін «да» шылауын қарастырайық: *адал да ақылды, қатал да қажырлы, батыр да батыл, тылсым да тыныш, қатал да қайырымды, қайратты да қайырымды, азапты да абыройлы* т.б. Ал бұрын «да» шылауы тек етістік тұлғаларына қатысты қолданылатын еді: *алды да кетті, тұрды да жүгірді, жазды да отырды* т.б. Демек, бұрыннан қолданылып жүрген сөздер сәл өзгерді де, сол бұрынғымен қоса жаңа қолданыс орын ала бастады.

Сөз мәдениетінің кейбір сәттерінің өзгеріп, жаңаларының әлеуметтік қолдау табуы, сөз жасау саласында көп кездеседі. Бұған норма ретіндегі кей жұрнақтардың қолдану аясының тарылуы, оның есесіне бірқатар сирек қолданылатын жұрнақтардың қолданысының кеңеюі, немесе екі тұлғаны біріктіріп бір сөз жасау әдісі мысал бола алады. Бұл тілдің жалпы құрылымдық нормаларына қатысты айтылғандар. Ал норма мәселесіне келгенде, сөз мәдениетінің ұлттық норма проблемасы филология ғылымында әлі толық талдау таппай келеді.

Филолог студенттер өзі оқыған не көрген оқиғаны суреттегенде (жора-жолдасына, отбасына, әріптестеріне т.б.) мүмкін пікірталас, мүмкін ой қорытындысы ма, қарсы келер сұрақтар ма, қандай болған күнде де сан қилы әдіс, мимика әр түрлі сөйлеу мәнері арқылы жеткізеді. Филолог студенттер түсіндірсе, көрсетсе, кеңессе, ақыл беріп сақтандырса, сенім білдірсе, қызықтырып жігерлендірсе, талпындырып ықылас етсе, сыйластыққа, қажеттігін қанағаттандыруға көмектессе, қуаныш бөлісіп, көңілін көтерсе т.б. – бәрін де өзінің жасампаз қаруы, басты құралы – тілі арқылы жүзеге асырады.

Тіл мәдениеті мен *сөз мәдениеті* деген терминдер қатар ұғымда жұмсалады. Өзара мағыналас болғанмен, олардың бір-бірінен айырмашылығы да бар. Сөз мәдениеті дегеннің ұғымы кең, ауқымды. Ол көбінесе қарым-қатынас құралы болып табылатындықтан, тілді жетілдіре беру, ұштай түсумен қатар сөз шеберлігі, сөйлеудегі әдептілік сияқтыларды қамтиды. Әсіресе, соңғы ұғымдарға қатысты *сөз мәдениеті дегеніміз* қарым-қатынас құралын қалай игеріп, өмірде қалай пайдаланып жүрміз, оның әр алуан тәсілдерін дұрыс, дәл, ұтымды қолданып, мазмұнды, әсерлі етіп жұмсай алдық па дегенге тіреледі. Яғни сөз мәдениеті әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стильдік, орфоэпиялық норманы меңгеру, сонымен бірге, бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасау мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу дегенді білдіреді [5, 9 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы 1920 жылдары қазақ тілін зерттей келе, сөз мәдениетінің теориялық мәселелерін ғылыми тұрғыда негіздеген еді. Тіл мәдениеті, сөзді дұрыс қолдануға қатысты: «Сөздің дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуы айтылады. Олай болу үшін:

- сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулықтарды жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына пайдалану қажет;
- сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, ымырластыру қажет;
- сөйлемдерді дұрыс ойластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру» [6, 350-353 б.] аса маңызды дейді.

1930 жылдардан кейін сөз мәдениеті тілімізде орфографиялық ережелермен байланысты қаралып келсе, тілші мамандардың ішінен алғашқылардың бірі болып М.Балақаевтың «Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері» атты еңбегі (1965) жарық көрді. Еңбекте қазақ әдеби тілі мен сөйлеу тілі, оның нормалары, стильдік ерекшеліктері және мерзімді баспасөз, аударма жұмыстарының негізгі принциптеріне талдау жасалды. Ғалым шаршы топ алдындағы сөз мәдениеті, грамматикалық тәсілдерді тиімді де ұтымды қолдану сөз мәдениеті дәрежесін биіктету екендігіне тоқтала келіп, «Мәдениет – оқу-ағарту, ғылым, өнер, тағы баска рухани өмір табыстарының жиынтығы да, тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік тәсілдердің шырау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық, тілдік тәсілдерді дұрыс қолдану дағдысы», – деген тұжырым жасайды [1, 9 б.].

1966 жылғы М.Дүйсебаеваның «Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының негізгі мәселелері» атты кандидаттық диссертациясы мен 1972 жылғы «Сөз мәдениеті және баспасөз» деген жинақтағы Қ.Неталиеваның мақаласында сөз мәдениеті бірсыпыра дұрыс бағытта зерттелген болатын.

«Тіл мәдениетін сөз ету үшін, алдымен тіліміздің ішкі тазалығын, ұлттық негізін түзеп алуымыз керек. Өйткені біздің тіліміз – орыстанып, еуропаланып кеткен тіл.

Неге десеңіз, біздің әліпбиіміздің құрамында қазақ тіліне қажеті шамалы орыстың 12 әрпі жүр. Сөздік құрамымыздан «халықаралық терминдер» деген құрметті атақты иеленген Европа тілдерінің 100 мыңнан аса сөздері ойып тұрып орын алған. Ол жат сөздер біздің тілдік ерекшелігімізге (үндестік заңына) бағынбай қолданылады. Сөз саптау үрдісіміз де қазақ тілінің қалыбынан шығып кеткен» деген тіліміздегі қазіргі өзгерістер туралы өз ойын білдіреді [7, 12 б.].

Сөйлеу тілі бірсыдырғы, бірыңғай емес, әр қилы, әр қырлы болып құбылып отырады. Филолог студенттер қарабайыр, жөнсіз, қырсық сөздердің орнына қай кезде, қандай жағдайда болмасын сыпайылықты, инабаттылықты аңғартатын сөздермен нәр беріп, нұрландырып, істің жігін жатқызып отырғаны абзал. Мысалы, филолог студенттер мектеп мұғалімі болды делік. Ол «Алдыңа қарап отыр», «Тыныш», «Ауыздарыңды жабыңдар», «Сөзді доғарыңдар» т.б. түрлі тиым сөздерді қайталап, оқушыларды мезі қылмай-ақ ара-тұра әзілдеп не назарын арнайы сөздермен аударуға әрекет жасағаны дұрыс. Айталық: ...Бірде мұғалім сыныпқа ене бере, бір оқушының (Темірлан болсын) сөйлеп отырғанын көреді. Ол мұғалім ескертуін тыңдамайды. Келесі күні сабақ басталарда, амандасқаннан кейін мұғалім Темірланға: «Сенің бүгін сөйлегің келе ме? Егер сөйлегің келсе, топ алдына шығып сөйле, ұялма! Үзілісте де сөйлей бер. Сен сөйлеп тұрсаң да, мені тыңдайсың ғой», – деді.

Кез келген ортада анық, жатық, дұрыс сөйлей білген жақсы-ақ. Біз қарастырып отырған қазақ тілді студент-филологтың болашақ маман екенін ескерсек, оның сөзі бір-екі адамға ғана емес, шәкірттеріне бағытталады. Қазақ тілді филолог студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастыруда оқытушылардың көмегінсіз іс бітпейді. Шындығында сөз мәдениетінің ең үлкен талабы оқытушыларға қойылады. «Өйткені сөз мәдениетінің бір шарты жазылған (немесе айтылмақ) сөздерді бір-бірімен қиыстырып, дауыс ырғағын дұрыстап қойып, табиғи түрде дұрыс айтып беру (немесе дұрыс оқып беру).

Оқытушы көбінесе көрнекі құралдарды айтар тұжырымдарын немесе ережені дәлелдеп көрсету үшін пайдаланады. Бұл айтылған ойды нақтылай түседі. Ой қорытындысын сөзбен айтып, көзге көрсеткенде ғана дұрыс қабылданады. «Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық» дейді қазақ мақалы. Мұнда, әсіресе, терминдерді, аудармаларды жеткізе білуде тіл мәдениеті талаптарын ескерген абзал. Оқытушы айтар ой дәлдігімен бірге фонетикалық жағынан сөздердің дыбысталуын, сөздердің айтылу заңдылығын сақтауы керек. Аударғанда жол-жөнекей аудара салмай, аударма мәтінін күні бұрын даярлап, сөздіктерге сүйеніп аударуы қажет. Мәселен, *шыбын-комар, бұғаз-залив, рет-ряд* т.б. сияқты қолданыстарға жол бермегені жөн.

Сөздің құдіреті күшті. Сөзбен адамды адам қуанта да, жылатып не жұбата да алады. Сөздің әсері болу деген сөз айтқанына ілесіп, сеніміңді соған арнап, жан-дүниеңді билеп, оны толық түсіну әсері сөзден соң өзіңді-өзің танисың, сөздің мәнін, мағынасын, айтар астарын ұғасың. Сыртқа шықпай тұрып, сан-саққа соққан ой әсерін сабылтып, әр нәрсенің басын бір шалып, кейде көрген, естіген, оқыған бір нәрсені айтуға оқталып, оны айта бастағанда сөздің соңына жетпей, сол оқиғаны айтудағы мақсаты не, себебі не, осыны мысалға алуда нені көздеді деген сауалдар жауапсыз қалып жатады. Айтар сөзің мәнді болса зерделі, зерек шәкірт өзі-ақ түсінеді. Қас-қабағын бағып, әр қимыл, әр сөз мәнін, астарын саралап, сараптай білген филолог студенттерге тиянақты ой арқылы сапалы білім берілсе, нұр үстіне нұр.

Талап қоя білу де – өнер. Талапты дұрыс қойа білген оқытушының шәкірттері де талантты болады. Оқытушы студенттерге ортақ атмосфераны қалыптастырып, аяқ астында туындап қалатын түрлі қиын, тосын жағдайларда шешім айтып, әділ бағаласа, сөзбен-сөзді, сөз тіркестерін, сөйлемді дұрыс қабылдауы, сөйлегенде әрбір сөзін байланыстырып, стильдік тұрғыдан дұрыс айта білгені жөн.

Дұрыс айтылмаған сөз тыңдаушының құлағына жағымсыз естіледі, әрі сөз иесінің мәдениетінің төмен екенінің айғағы болады. Әрбір сөз халық тілінің өшпес дәулеті ретінде тілде сөйлеушілердің бәріне ортақ белгілі дыбыстық құрамда жұмсалып, әбден үйреншікті болғаннан кейін, оны әркімнің өзінше құбылтып айтуына жол жоқ. Болмайтын себебі әр сөздің тұтастық құрамы белгілі мағына білдіруімен ұштасады. Мәселен, *жол, жолаушы, құлын, құлыншақ, өнер, өнерпаз* сөздерінің әрқайсысы өз алдына өзгертуге келмейтін, тұрақты мағынаға ие. Сондықтан сөздердің мағыналары мен түр-тұрпаттары арасында тығыз байланыс, бірінсіз-бірі болмайтын тұтастық болады. Олардың қалыптасқан құрамдарын бұзбай, «сөздің майын тамызып, тыңдаушының құлақ құрышын қандырып», дұрыс сөйлеу барша адам қолынан келмейді. Дұрыс айтылған сөз, сөйлемдердің өздеріне тән «музыкалық» әуені, ырғағы, үні болады. Соларды сазына келтіріп сөйлей білу, тілдің жан тербетер сәнділігін, табиғи терең сырларын ашып сөйлей білу – үлкен өнер. Мүмкін ол өнер «қыйынынан қиыстыратын» ақындарға, лекторларға, дикторларға, сахна шеберлеріне ғана тән қасиет болар.

Оқытушының сөйлеу тілінің стильдік ерекшелігі сан алуан. Ол стильдің барлық түрін пайдалана біледі. Әрі сол стиль түрлері қазақ тілді филолог студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастыруға ықпал етеді. Тілдің стильдік құбылыстарының көпшілігі ауызша да, жазбаша түрде де кездеседі. Оқытушылар сабақ түсіндіргенде қарапайым сөйлеп, мысалмен дәлелдеп көрсетеді. Олар стильдің түр-түрін, атап айтқанда, егер студенттерге эссе жаздырса, көркем әдеби стилін, газет, журналдан үзінді келтірсе, публицисика стилін, анықтама, ереже не болмаса баяндама түсіндіргенде ғылыми стилді, күнделікті өмірде ауызекі сөйлеу стилін т.б. қолданады.

Бірнеше рет осы қылығын әр сабақта қайталап жүрген оқушы бұдан былай тәртіп бұзбайтын болды. Мұндай тілдік тәсіл – психологиялық тәсіл болып тәжірибелі ұстаздарда кездеседі. Әйтсе де, мұғалім әдебі болғанда, оқушылар оның сөзіне жан дүниелерімен құлай берілгенде ғана қосалқы әдіс-тәсіл өз нәтижесін береді.

Қорытынды. Сөйлеу тілінде образды сөйлеу жиі кездеседі. Бұл табиғат құбылыстарын, әсіресе өзін қоршаған ортаны атауға, тіпті өсімдіктерге ат қоюға келгенде жүйелі көрініс табады. Мысалы, *айнакөз, айқұлақ, аютабан, есекмия, айғырсасыр, түйетауық, қазтабан, қозықұйрық, итмұрын, саңырауқұлақ, тасбақа, итөлгі* деген атаулардың негізінде ұқсату, салыстыру, бейнелеу, суреттеу тәсілдері жатқанын бірден аңғаруға болады. Балаға ат (есім) қоюға келгенде, астарлап атауды қазірге дейін қолданып келе жатқаны мәлім. Демек, сөздің астарлы, суреттеме мағынасын қолдану – қазақ тілінің ұлттық белгісінің бірі. Сөзді астарлап, бейнелеп қолдануда фразеологизмдерді, троп түрлерін (теңеулерді, эпитеттерді, перифраздарды т.б.) орнымен жұмсай білу сөйлеушінің сөз мәдениетін көрсетеді.

Сөз мәдениеті мүмкіндіктерінің молдығын танытатын элементтердің бірі – поэтизмдер, яғни белгілі бір экспрессивті-эмоциялық реңі бар, кез келген ситуацияда қолданыла бермейтін, көбінесе бейтарап нұсқалары көрініп тұратын сөздер. Мәселен, *аласа, таза, тәрізді, заман* сөздері бейтарап мағыналы элементтер, ал осылармен мағыналас *пәс, тәпелтек; саф, сынды, замана* деген сөздер белгілі бір стильдік бояумен қолданылатынын, олар жай хабарлау үшін емес, суреттеу үшін жұмсалатынын филолог студенттердің білгені дұрыс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі. - Алматы: Дайк-Пресс, 2007. - 470 б.
2. Сыздық Р. Сөз құдіреті. - Алматы: Санат, 1997. - 223 б.
3. Павлов И.П. О русском уме //Литературная газета. - 1981.- № 30.
4. Головин Б.Н. Основы культуры речи. - М., 1988. - 320 с.
5. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филология ғылым. докт. ... диссер. - Алматы, 2007. - 328 б.
6. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1999. - 448 б.
7. Қалиев Б. Тіл мәдениеті және ұлттық сана //Жетісу. - 2004. № 3.

REFERENCES

1. Balakaev M.B. Kazakh literary language. - Almaty: Dyke-Press, 2007. - 470 p.
2. Syzdyk R. The power of words. - Almaty: Sanat, 1997. - 223 p.
3. Pavlov I.P. About the Russian mind //Literary newspaper. - 1981.- No. 30.
4. Golovin B.N. Fundamentals of speech culture. - M., 1988. - 320 p.
5. Wali N. Theoretical foundations of Kazakh word culture: philology, science. dr. ... disser. - Almaty, 2007. - 328 p.
6. Baitursynuly A. Language training. - Almaty: Mother tongue, 1999. - 448 p.
7. Kaliyev B. Language culture and national consciousness //Zhetisu. - 2004. No. 3.

Саткенова Жанар Багашаровна
Казахский Национальный университет имени аль-Фараби
г.Алматы, Казахстан
Исакова Асылымай Сагинбековна
Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова
г.Актау, Казахстан

ЯЗЫКОВАЯ ЛИЧНОСТЬ В ПРОСТРАНСТВЕ МЕЖКУЛЬТУРНЫХ КОММУНИКАЦИЙ

Аннотация. Среди каналов речевой культуры работа студента-филолога без языкового богатства не будет плодотворной. Языковое богатство может показаться требованием только для преподавателей и студентов-филологов. Если учитель передает то, что он хочет сказать, посредством богатства слов, впечатляющим и сложным языком, он обязательно найдет путь к сердцу ученика. То есть, хотя выражение качества словарного запаса в функциональных стилях различно, требования членов общества одинаковы, поскольку языковое богатство является очень важным компонентом словесной культуры.

Национальный язык является одним из основных каналов богатой и изысканной словесной культуры.

Ключевые слова: культура слова, культура речи, языковая личность, языковая личность студента, формирование языковой личности.

Satkenova Zhanar Bagasharovna
Al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan
Issakova Assylymay Sagunbekovna
Caspian University of Technologies and Engineering named after Sh.Yessenov
Aktau, Kazakhstan

LINGUISTIC PERSONALITY IN THE SPACE OF INTERCULTURAL COMMUNICATIONS

Abstract. Among the channels of speech culture, the work of a philologist student without language richness will not be fruitful. Language richness may seem like a requirement only for teachers and philology students. If the teacher conveys what he has to say through the richness of words, in an impressive and complex language, he will surely find a way to the heart of the student. That is, although the expression of the quality of vocabulary in functional styles is different, the demands of society members are the same, because language richness is a very important component of word culture.

The national language is one of the main channels of the rich and refined word culture.

Key words: word culture, speech culture, linguistic personality, linguistic personality of the student, formation of linguistic personality.

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)
ҒТАХР 16.21.61
DOI 10.56525/QWVS6043

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ИСАКОВА А.С.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
E-mail: assylymay.issakova@yu.edu.kz

Аңдатпа. Филолог студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастырудың лингвомәдени негіздері құжаттарды рубрикациялауда жіктеуші белгілер ретінде, тезаурустар мен онтологияларды генерациялауда семантикалық концепт ретінде, БАҚ-ның контент-талдауында тірек түсініктер ретінде пайдаланылуы мүмкін. Іс жүзінде мәтінді автоматты түрде өңдеудің барлық тапсырмаларында, аннотациялауда, индекстеуде, жіктеуде, машиналық аудармада, білімдерді алуда және т.б. терминологияны шығару қажет болады.

Бұл монография тілдік тұлға қалыптастырудың келешегі мен даму мәселелерін анықтау үшін аталған әдістерді сипаттауға және жүйелендіруге шақырады. Анықталатын мәселелердің маңыздылығы қазіргі қоғамда орын алған ақпараттық жарылыс феноменіне негізделеді. Тілдік тұлға қалыптастыру саласындағы ғылыми қызметкерлерге, мамандарға, ЖОО оқытушыларына, докоранттарға, магистранттарға және студенттерге арналған.

Кілт сөздер: сөз мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, тілдік тұлға, студенттің тілдік тұлғасы, тілдік тұлға қалыптастыру.

Кіріспе. Елдің егемендігін, мемлекеттің тәуелсіздігін баянды етудің аса маңызды факторларының бірі – ұлттың тұтастығы мен бірлігі. Ал ұлттың ыдырамас тұтастығы, мызғымас бірлігі, түптеп келгенде, ұлт тілінің тұтастығы оның әдебилігімен тығыз байланысты. Өйткені ұлтты ұйыстыратын, оны өзге этностардан өзгешелігі мен айырмасын айқын аңғартатын негізгі белгісі де, бет-бедері де оның тілі, әсіресе ұлттық әдеби тілі [1, 3 б.].

Ұлттық әдеби тілдің дамып, толығуына тіл мамандарының қосар үлесі қомақты. Тіліміздің бар байлығын пайдалана отырып, ақын-жазушы, лингвист ғалымдар тілдегі нормаға қайшы қолданыстарды реттейді, тілдік ұжымның атап айтқанда, филолог студенттердің мәдениетін көтеруді, олардың тілдік тұлғасын қалыптастыруды назарда ұстайды.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеудің материалы терінде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері алынды. Сауалнама нәтижелеріне анализ, синтез жасау, жазба жұмыстардың тілін бақылау, талдау және тілдік фактілерді салыстыру әдістері қолданылады.

Зерттеу нәтижелері. - қазақ тілді филолог студенттердің тілдік тұлғасы лексика-семантикалық, лингвомәдени, әлеуметтік лингвистика тұрғысынан арнайы және кешенді зерттелді;

- филолог студенттердің тілдік тұлғасы мен өзге тұлғалардың (заң қызметкерінің тілдік тұлғасы, журналистің тілдік тұлғасы, қоғам қайраткерінің тілдік тұлғасы т.б.) айырмашылығы мен ұқсастықтары анықталды;
- филолог студенттер тіліндегі норма мен жүйе арақатынасы, дағдыға айналу мәселесі талданып, дәйектелді;

Сөз мәдениетінің екінші, үшінші түсініктерінің арасында ішкі байланыс бар екенін байқаймыз. Сөйлеудің құрылымы қажетті коммуникативтік биікке жету үшін, автор білім, дағдыларды меңгеруі керек.

Тілдің қарым-қатынастық қызметі адамның түрлі ойын, сана-сезімін білдірумен қатар, ол әдеби тіл қалпына түскенде, оның эстетикалық сезімді білдіру аясы да кеңейеді. Бұл – әсіресе көркем әдебиет тілінің ауыр жүгінің бірі. Әдеби тіл пайдаланушылардың тілдік талғамы неғұрлым күшті болса, әдеби тілдің сымбаттылық, нормалық қасиеті солғұрлым арта түседі. Біз жұртшылықты, әсіресе жастарды соған бейімдеуге тиіспіз [2, 454 б.].

Ғылым тілінде «тіл мәдениеті», «сөз мәдениеті» деген терминдер бар. Осылар бір нәрсе емес, азды-көпті айырмашылығы бар, бөлек-бөлек ұғымдар. Сайып келгенде «тіл» және «сөз» терминдерінің айырмасына негізделеді.

«Тіл» – қарым-қатынас жасаудың таңбалық механизмі; ол – таңбалардың жиынтығы. Ал «сөз» – белгілі бір хабарды бағалау үшін, соның қажеттілігіне қарай тіл таңбаларының өз заңдылықтары бойынша ұйымдасуы, яғни, сөйлем – іс жүзіндегі тіл. «Тіл» – жалпы, ортақ; ал сөз – әрбір жеке адамның сөйлеуінен көрінеді, сондықтан ол жекелік сипатқа ие.

Міне, осыдан келіп, тіл мәдениеті дегеніміз – тілдің лексикасы мен грамматикасының биік даму дәрежесі, семантикасының шыңдалғаны, интонациясының икемділігі мен көптүрлігі т.б. жақтары болып шығады. Ал сөз мәдениеті жоғарыда айттық – сөздің коммуникативтік сапаларының жиынтығы. Ол сапалардың жетілгендігі түрлі жағдайларға: тіл мәдениетіне, тілдік қызметке, сөз мазмұнының мақсатына т.б. байланысты. Мәселен, тілдің жүйесі неғұрлым бай болған сайын, сөздік құрылымның ішінен ең керектілерін таңдауға болады (сөздің коммуникативтік әсерін күшейту үшін). Ал сөйлеуші (филолог) адамның сөздік (тілдік) дағдылары неғұрлым жетілген, кең еркін болса, соғұрлым оның сөзі шебер, әсерлі, мәнді болады. Оның сөзіне дәлдік, бейнелік сияқты т.б. коммуникативтік сапалар тән болады.

«Тіл (сөз) мәдениетінің негізгі қарастыратыны – әдеби норма, нормалану үдерісі. Ал әдеби нормаға қатысты ең үлкен мәселелердің бірі – тіл элементтерінің өз орнында (өз қызметінде) дұрыс жұмсалуы жайында болса, екінші мәселесі дублеттілік, варианттылық туралы. Бұл екеуі жалпы тіл мәдениеті проблемасының өзегі деуге болады» [3, 65 б.].

«Тіл мәдениеті» немесе «сөз мәдениеті» терминдері синоним ретінде қолданылатынын түсіндіргеніміз сияқты «қате», «олқылық», «кемшілік» ұғымдарының жарыса қолданылуын талдағанды жөн көрдік. Қазақ тілінің мәдениеті туралы сөз қозғаған еңбектерде «қате», «олқылық», «кемшілік» ұғымдары жарыса қолданылып жүр. «Сөз мәдениеті теориясы бойынша «қате» деген ұғымға біржақты баға беріледі – «дұрыс», «дұрыс емес». Ал «олқылық» ұғымы сөзі жұтаң, сөзі дәл емес, сөзі орынды, сөзі орынсыз дегенді қамтиды. Яғни сөз қарым-қатынас мақсатына қарай бағаланады. Жоғарыдағы еңбектерді ескере отырып, қазақ тілді филолог студенттердің тілін екі сатыға бөліп қарастырамыз. Біріншісі – сөз дұрыстығы (правильность речи) болса, екіншісі – сөз бедері (выразительность речи).

Сөз мазмұнының мақсаты қаншалықты терең, күрделі, бай болса, адам өзінің сөзіне соншалықты жоғары талаптар қояды, соның нәтижесінде оның сөзі де икемді, күрделі және көп түрлі болады. Біздің түсінігімізше, жалпы және кәсіби мәдениеттің қазақ тілді студент-филологтың тілдік тұлғасын қалыптастырудағы көрінісі сөз мәдениеті, оның мәні мен құрылымы.

Филолог студенттер үшін тіл ерекшеліктері, мәні, мағынасы өте зор. Адамға ауа қандай қажет болса, филолог студенттер үшін сөйлеу тілі сондай қажет. Әрине, әр филолог студенттердің өзіндік тілдік ерекшеліктері, сипаты, дауыс ырғағы, мимикалық іс-әрекеті, тәжірибесі түрлі болады. филолог студенттер тілдің ауызша түрін де, жазбаша түрін де толық пайдаланады. Ауызша тіл мен жазба тілдің бір-бірінен үлкен айырмашылығы бар. Ауызша сөйлеуде айтамыз, естиміз, ал жазуда – көреміз, жазамыз немесе естиміз, жазамыз.

Кез келген филолог студенттердің сөйлеу тілінің деңгейі өте жоғары болуға тиіс. Ол үшін ең алдымен әдеп пен шеберлік керек. Мәселен, атақты педагог А.С. Макаренко былай деген екен: «Мен «бері кел» деген сөзді он бес түрлі дауыс ырғағына салып, бет пішінімді, мимика, тон, әуенімді өзгертіп үйренбейінше, дұрыс сөйлей алдым деп есептемедім» [4, 55 б.].

Сөз қаншалықты қарапайым болса, соншалықты түсінікті болады, логикаға дұрыс құрылған сөз тіркестері фразаға күш пен сенімділік береді. Сөйлеу тілінің дәлдігі бұрыннан тілдің ең маңызды сипатының бірі деп есептелінеді.

Сөз мәдениеті сөздерді дұрыс қолдану, сөйлеу кезінде оларды бір-бірімен қиюластырып, үндестіріп, дұрыс айту, тілдің ғасырлар бойы сұрыпталып келген, ақын, жазушы сияқты сөз зергерлері оюлап берген көркемдігі мен әсем өрнегін қолдану секілді мәселелер болмақ.

«Сөз-сөзге жарығын да түсіріп тұрады, көлеңкесін де түсіріп тұрады. Біріне-бірі жарығын түсіріп тұратын сөйлем айтайын деген ойыңды оқушыға дәл жеткізеді. Бұл арада ерекше ескеретін бір нәрсе, әр сөздің ой мен сезімге бірдей дөп тиіп жатуы, ең үлкен арман осында» (Ғ.Мүсірепов).

Филолог студенттер өзі оқыған не көрген оқиғаны суреттегенде (жора-жолдасына, отбасына, әріптестеріне т.б.) мүмкін пікірталас, мүмкін ой қорытындысы ма, қарсы келер сұрақтар ма, қандай болған күнде де сан қилы әдіс, мимика әр түрлі сөйлеу мәнері арқылы жеткізеді. Филолог студенттер түсіндірсе, көрсетсе, кеңессе, ақыл беріп сақтандырса, сенім білдірсе, қызықтырып жігерлендірсе, талпындырып ықылас етсе, сыйластыққа, қажеттігін қанағаттандыруға көмектессе, қуаныш бөлісіп, көңілін көтерсе т.б. – бәрін де өзінің жасампаз қаруы, басты құралы – тілі арқылы жүзеге асырады.

Сөйлеу тілі бірсыдырғы, бірыңғай емес, әр қилы, әр қырлы болып құбылып отырады. Филолог студенттер қарабайыр, жөнсіз, қырсық сөздердің орнына қай кезде, қандай жағдайда болмасын сыпайылықты, инабаттылықты аңғартатын сөздермен нәр беріп, нұрландырып, істің жігін жатқызып отырғаны абзал. Мысалы, филолог студенттер мектеп мұғалімі болды делік. Ол «Алдыңа қарап отыр», «Тыныш», «Ауыздарыңды жабыңдар», «Сөзді доғарыңдар» т.б. түрлі тиым сөздерді қайталап, оқушыларды мезі қылмай-ақ ара-тұра әзілдеп не назарын арнайы сөздермен аударуға әрекет жасағаны дұрыс. Айталық: ...Бірде мұғалім сыныпқа ене бере, бір оқушының (Темірлан болсын) сөйлеп отырғанын көреді. Ол мұғалім ескертуін тыңдамайды. Келесі күні сабақ басталарда, амандасқаннан кейін мұғалім Темірланға: «Сенің бүгін сөйлегің келе ме? Егер сөйлегің келсе, топ алдына шығып сөйле, ұялма! Үзілісте де сөйлей бер. Сен сөйлеп тұрсаң да, мені тыңдайсың ғой», – деді.

Бірнеше рет осы қылығын әр сабақта қайталап жүрген оқушы бұдан былай тәртіп бұзбайтын болды. Мұндай тілдік тәсіл – психологиялық тәсіл болып тәжірибелі ұстаздарда кездеседі. Әйтсе де, мұғалім әдебі болғанда, оқушылар оның сөзіне жан дүниелерімен құлай берілгенде ғана қосалқы әдіс-тәсіл өз нәтижесін береді.

«Тілдің қызметі адам ойын өзгелерге жай ғана білдіре салудан емес, сонымен қатар оны әсерлі етіп, әдемі түрде жеткізуден көрінеді. Ол үшін тілде образды, бейнелеуіш элементтер пайдаланылады. Мұндай сөздердің тыңдаушы мен оқушы сезіміне әсер ететін қабілеті күшті болады» [1, 29 б.].

Тілдік эстетика сөйлем логикаға құрылған, түсінікті, сөздері өз орнында, синтаксистік байланыс арқылы жүйелі болуын талап етеді. Осы айтылғандарды ескермей, қате жіберіп сөйлеу филолог студенттердің ой саяздығының, тілдік талғамы таяз екенінің белгісі. Филолог студенттерге фонетика, грамматика, лексика, синтаксис, орфоэпия, орфографиядан білім беру – олардың тілдік талғамын жетілдірудің бөлшегі ғана.

Н.Уәли өзінің «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген мақаласында «Ізеттілік, сыпайылық – мәдениетті адамның белгісі. Бұл қасиет ең алдымен адамның қылығынан, содан соң тілінен байқалады. Одыр, арнайы сөйлейтін кісі мәдениеттілердің қатарынан саналмаса керек» дейді.

Сондай-ақ, оған дауыс ырғағы, үні, дауыс күші, интонация, сөздердің дұрыс байланысып, анық-нақты естілуі де маңызды. Сөздің айтылуы өте жылдам, ақырын, баяу, бірқалыпты болады. Үннің естілуі – жағымды, жағымсыз. Дауыс ырғағы – өте қатты, жай, баяу, ақырын. Тон баяулаған, толқыған, қызықтырған, сезімділікке, сенімсіздікке не бейхабарлыққа т.б. негізделеді. Бет-пішіні, мимикасы – мейірімді, қатал, бірсарынды, қуанышты, қайғылы, солғын жүзді т.б. бірнеше түрлі болады. Бұл жалпы мәдениеттің, нақы айтсақ, педагогикалық мәдениеттің үлесі.

Қорыта айтқанда тіл мәдениеті – коммуникативтік сапалар жүйесі және соны зерттейтін ғылым. Оның зерттеу нысаны – әдеби тіл және оның нормалары бола тұра, басқа ғылым салаларына (әсіресе стилистикаға), сонымен қатар, психология, логика, эстетика, социология, педагогика ілімдеріне, солардың деректеріне арқа сүйейді.

Жеке адам мәдениетін шартты түрде жалпы және кәсіби мәдениет деп бөлуге болады. Жалпы мәдениет гуманитарлық негіз деп қарастырсақ, кәсіби мәдениеттің құрамына білім, мамандық таңдаудағы бейімділік жатады. Жалпы мәдениет дегеніміз – рухани байлықты, білім жоғарғы деңгейінің іс-әрекеттен көрініс табуы. Кәсіби мәдениет білімділік пен даму деңгейін іске асыру, белгілі бір бағыттағы білім, білік, дағды. Жалпы мәдениет адам дамуының гуманитарлық негізі, толығу көзі болса, кәсіби мәдениет оны кәсіби тәжірибеде іске асырушы болып табылады.

Адам материалдық және рухани құндылықтардың авторы және сол құндылықтарды іске асырушы болғандықтан кәсіби мәдениет адамның мәдени күшінің дамуының жиынтығы.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, мәдениеттің өзіне тән ерекшеліктерін атап көрсетуге болады. Мәдениет әлеуметтік тәжірибені сақтау және тасымалдаудың әмбебап құралы. Л.Н. Коган еңбегіне сүйене отырып, оны жеке адам мәдениеті, кәсіби мәдениет және тұлға мәдениеті деп топтастыруға болады.

Мәдениет дегеніміз не? – деген сұраққа көне ойшылдар, қазіргі заман мәдениеттанушылары, философтардың кімді мәдениетті адам қатарына қосамыз, мәдениетті адам деп аталу үшін қандай критерийлер қажет деген сауалға жауап іздеген. Осыдан мәдениетті адам тек материалдық жағы жоғары, сырт бейнесі талапқа сай адам ғана болуы мүмкін емес екені анықталды. Мәдениетті адам ең алдымен тілі назарда болды. Сол себептен оның сөз мәдениетін зерттеу қажет.

Қорытынды. Қазақ әдеби тілінің қоғам өмірінде алатын орны кеңестік кезеңде жаңа сатыға көтерілді. Әсіресе, оның дамуына 1920-жылдардан кейін жақсы жағдай жасалғанын атап өту керек: соның нәтижесінде қазақ тілі ғылым мен техниканың, оқу мен білімнің тіліне айналды. Мектептерде, жоғары оқу орындарында қазақ тілі пән ретінде оқытылып, ғылыми зерттеулердің нысаны бола бастады. 1950-жылдардан бастап тілді пайдалану, қолдану мәдениеті туралы арнайы шаралар жүзеге асырылды. Бұған А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында «Тіл мәдениеті» бөлімінің ашылуы жаңа серпін берді. Тіл мәдениеті тақырыбына тікелей қатысы бар республикалық конференциялар өткізілді (алғаш 1968 жылы). Жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде қазақ тілінің мәдениеті арнайы курс, кейін арнайы пән ретінде оқытыла бастады. Көптеген мақала, кітап, жинақтар жарияланды. Осының бәрі қазақ тілі мәдениеті мәселелерінің жұртшылық назарынан тыс қалмағандығын көрсетеді.

Сонымен бірге қазақ тілінің қолданылу аясы кеңестік кезеңнің 1950-жылдарынан бастап тарыла бастағанын да айту керек. Жоғарыдан түскен нұсқаулардың, сондай-ақ жеке басқа табыну, тоқыраудың әсерінен оның өрісі бірте-бірте тарылды, аяғына тұсау салынды. Бұдан тек тәуелсіздіктің арқасында ғана құтылуға жол ашылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филология ғылым. докт. диссер. Алматы, 2007. - 328 б.

2. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі. - Алматы: Дайк-Пресс, 2007. - 470 б.
3. Сыздық Р. Сөз құдіреті. - Алматы: Санат, 1997. - 223 б.
4. Макаренко А.С. Воспитание гражданина /Виноградова М.Д. - М.: Просвещение, 1988. - 304 с.
5. Ұйықбаев К.И. Тіл мәдениетінің кейбір мәселелері. - Алматы: Білім, 1969. - 24 б.
6. Қалиев Б. Тіл мәдениеті және ұлттық сана //Жетісу. - 2004. № 3.
7. Сыздық Р. Бүгінгі жазу-сызу мәдениеті //Егемен Қазақстан.- 2004.
8. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1999. - 448 б.

Исакова Асылымай Сагинбековна
Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова
г.Актау, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ РЕЧЕВОЙ КУЛЬТУРЫ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА

Аннотация. Лингвистические и культурологические основы формирования языковой личности студентов-филологов могут использоваться как классификационные признаки при классификации документов, как семантические концепты при формировании тезаурусов и онтологий, как опорные концепты при анализе медиаконтента. Практически во всех задачах автоматической обработки текста, таких как аннотирование, индексирование, классификация, машинный перевод, извлечение знаний и т. д. необходимо будет разработать терминологию.

Данная монография призывает к описанию и систематизации этих методов с целью определения будущего и развития проблем формирования языковой личности.

Актуальность выявленных проблем обусловлена феноменом информационного взрыва в современном обществе. Предназначено для научных работников, специалистов, преподавателей вузов, докторантов, аспирантов и студентов в области формирования языковой личности.

Ключевые слова: культура слова, культура речи, языковая личность, языковая личность студента, формирование языковой личности.

Issakova Assylymay Sagunbekovna
Caspian University of Technologies and Engineering named after Sh.Yessenov
Aktau, Kazakhstan

FORMATION OF THE SPEECH CULTURE FUTURE TECHERS

Annotation. Linguistic and cultural bases of formation of linguistic personality of philological students can be used as classification signs in document classification, as semantic concepts in generating thesauruses and ontologies, as supporting concepts in media content analysis. In virtually all automatic text processing tasks, such as annotation, indexing, classification, machine translation, knowledge extraction, and more. it will be necessary to produce the terminology.

This monograph calls for the description and systematization of these methods in order to determine the future and development issues of language identity formation.

The importance of the identified issues is based on the phenomenon of information explosion in modern society. It is intended for research workers, specialists, university teachers, doctoral students, graduate students and students in the field of language personality formation.

Key words: word culture, speech culture, linguistic personality, linguistic personality of the student, formation of linguistic personality.

ӘОЖ 159.99
ҒТАХР 15.01.11
DOI 10.56525/ODBU1796

СОЛАҚАЙ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***ЕГЕНИСОВА А.К.**
Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және
инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
E-mail: almazhai.yegenissova@yu.edu.kz
САҚТАҒАНОВА Қ.
Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және
инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
E-mail: kundyz.saktaganova@yu.edu.kz
***Автор корреспондент: almazhai.yegenissova@yu.edu.kz**

Аңдатпа. Адам жан дүниесінің қилы-қилы қыр мен сыры, тіршілік әрекеті зерттейтін психология ғылымы болғандықтан, онын қарастырар мәселелері қашан да маңызды екендігі белгілі. Соған сай, бұл мақалада солақайлық мәселесі, оның себептері, солақайлардың бірнеше топқа топтастырылулары: атап айтсақ, тұқым қуалайтындығы; әйелдердің кеше босануы; әр түрлі мәжбүрліктен; саналы түрде өзін күштеп үйретуден болатындығы баяндалады.

Олардың бірі солақайлық – оқушының оқу-тәрбие үрдісіндегі маңызды және басты айырмашылық болып табылады. Бұл аурулық та, кемшілік те емес. Солақайлық ми жарты шарларының негізгі функцияларының бөлісу ерекшелігіне байланысты. Солақайларда ми функциясының өзіндік ерекшеліктері бар.

Сонымен қатар, солақайлық проблемасын зерттеген ғалымдар: С.Спингер, Г.Дейч, Э.Ш.Айропетянц, Е.Д.Хомская, Н.Н.Брагина, М.М.Безруких, В.Л.Бланки т.б. пікірлеріне талдау жасалады.

Сондықтан, ғылым солақайларды төрт топқа бөледі:

Біріншіден, тұқым қуалайды. Яғни, қан мен тек арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Мұндай бірінші топқа жататындар саны шамамен 10% құрайды.

Екіншіден, әйелдердің кеш босануынан. Мансап қуып, көн етіктіні менсінбей, көк етікті кездеспей, кеш тұрмыс құрған әйелдердің ана құрсағында дүниеге келген сәбиді дүниеге әкелуде үлкен қиындықтарға тап болады. Сонымен қатар, оң қолдың қызметіне жауапты ми жасушалары бүлінуге ұшырайды. Жыл сайын солақайлықтың осындай түрімен дүниеге келетін балалар көбейіп келеді. Еліміздегі жалғызбасты жұмыспен қамтылғандардың саны 2,5 миллионға жетті.

Үшіншіден, мәжбүрлеуден. Мысалы, бала қолы күйіп қалған жағдайда, сол қолының көмегіне сүйенеді.

Төртіншіден, саналы түрде өзін-өзі күштеп дағдыландырудан. Бұл топта екі қолмен тамақ жейтін, қос қолмен жаза алатын адамдар да кіреді. Төртінші топтағы адамдар тағы бір рет дәлелдегендей, адамдардың қолынан не бір таңғажайып нәрселер келетінін, тырысса кез келген істі үйрене алатындығы белгілі. Психологтардың айтуынша, олардың шығармашылық әлеуеті күшті болады.

Солақай балаларды зерттеуде әр түрлі әдістемелер мен әдіс-тәсілдер, сұрақтамалар жүргізіліп, олардың қорытынды нәтижелері, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

***Кілт сөздер*:** солақай, оңқай, бала, әдістеме, зерттеу, эксперимент, визуал, аудиал, кинестетик

Бұл адам жанының әр қырымен мен құпияларын зерттейтін психологиялық ғылым болғандықтан,олардың қарастыратын проблемалары маңызды болып табылады. Психология саласы өте кең және қызықты және бүгінде көптеген шешілмеген мәселелерге, жасырын құбылыстарға және түсініксіз құбылыстарға толы.

Олардың бірі солақайлық – оқушының оқу-тәрбие үрдісіндегі маңызды және басты айырмашылық болып табылады. Бұл аурулық та, кемшілік те емес. Солақайлық ми жарты шарларының негізгі функцияларының бөлісу ерекшелігіне байланысты. Солақайларда ми функциясының өзіндік ерекшеліктері бар [1].

Өткенге көз жүгіртсек, солақайлық жағымсыз құбылыстарға негізделген деп айта аламыз, сондықтан солақайлар мен оңқайларды міндетті түрде қайта даярлау басталды. Осы уақытқа дейін жас ұрпақтың өсуі мен денсаулығымен айналысқан сарапшылар, егер солақайлар міндетті түрде зорлық-зомбылыққа бейім болса, онда оң қолды үйрету керек деп санайды. Баланы сол қолмен жазуға, әрекет еткенде, күш түсіргенде, бала тез шаршайды, өнімділік төмендейді, сол қолдың шаршау белгілері және бас ауруы пайда болады. Осы кезеңде балаларда түнгі қорқыныш, ұйқының бұзылуы, тамаққа тәбеттің төмендеуі, ашуланшақтық, зәр шығаруды ұстамау, қызбалық, қарсылық жиілеп кетті.

Негізгі бөлім. Адамның солақайлығының себебі әлі нақтыланбаған сұрақтардың бірі және бұл мәселелерге қатысты накты ғылыми тұжырымдар әлі жасалмаған. Ғалымдардың айтуынша, жыл өткен сайын солақайлар көбейіп келеді. Солақайлық мәселесін шетелдік және ресейлік ғалымдар С.Спингер, Г.Дейч [1] зерттеді. Ресейде Э.Ш.Айропетянц[2], Е.Д.Хомская[3] және Н.Н.Брагина[4]. М.Безруких[5] В.Л.Бланки[6] және т.б. зерттеген болатын.

Ресейлік ғалымдардың зерттеулері адамдардың көпшілігі шын мәнінде оңқай, ал 5-12% ғана солақай екенін көрсетеді. Бірақ солақайлар мен оңқайларды біржақты топ деп атауға болмайды. Жетілдірілген солақайлар және жоғары дәрежелі оңқолдылар бар және ғылыми түрде амбидекстер деп атайды [3].

Ресей нейрофизиологы Э.Ш.Айропетянцтің 1987 жылы 7-9 жасар балаларға жүргізген 13,3% солақай ұлдар және 10% қыздар болған. 14 жаста ұлдарда 4,4%, қыздарда 4,1% солақайлық анықталған [2].

Американың белгілі ғалымдары К.Спингер мен Г.Дейч өз еңбектерін «мидың сол жарты шары, мидың оң жарты шары» және «сол қолдың сыры» деп атаған [1]. Шындығында, көптеген тілдерге аудармаларда «солақай» сөзі «икемсіз, қабылданбайтын және қабілетсіз» дегенді білдіреді.

Сондықтан, ғылым солақайларды төрт топқа бөледі:

Біріншіден, тұқым қуалайды. Яғни, қан мен тек арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Мұндай бірінші топқа жататындар саны шамамен 10% құрайды.

Екіншіден, әйелдердің кеш босануынан. Мансап қуып, көн етіктіні менсінбей, көк етікті кездеспей, кеш тұрмыс құрған әйелдердің ана құрсағында дүниеге келген сәбиді дүниеге әкелуде үлкен қиындықтарға тап болады. Сонымен қатар, оң қолдың қызметіне жауапты ми жасушалары бүлінуге ұшырайды. Жыл сайын солақайлықтың осындай түрімен дүниеге келетін балалар көбейіп келеді. Еліміздегі жалғызбасты жұмыспен қамтылғандардың саны 2,5 миллионға жетті.

Үшіншіден, мәжбүрлеуден. Мысалы, бала қолы күйіп қалған жағдайда, сол қолының көмегіне сүйенеді.

Төртіншіден, саналы түрде өзін-өзі күштеп дағдыландырудан. Бұл топта екі қолмен тамақ жейтін, қос қолмен жаза алатын адамдар да кіреді. Төртінші топтағы адамдар тағы бір рет дәлелдегендей, адамдардың қолынан не бір таңғажайып нәрселер келетінін, тырысса кез келген істі үйрене алатындығы белгілі. Психологтардың айтуынша, олардың шығармашылық әлеуеті күшті болады.

Солақайларды қалам немесе қарындашпен бергенде оңай анықтауға болады, оларды сол қолымен алады. Сол қолмен жазатын балалар көбінесе сезімтал, жұмсақ, мазасыз және уайымшыл болады. Оларда шаршау синдромы кездесіп, жұмыс қабілеті төмен болады.

Сондықтан, біз жұмысымызда солақай балаларға зерттеу жүргізу үшін бірнеше әдістер мен әдістемелерді қолдандық.

Зерттеу нәтижесі. *Бірінші әдістеме.*Осы компоненттердің барлығына сүйене отырып, біз тиісті әдістемелерді жүргіздік. Бырыңғай жүйеде белгіленген іс-әрекеттің құрылымы бойынша, ең алдымен, оқушылардың ақпаратты қабылдау тәсілі болып табылады. Осы мақсатта біз оқушылардың ақпаратты қабылдау сипаттамаларын, атап айтқанда қабылдаудың жоғары үлгілерін анықтау үшін НЛП техникасы қолдандық.

Біз білетіндей, адамды үш түрлі типке бөлуге болады.

1. Визуал адамдар – бұл адамдар негізінен көретіні және елестері арқылы қабылдайды.
2. Аудиал – есту анализаторы арқылы ақпаратты қабылдау.
3. Кинестетик – түйсік арқылы, интуитивті қабылдайды.

Осы техниканы қолдана отырып, біз балалардан сүйікті ертегі кейіпкерлері, сүйікті ертегілері немесе мультфильмдері туралы айтып беруін сұраймыз. Алынған мәліметтер негізінде біз олардың ақпаратты қалай қабылдайтынын және олардың қандай түрге жататынын анықтадық [10].

Жүргізілген әдіс нәтижелерінің пайыздық қоры ақпаратты қабылдаудың жоғары режимін анықтаумен байланысты.

Солақайлар:

1) $100\% \neq 15$

$x - 5$

$$x = \frac{100 \cdot 5}{15} \approx 33{,}3\% - \textit{визуалдар}$$

2) $100\% \neq 15$

$x - 7$

$$x = \frac{100 \cdot 7}{15} \approx 46{,}6\% - \textit{аудиалдар}$$

3) $100\% \neq 15$

$x - 3$

$$x = \frac{100 \cdot 3}{15} \approx 20\% - \textit{кинестетиктер}$$

Оңқайлар

1) $100\% \neq 15$

$x - 4$

$$x = \frac{100 \cdot 4}{15} \approx 26{,}5\% - \textit{визуалдар}$$

2) $100\% \neq 15$

$x - 6$

$$x = \frac{100 \cdot 6}{15} \approx 40\% - \textit{аудиалдар}$$

3) $100\% \neq 15$

$x - 5$

$$x = \frac{100 \cdot 5}{15} \approx 33{,}3\% - кинестетиктер$$

Кесте-1. Солақайлар мен оңқайлардағы қабылдау түрлерінің пайыздық көрсеткіштері

	Солақайлар	Оңқайлар
Визуал	32,3%	28,2%
Аудиал	36,4%	42%
Кинестетик	26%	31,5%

Осы көрсеткіштерге сүйене отырып, біз солақайлар мен оңқайлар арасындағы ақпаратты қабылдаудағы айырмашылықтар, олардың түрлерінің бар екенін білдік. Сонымен, біз ақпаратты қабылдаудағы солақайлардың есту қабілеті, аудиалдылығы жоғары, екіншіден, көру қабілеті, визуалдардан кейін кинестетиктер екенін байқаймыз. Оңқайларда біз есту қабілетінің жоғары екенін, одан кейін кинестетиктер, ал үшіншісі визуалдар екенін көреміз. Сондықтан біз оңқайлар мен солақайлар арасында ақпаратты қабылдауда үлкен айырмашылық жоқ екенін білдік.

Екінші әдістеме. Енді вербалды-логикалық және бейнелі ойлау формаларының қайсысы жоғары және оңқайлармен салыстырып, айырмашылықтарын анықтау үшін келесі әдістемелерді қолдандық:

Вебалды-логикалық ойлауды айқындайтын әдістеме.

Бұл әдістемені орындау үшін қосымша сөзді сызылып тастайтын бланкілер қажет. Мұнда зерттелушінің оқытудың жалпы қабілеті мен маңызды белгілерін бөліп көрсету. Зерттелетін негізгі сипаттамалары ерекшеленеді. Әдістеме 15 бөліктен тұрады, олардың әрқайсысында 4 сөз бар. Субъектіге секундомер мен хаттама қажет. Зерттелінуші жауаптың уақыты мен дұрыстығын хаттамада белгілейді. Тапсырманың орындалуы ұпаймен есептеледі. Әрбір дұрыс жауап үшін -2 ұпай; қате жауап үшін -0 ұпай.

Кесте-2. «Вербалды-логикалық ойлау» бойынша солақайлар мен оңқайлар арасындағы ерекшеліктерді айқындау

№	оң қол		R	сол қол		R
1	А.Х.	13	16	М.А.	12	21
2	Ә.Э.	7	25	Ж.Ж.	18	3,5
3	Б.Қ.	14	13,5	М.Н.	13	19
4	Б.А.	13	13	Р.Ж.	10	25
5	Б.Қ.	14	13,5	С.Ж.	16	10
6	Б.С.	12	21	С.Ұ.	14	13,5
7	Е.Е.	16	8	С.И.	9	28
8	Ж.Н.	19	1,5	С.Б.	10	25
9	Ж.С.	14	32	С.А.	19	1,5
10	Қ.А.	18	3,5	Қ.А.	17	6,5
11	Қ.Е.	14	13,5	Т.А.	19	6,5
12	Қ.Б.	17	6,5	Ж.А.	12	21
13	Қ.Қ.	12	21	А.Х.	9	28
14	Қ.Р.	16	10	Б.А.	8	29
15	М.А.	17	6,5	Ж.Н.	9	28

Демек, ақпаратты солақай мен оңқай балаларда өндеуді қамтамасыз ететін вербалды логикалық ойлауда статистикалық маңызды айырмашылықтар бар екені анық.

«Бейнелі ойлауды» айқындайтын әдістеме.

Бұл зерттеуді жүргізу үшін сізге 4 суреттен тұратын 5 түрлі карта қажет; секундомер және жауаптарды белгілейтін хаттама қажет.

Зерттеуді өткізу жекелей жүргізіледі. Зерттеуді бастамас бұрын сенімді қарым-қатынас орнату керек. Бағдар ретінде көрсетілген картадағы 3 элемент жалпы атрибутты білдіреді, оларды бір топқа, бір атпен атауға болады, ал қалған біреуі олардан өзгешеленеді және сызылуы қажет. Зерттеуші уақытты хаттамаға жазып отырады.

Енді ойлаудың екінші түрі бейнелі ойлауды ерекшеліктерін айқындаймыз.

Кесте -3. «Бейнелі ойлау» әдістемесі бойынша көрсетілген мағлұматтардың солақайлар мен оңқайлар арасындағы айырмашылықтары

№	**оң қол**		R	**сол қол**		R
1	Б.С.	8	28,5	М.А.	18	4
2	Е.Е.	10	20	Ж.Ж.	21	1,5
3	Ж.Н.	13	13	М.Н.	9	24
4	Ж.С.	15	9,5	Р.Ж.	11	17,5
5	Қ.А.	8	28,5	С.Ж.	17	7
6	А.Х.	18	4	С.Ұ.	18	4
7	Ә.Э.	10	20	С.И.	10	20
8	Б.Қ.	11	17,5	С.Б.	15	9,5
9	Б.А.	9	24	С.А.	21	1,5
10	Б.Қ.	12	15	Қ.А.	9	24
11	Қ.Е.	12	15	Т.А.	8	28,5
12	Қ.Б.	14	11,5	Ж.А.	9	24
13	Қ.Қ.	8	28,5	А.Х.	14	11,5
14	Қ.Р.	17	7	Б.А.	17	7
15	М.А.	9	24	Ж.Н.	12	15

Яғни, солақайлар мен оңқайларда ақпаратты өңдеуді қамтамасыз ететін бейнелі ойлауда, ерекше ойлауда статистикалық маңызды айырмашылық бар екендігі байқалады.

Осылайша, біз ойлаудың осы екі түрінде оңқайлар және солақайларда статистикалық маңызды айырмашылықтары бар екенін анықтадық. Сонымен, біз оңқай балаларда бейнелі ойлаудың жоғарылау екенін байқадық

Үшінші әдістеме «Оқу-іс-әрекетінің ерекшеліктерін анықтау үшін қолданылатын сауалнама».

Бұл мәселенің мақсаты – солақайлардың білім беру қызметіне әсерін анықтау.

Негізінде бұл сұрақтама мұғалімге қойылатын арнайы сұрақтарды қамтиды. Мұнда біз солақай оқушылардың, оң қолды оқушылармен салыстырғанда айырмашылықтар туралы айтылады. Бұл сұрақтарда мұғалімдердің балалардың білім беру іс-әрекетіндегі солақайлардың ерекше үлгерімі мен қиындықтары туралы көзқарастары көрсетіледі.

Осылайша, солақайлар оңқайлардан гөрі, солақай әрекет етуге бейім, яғни солақайлық қалыпты жағдай. Сол қолымен жазатындарды ешбір жағдайда «жаман балалар» деп атау жұрыс емес. Бұл адам ағзасындағы кемшіліктер деп атауға болмайды. Солақайлардың мидың оң жақ жартысы жақсы жұмыс істейтіндіктен, олар сезімталдық пен есте сақтау, талдау сияқты қабілеттерге ие.

Сонымен, біз оңқай балалардың білім алуға деген ынтасы жоғары екенін көреміз.

Оқу міндеттерін орындауға байланысты сұрақтамаға сапалы талдау.

Бұл мәселеде негізінен солақай балалардың білім беру қызметі кезінде мұғалімдердің орындайтын міндеттерінің ерекшеліктері туралы айтылады.

1.Қойылған талаптарға сүйене отырып, солақайлар математиканы, ана тілін және бейнелеу өнерін ұнататынын айтты. Алайда, оң қолдылармен салыстырғанда, деңгейі жоғары пәндерді таңдауда нақты мәліметтері көрсетілмеген.

2. Алға қойылған талаптарға сүйене отырып, солақайлар математика қарапайым пән, ал қазақ тілі күрделі пән деп жиі айтады.

3. Талаптарға сүйене отырып, солақай оқушылар өздерінің және оң қолды балаларға қарағанда жазу жазған кезде баяу жазатындығымен, ерекше ой ұшқырлығымен ерекшеленеді.

4 .Солақай бала оңқай балаларға қарағанда кейде қосымша әдебиеттерді оқымайтынын, кейде көп оқитынын айтты.

5. Талаптарға сәйкес, тез арада ойлану керек болған кезде, солақай балалар ойлануға уақыт қажет екенін байқатты.

6. Алға қойылған талаптарға сүйене отырып, солақай балалар тапсырмаларды орындау кезінде қосымша уақытты қажет ету және баяу жазу сияқты қиындықтарға тап болады.

7. Талаптарға сәйкес, тапсырманы орындау кезінде солақайлар мен оң қолдар арасында аса ешқандай айырмашылық жоқ екендігі байқалды. Бірақ кейбір жағдайларда солақайлайлардың дара ерекшелігіне байланысты өзгешеліктер болатынын айтты.

8. Берілген тапсырманы орындау кезінде солақай бала нашар бағаланғанда, келесі жолы жақсы жауап беруге тырысатынын айтты.

Осыған байланысты, мұғалімнің жауаптары арасындағы ұқсастық келесідей:

1. сұрақта -10; 2. сұрақта -5; 3. сұрақта-8; 4. сұрақта-3; 5. сұрақта-6; 6. сұрақта-5; 7. Сұрақта-5;8.сұрақта -6;

Қорыта айтқанда, солақай оқушылардың оқу іс-әрекетінде өзгешеліктері, тапсырмаларды орындау өзгешеліктері және тапсырмаларды орындауға кеткен уақыт ерекшеліктері бар екенін көрсетеді.

Эксперименттік бөлімді қорытындылай келе, біз келесі нәтижелерді шығара аламыз.

Жоғарыда айтылғандай, жеке оқыту стильдерінің құрылымына сәйкес, солақайлардың білім беру қызметінде салыстырмалы түрде үлкен айырмашылықтар бар. Біз мұны жүргізілген әдістемелер негізінде анықтадық. Содан кейін біз осындай нәтижеге қол жеткіздік:

1.Ақпаратты өңдеу кезінде солақайлар мен оң қолдар арасында айырмашылық бар және бұл статистикалық маңыздылықтың жоғары деңгейіне сай келеді.

2. Ақпараттың қабылдануында айтарлықтай айырмашылық жоқ.

3. Солақай балалардағы бейнелі ойлау нәтижелері өте жоғары.

4. Оң қолды адамдарда вербальды ойлау жоғары дамыған.

5. Оқу мотивацияда айтарлықтай айырмашылықтар бар.

6. Солақай балаларда когнитивті дағдыларды игеруге байланысты жоғары мотивация бар.

Осылайша, біз өз жұмысымыздың мақсатына жеттік, яғни бастауыш сыныптағы солақайлықтың беру іс-әрекетіндегі стилі ерекше және ұқсас емес екенін анықтадық. Қойылған болжам расталып, міндеттер орындалды және өз мақсаттарымызға жеттік деп санаймыз.

Қорытынды. Осылайша, зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру барысында әдістемелерді қолдана отырып жүргізілген зерттеуде болжам толығымен расталды және қорытынды жұмыс өз мақсаттарына жетті деп айта аламыз.

Біздің ойымызша, бастауыш мектептегі солақайлар балаларымен жеке дара жұмыс жасалса:

1.Олар жоғары сыныпқа барғанда, олардың үлгерімі оңқай балалардың үлгеріміне тең болады.

2. Оқу процесінде байқалған қиындықтармен жұмыс үлкен жетістік әкеледі.

Сондықтан, біз бұл мәселені толығымен шештік деп айта алмаймыз, соған сай төмендегідей ұсыныстарды береміз:

1.Бастауыш мектептің солақай оқушыларымен жұмыс істеу және білім беруді жетілдіру институтының мұғалімдері мен психологтары үшін олардың мәселелерін шешу бойынша курстар мен семинарлар ұйымдастыру ұсынылады.

2.Педагог-психолог, мұғалімдер бірінші сыныпқа келген солақайларға жылулық пен мейірімділікпен көмек көрсету;

3.Мұғалімдер білім беру үрдісінде солақай балалармен оңтайлы жұмыс жасау технологиясын меңгеру;

4. Мектеп психологтары мұғалімдерге, ата-аналарға, балаларға солақай балалар проблемасын оңтайлы шешу бойынша психопрофилактикалық сабақтар, тренингтер ұйымдастыру.

Біз өз жұмысымызды солақайлықтың оқу іс-әрекетін зерттеуге бағыттадық және зерттеуіміздің барысында әр түрлі әдістемелер жүргіздік. Сол арқылы солақайлардың оқу іс-әрекетіндегі ерекшеліктері бар деген қорытындыға келдік.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1].Спингер С., Дейч Г., Левый мозг, правый мозг. Асимметрия мозга. М. 2015. С. 17-31; С. 75-81.

[2].Айропеталанс Е.Sh. к проблеме исеральбного мозга.// Труды ГОС7 наусч ислед. ИГ.V.М.Бехтерова, 2012-Т. 29-С19-48.

[3].Хомская Е. Д. Нейропсихология индивидуальных различий. Российское педагогическое агентство. М. 2013. С. 23-33.

[4].Брагина Н.Н., Доброхотова Т. N. Функциональная асимметрия мозга. М. 2014. С. 62-91.

[5]. Безруких М. Леворукий ребенок в школе и дома. 2016, С. 10-19.

[6]. Бланки В. Л. Механизм парного мозга. L. 2014.123 с.

[7]. Джексон с. Практическая психология. М., 2009.83-85с.

[8].Зинченко В. П. О микроструктурном методе исследования познавательной деятельности. М. 2012.56-57к.

[9]. Светлов П. С. Левши и Правши. СПб. 2014.35 с.

[10].Семенович А.В. Психолого-педагогическое сопровождение детей – левший. М. 1998.78с.

[11].Рогов Е.И. Настольная книга практического психолога в образований. М. Владос.1996.265 б.

[12].Адрианов О.С. Актуальные проблемы учения об организаций. Функций мозга.

[13]. Методологические аспекты науки о мозге. М. 1983. 81-91 б.

[14].Сидоренко Е.В. Методы математической обработки в психологий – СПб. 2004 – 346 б.

REFERENCES

[1]. Spinger S., Deutsch G., Left brain, right brain. Brain asymmetry. M. 2015. pp. 17-31; pp. 75-81.

[2]. Air balance E.Sh . on the problem of the iserebic brain.// Proceedings of the GOS7 Scientific Research and research. I.V.M.Bekhterova, 2012-vol. 29-C19-48.

[3].Chomskaya E. D. Neuropsychology of individual differences. Russian Pedagogical Agency. M. 2013. pp. 23-33.

[4]. Bragina N.N., Dobrokhotova T.N.Functional asymmetry of the brain. M.2014.pp. 62-91.

[5]. Bezrukikh M. A left-handed child at school and at home. 2016, pp. 10-19.

[6]. Blanks V. L. The mechanism of the paired brain. L. 2014.123 p.

[7]. Jackson S. Practical psychology. M., 2009.83-85c.

[8]. Zinchenko V. P. On the microstructural method of cognitive activity research. M. 2012.56-57k.

[9]. Svetlov P. S. Left-handers and Right-handers. St. Petersburg, 2014.35 p.

[10]. Semenovich A.V. Psychological and pedagogical support for left–handed children. M. 1998.78p.

[11].Rogov E.I.The handbook of a practical psychologist in education.M.Vlados.1996.265 b.

[12]. Adrianov O.C. Actual problems of the doctrine of organizations. Brain functions.

[13]. Methodological aspects of brain science. M. 1983. 81-91 b.

[14]. Sidorenko E.V. Methods of mathematical processing in psychology – St. Petersburg, 2004 – 346 b.

Егенисова Алмажай Кулжановна
Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова
г. Актау, Казахстан
Сактаганова Кундыз
Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова
г. Актау, Казахстан

ДЕТЕЙ-ЛЕВШЕЙ ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ

Аннотация. Так как это психологическая наука, изучающая тонкости и секреты человеческой души, жизнедеятельности, то она имеет важное значение. Соответственно, в этой статье рассказывается о проблеме леворукости, ее причинах, о том, что левши группируются в несколько групп: в частности, наследственность; роды у женщин вчера; от различных принуждений; от сознательного принуждения к себе.

Одно из них – леворукость-является важным и главным отличием в учебно-воспитательном процессе учащегося. Это не болезнь и не недостаток. Леворукость обусловлена спецификой обмена основными функциями полушарий головного мозга. У левшей есть свои особенности функции мозга.

Кроме того, ученые, изучавшие проблему леворукости: С.Анализируются мнения спингера, г. Дейча, Э. Ш. Айропетянца, Е. Д. Хомской, Н.Н.Брагиной, М. М. Безруких, В. Л. Бланки и др.

Поэтому наука делит левшей на четыре группы:

Во-первых, наследуется. То есть кровь передается из поколения в поколение только через меня. Число тех, кто относится к первой такой группе, составляет около 10%.

Во-вторых, от поздних родов у женщин. В погоне за карьерой, презирая ботинок, не встречая синих ботинок, женщины, которые поздно поженились, испытывают большие трудности с рождением ребенка, рожденного в утробе матери. Кроме того, клетки мозга, отвечающие за функцию правой руки, подвержены повреждению. С каждым годом все больше и больше детей рождаются с этим типом левши. Число одиноко занятых в стране достигло 2,5 миллиона человек.

В-третьих, от принуждения. Например, ребенок полагается на помощь левой руки в случае ожога руки.

В-четвертых, от осознанного самовоспитания. В эту группу также входят люди, которые едят двуручную пищу и могут писать двойными руками. Как еще раз доказали люди из четвертой группы, известно, что люди могут научиться чему-то удивительному, чему угодно, если попробуют. По словам психологов, у них будет сильный творческий потенциал.

В исследовании детей-левшей проводятся различные методики и методики, опросы, даются их итоговые результаты, научно-методические рекомендации.

Ключевые слова: левша, правша, ребенок, методика, исследование, эксперимент, визуал, аудиал, кинестетик

Egenissova Almazhay Kulzhanovna
Caspian university of technology and engineering named after Sh. Yessenov
Aktau, Kazakhstan
Saktaganova Kundyz
Caspian university of technology and engineering named after Sh. Yessenov
Aktau, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL CHARACTERISTICS OF LEFT-HANDED CHILDREN

Abstract. Since this is a psychological science that studies the subtleties and secrets of the human soul, vital activity, it is important. Accordingly, this article talks about the problem of left-handedness, its causes, and the fact that left-handers are grouped into several groups: in particular, heredity; childbirth in women yesterday; from various compulsions; from conscious self-coercion.

One of them, left–handedness, is an important and main difference in the educational process of a student. This is not a disease or a disadvantage. Left-handedness is caused by the specifics of the exchange of the main functions of the cerebral hemispheres. Lefties have their own peculiarities of brain function.

In addition, scientists who have studied the problem of left-handedness: C.The opinions of Spinger, G. Deitch, E. S. Ayropetyants, E. D. Chomskaya, N.N.Bragina, M. M. Bezrukikh, V. L. Blanks, etc. are analyzed.

Therefore, science divides lefties into four groups:

Firstly, it is inherited. That is, blood is passed from generation to generation only through me. The number of those who belong to the first such group is about 10%.

Secondly, from late childbirth in women. In pursuit of a career, despising shoes, not meeting blue shoes, women who got married late have great difficulty having a child born in the womb. In addition, the brain cells responsible for the function of the right hand are susceptible to damage. Every year more and more children are born with this type of lefty. The number of people employed alone in the country has reached 2.5 million people.

Thirdly, from coercion. For example, a child relies on the help of his left hand in case of a hand burn.

Fourth, from conscious self-education. This group also includes people who eat two-handed food and can write with double hands. As the people from the fourth group proved once again, it is known that people can learn something amazing, anything, if they try. According to psychologists, they will have a strong creative potential.

In the study of left-handed children, various methods and techniques, surveys are conducted, their final results, scientific and methodological recommendations are given.

Key words: left-handed, right-handed, child, methodology, research, experiment, visual, auditory, kinesthetic

ӘОЖ 159.99
ҒТАХР 15.01.11
DOI 10.56525/VCNU1462

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕЛМЕУІНІҢ АЛДЫН АЛУ

***ЕГЕНИСОВА А.Қ.**
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
E-mail:almazhai.yegenissova@yu.edu.kz
КАЗИЕВ К.О.
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ.,Қазақстан
***Автор корреспондент: almazhai.yegenissova@yu.edu.kz**

Аңдатпа. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының мектепке бейімделмеу мәселелері, мектеп оқуына бейімділігі компоненттері: интеллектуалды, жеке дайындығы, дене дайындығы туралы мәселелер сөз болады. Осы проблеманы зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалып, төмендегідей әдіс-тәсілдер ұсынылған: атап айтсақ, грамматикалық конструкциядағы түсінікті табу; тапсырманы ауызша орындауын тексеру; балалардың зат есімді өзгерту ептілігін анықтау; оқиғаның жүйелілігін анықтап, ептілікпен тауып орнату.Балалардың мектепке алғаш баруын мектепке педагогтар мен психологтар баланың өмірінің жаңа бастамасы және оның әлеуметтік ортадағы жаңа жағдайы ретінде қарастырады. Л.И. Бажович баланың оқу қызметіне дайындығын оның әлеуметтік маңыздылығына және әлеуметтік бағалау қажеттіліктерінің өсуіне байланыстырды Л.С. Выготский мектеп жасына дейінгі балалар үшін жаңа психологиялық құрылым, атап айтқанда «интеллектуализация аффекта» ретінде «жан күйзелісі зияттылығы» тұжырымдамасын құрды және енгізді. Баланың мектептегі білімге деген ұмтылысы бірнеше компоненттерді қамтиды: интеллектуалды, жеке дайындығы және дене дайындығы.Балаларды мектепке бейімдеу жұмысында мұғалімдердің балаларға әсер ету формасын қайта қарастыру, ал қарым-қатынас балабақша тәрбиешілерінің стиліне қайшы келмеу проблемасын қарастырды. Атап айтсақ:

1.Семинарларда, конференцияларда, жиналыстарда және білім беру кеңестерінде мектепке дейінгі тәрбиешілер мен мектеп мұғалімдері, соның ішінде бірінші сынып мұғалімдері тәжірибе алмасуы үшін байланыс орнатылуы керек.

2. Мектепке дейінгі мекемелерде мектеп мұғалімдерінің болуы балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін (ойындар, оқыту, еңбек, шығармашылық, отбасы) ұйымдастыруды және өткізуді, демек,тәрбиешілердің мектепте болып, тәжірибе алмасып, пікірлесуі.

Бастауыш сынып оқушыларының мектептегі дезадаптация мәселесін шешу үшін келесі әдістерді қолданады:

1. Грамматикалық құрылымнан түсінік табу.
2. Тапсырманың ауызша орындалуын тексеру.
3.Баланың зат есімдерді өзгерту қабілетін анықтау
4. Оқиғалардың жүйелілігін анықтап, ептілікпен тауып орнату.

Сонымен қатар, тәжірибелік-эксперимент нәтижелері беріліп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі

Кілт сөздер: бастауыш сынып, бейімделмеу, мектеп, интеллектуалды дайындығы, жеке дайындығы, дене дайындығы, семинар, тренинг, зерттеу, эксперимент, әдіс.

Кіріспе. Балалардың мектепке алғаш баруын мектепке педагогтар мен психологтар баланың өмірінің жаңа бастамасы және оның әлеуметтік ортадағы жаңа жағдайы ретінде қарастырады. Л.И. Бажович баланың оқу қызметіне дайындығын оның әлеуметтік маңыздылығына және әлеуметтік бағалау қажеттіліктерінің өсуіне байланыстырды [1].

Қазіргі уақытта балалар психологиясы ғылымында мектептегі білім алуына дезадаптация проблемасы баланың білімімен ғана емес, сонымен бірге оның психикасының сапалық ерекшеліктерімен, яғни белгілі бір психологиялық құрылымдардың қалыптасуымен тұжырымдалады. Бұл әдістің негізін Л.С. Выготский мектеп жасына дейінгі балалар үшін жаңа психологиялық құрылым, атап айтқанда «интеллектуализация аффекта» ретінде «жан күйзелісі зияттылығы» тұжырымдамасын құрды және енгізді. Ол жаңа құрылымның көріністерінің бірі ретінде баланың мінез-құлқының қоғамда қолданатын талаптарға сәйкестігіне қарай өзгеруі деп санайды [2].

Негізгі бөлім. Баланың мектептегі білімге деген ұмтылысы бірнеше компоненттерді қамтиды: интеллектуалды, жеке дайындығы және дене дайындығы. Интеллектуалды даындық - балалар аналитикалық қабілеттерді, қызметтің жалпы принциптерін көре алады, әртүрлі психологиялық операцияларды шеше алады және қоршаған шындыққа когнитивті көзқараспен қарай алады деп болжанады. Алайда, И.В.Дубровинаның пікірінше балалардың білімге деген көзқарасы әр түрлі, барлығы бірдей білімді сәтті қабылдай бермейді, бірінші сынып оқушыларының іс-әрекетінің нәтижесінде көрінеді, ал көп жағдайда олардың оқу әрекетінің кейінгі кезеңдеріне де әсерін тигізеді [3]. Психологтар баланың жеке басының бейімделмеу мәселесін білім беру қызметімен және оның өзінің психологиялық процестерін басқару қабілетімен байланыстырады. Бұл дегеніміз, бала импульсивті (шұғыл) эмоциялардан арылады, ерікті қасиеттер іс-әрекет процесінде көрінеді, ал бала шоғырлануды, белсенділікті, тәртіпті және оқуға деген ынтаны көрсетеді.Бұлардың ішінде Л.И. Бажович, А. М. Леонтьев, Д. Б. Эльконин, В. С. Мухина жеке тренингтің рөлін жоғары бағалайды.

К. Д. Ушинский алғаш рет балалардың мектепке бейімделмеуі туралы мәселені көтерді. «Ана тілін» оқытуға арналған нұсқаулығында, ол «Оқытуды бастаудың мезгілі» атты мақаланы арнайы жазды. Онда ата-аналар мен мұғалімдерге ескертіп, «Балаңыз мүмкіншілігі болмайынша әдістемелік оқытуды бастамаңдар»-деді. «Сөздерді нашар айту, байланыстырып сөйлей алмау,жады мен зейіннің нашарлығы т.б өз уақытынан ерте оқытудың белгілері екендігін атап өтті [8].

Атап айтқанда, К. Д. Ушинский зейіннің төмендігі, сөздерін байланыстыра алмауы, балалардың мектепте ерте білім алуының сипаттамасы ретінде қарастырады [8].

Балалардың көпшілігі негізінен мектепке дайын болып келеді, «Мен қазір шәкіртпін!", мәртебесін саналы түрде сезіну және оған жүктелген міндеттерді орындауға дайындық балаға өзінің мінез-құлқына, құрдастарына және қарым-қатынастарына, жаңа күн тәртібіне, сабақ кестесіне, жұмыс деңгейлеріне және т. б. моральдық талаптарды қабылдауға көмектеседі.

Сондықтан тәжірибелі ұстаз балаларға басынан бастап не қажет екенін түсіндіруі керек. Балаға жаңа құқықтар мен міндеттердің сипаттамаларын бірден көрсету өте маңызды. Мұғалімнен не күтетінін және өзінің не істей алатынын білмейтін оқушы мұны байқау және қателесу әдісімен анықтай бастады. Алайда, бұл мінез-құлық нормалары мен ережелерінің талаптарын сақтау тыйым салуды білдірмейді. Балалар мектептің бірінші күнінен бастап мінез-құлық кодексін түсініп қана қоймай, бүкіл білім беру процесін балалар шынайы моральдық және этикалық нәтижелерге қол жеткізе алатындай етіп ұйымдастыруы керек.

Мектепке барудан қорқатын немесе мектеп өміріне бейімделе алмайтын балалар тез невротикалық жаман әдеттерге жақын болады (тырнақ тістеу, саусақтарын сору, шаштарын ластау немесе дене мүшелеріне қол тигізу). Дене бөліктерімен ойнау оларды тыныштандырады [9].

Осындай балаларды танып, анықтауға сурет салу көмектеседі. Олардың салған бейнелері штрихтардың көптігімен, басып салатындығымен мен бейнелерінің тым уақтығымен ерекшеленеді. Мұндай балалар суреттің жеке бөлшектерін салу кезінде көп уақыт бөліп, әсіресе ұсақ бөлшектерге көп бөгеледі. Осындай балалардың жүздері төмен, және олардың назары өте әлсіз. Олар орындықтарда тығыз отырады, қажетсіз қозғалыстар жасамауға тырысады, шу шығармайды және басқалардың назарын аудармағанды жөн көреді. Мұндай балаларды сабырлы және ұялшақ деп атайды. Құрдастарының ата-аналары оларды әдетте балаларына үлгі ретінде пайдаланады: «Қарашы Марат өзін жақсы ұстайды, қыдырып жүргенде тентектік жасамайды, ол ойнаған кезде ашуланбайды және күн сайын ойыншықтарын әдемі жинайды. Ол анасын тыңдайды» Бұл қаншалықты жақсы көрінсе де, көбінесе шындық болып шығады - бұл балалар өздерін «дұрыс» ұстайды.

Мектепке келген бала мектепте қызық оқиғалар болады деп үміттенеді. Бірақ бастауыш сынып мұғалімдері баланың жеке ерекшеліктерін ескермей, барлығына бірдей талаптар қояды. Бұл жағдай оқушылардың мектепке бейімделуін қиындатады. Осыдан кейін қайсібір балалардың үлкендерге бағынғыштығы, ұстазына еркелеуі және т.б невротикалық көріністерді байқатады. Бұл балалардың мектепке үйренуін қиындатады. Осының жағдайдың дәлелі ретінде бастауыш сынып балаларының «Мектептегі алаңдаушылығын анықтау» нәтижесінің көрсеткіші төмендегіде болады [10]:

Мектептегі алаңдаушылық.

1. Мектептегі жалпы алаңдаушылық;
2. Стрессті қабылдап, қапалануы;
3. Жетістікке жетуге деген қажеттілік;
4. Өзін-өзі көрсетуден қорқу;
5. Білімді тексеруден қорқу;
6. Күтілетін нәтижелерден қорқу;
7. Қысымға қарсы тұра алмау;
8. Мұғаліммен қарым-қатынас орнатудан қорқу.

Мектепте оқудың басқа да сипаттамалары болады. Бала бақшада және мектепке дейінгі білім беруге дайындық топтарында қалыптасқанептіліктері мен дағдылар бастауыш мектептің талаптарына сәйкес келмейді. «Мектептегі дезадаптация» (яғни, мектепк бейімделе алмауы). төмен үлгерімнен, нашар тәртіптен, үлкендермен және құрдастарымен қарым-қатынастың бұзылуынан, сондай-ақ субъективті жағымсыз жеке қасиеттердің пайда болуында көрінеді.

Психолог ретінде В.В. Граховскийдің айтуынша 15-18% жағдайда мектептегі дезадаптация төменгі сыныптарда болатынын анықтады. Бала ұзақ уақыт бойы мектепке баруға дағдыланған (бейімделген) және осы уақытта оның физикалық және психологиялық ерекшеліктері пайда болды. Бала мектепке үйренісу кезеңінде балалар қозғалғыштығының жоғарылауын немесе депрессиясын, бас ауруын, нашар ұйқыны және тамаққа тәбеттің төмендеуін сезінеді [11].

Кешегі балабақша тәрбиеленушісі үшін балабақшадан мектеп өміріне көшу неғұрлым шұғыл болса, оның денесі дайын болмаса, бұл жағымсыз салдар соғұрлым айқын болады. Әрине, 7 жасар балалар 6 жасар балаларға қарағанда мектепке бейімделу оңайырақ. Бастауыш мектепте оқуға үйренісуінің маңызды критерийлерінің бірі - баланың денсаулығы және оқу жүктемесінің әсерінен денсаулық көрсеткіштерінің өзгеруі. Әрине, оқу процесінің ұзақтығы, ең алдымен, оқудың басында баланың денсаулық жағдайына байланысты. Жақсы физикалық дамуы бар дені сау балалар, барлық физикалық жүйелер жақсы жұмыс істейді және жақсы дайындалған балалар оқу кезінде ми мен физикалық жүктемеге оңай шыдай алады.Оқытудың бастапқы кезеңінде танымдық белсенділік пен оқуға байланысты мотиві әлсіз, ал 6-7 жаста балаларда когнитивті мотивация мен оқу энергиясы аз дамығандықтан және олар оқу іс-әрекеті барысында біртіндеп қалыптасады [9].

Бірінші сынып балалары әр түрлі себептермен оқу жүктемесін көтере алмай, уақыт өте келе үлгермеушілер қатарына енеді, бұл өз кезегінде неврозға және мектептен қорқуға әкеледі. Оқушылар мектепке келгенге дейін үлкендермен және құрдастарымен тиісті тәжірибе алмаған, өздеріне сенімсіз балалар, ата аналарына күткен нәтижелерін көрсете алмаудан қорқып, мектепке бейімделуде қиындықтарға тап болды және мектеп ұжымынан қорқады. Бұл қорқыныштың негізінде қателік жасаудан, ақымақтық жасаудан және оған күлуден қорқу жатыр. Мұндай балалар көбінесе тақтаның алдында жауап беруден тартынады. Әсіресе, осы тақтаның алдында олардың қорғансыздығы толық көрсетілді.

Бақылау жұмысы олар үшін қысымның көзі болып табылады. Балалардың көз алдында олар өте маңызды, тіпті өте жақсы оқушылар да жауап бере алмайтын сұрақты қоюы мүмкін екендігін түсінеді.

Бақылау жұмысы алдындағы мазасыздану, ол білуі керек сұрақтарға жауап беру қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін, кейде бұл баланың ақымақ қателіктер жіберуіне әкелуі мүмкін. Бақылаулар - бұл өзін-өзі қорқытатын әдеттегі жағдай, яғни алдымен «мен жеткілікті дайындалмадым, дұрыс жауапты білмеймін, нашар баға аламын» деген ойлар пайда бола береді. Бұл шиеленісті күшейтті, ал бала тез арада қорқыныштың тұзағына түсіп, тапсырманы әрең аяқтайтын болады.

8-10 жас аралығындағы балалар үрейден құтылу үшін бақылау жұмысы алдында келесі жаттығуларды орындатуға болады:

1. Терең дем алып, дем шығарыңыз
2. Өзіңізге айтыңыз: «Мен одан да жақсысын жасау үшін бар күшімді саламын» деп айту.
3. Егер сіз бақылау жұмысы кезінде қобалжысаңыз немесе өзіңізді қорқыта бастасаңыз, қайтадан үзіліс жасап, дем шығарыңыз. Мұғалім оқушының ең жоғары баға алатынына кепілдік бере алмайды, дегенмен оның қабілеттерін көрсетуге жақсы мүмкіндігі бар екендігін сездіреді [12].

Кейбір балалар үй тапсырмасын орындау кезінде қателіктер жіберсе, зәре-құты қашып, қорқады. Бұл ата-аналар оларды қатты тексеріп, қателіктерге драмалық мағына бергенде болады. Ата-аналар балаларын жазаламаса да, психологиялық жазалау болатындығы сезіліп қалады.

Кейбір жағдайларда мектептен қорқу, құрдастарымен жанжалдан қорқудан және олардың физикалық күшінен қорқудан туындайды. Бұл әсіресе эмоционалды сезімтал, әлеуметтік-мәдени және педагогикалық олқылығы бар балаларға қатысты.

Бастауыш сынып оқушыларының мектепке бейімделе алмауын аяқталмаған сөйлемдер мен балалардың салған суреттерін зерттеу арқылы анықтауға болады. Аяқталмаған сөйлемдер әдісі әртүрлі қарым-қатынасы мен іс-әрекетінің және мектепке барудан қорқуды зерттеу үшін қолданылады:

Мен мектеп туралы ойласам...
Мен мектепке келгенде...
Қоңырау соғылған кезде...
Мен мұғалімді көргенде...
Бақылау жұмысы болғанда...
Сабақ аяқталған кезде...
Мен тақтада жауап бергенде...
Мен екі алғанда...
Мұғалім сұрақ қойғанда, мен..

Бұл сөйлемдердің соңы мұғалім білуі керек баланың өте маңызды эмоционалды көңіл-күйі көрініс береді.

Балалардың суреттерін зерттеу, балалардың қызығушылықтарын, хоббилерін, темпераментін, көңіл-күйін және ішкі әлемін жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, суреттегі сұр және қара түстердің көптігі өмірге деген құштарлықтың жоқтығын, көңіл-күйдің нашарлығын және баланың көтере алмайтын қорқыныштарын білдіреді. Керісінше, жарқын, ашық және жағымды түстер позитивті өміршеңдік пен оптимизмді көрсетеді. Қозу және әсіресе шамадан тыс белсенділік суреттің тұрақсыздығына, күңгірттенуіне немесе сызықтардың анық, бірақ бір-бірімен қиылысуына байланысты байқалады [13].

Депрессия мен мазасыздығы бар балалар суретті аз салады және басқа әрекеттерді қалайды. Әсіресе құнды нәрсе - әр сабақ үшін кезектесіп қарастырылатын топта сурет салу: «мектепте», «аулада, көшеде», «отбасы», «мен түсімде неден қорқамын немесе күндіз неден қорқамын?» , «Менде қандай жақсы және жаман нәрсе бар?», «Мен кім болғым келеді?» және т.б.

Сонымен қатар, балалардың мектепке бейімделмеуі мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері мен мектеп мұғалімдері арасындағы қарым-қатынас пен жұмыс әдістерін оқытуда сабақтастықтың болмауына байланысты. Осы жастағы балалардың мектепке бейімделуін жиі қиындататын себептердің бірі - мұғалімдер мен балалар арасындағы қарым-қатынас тәсілінің кенеттен өзгеруі. Балалармен белсенді қарым-қатынаста болса да, мұғалімдер оқу әрекеттерін қатаң бақылау үшін билік формаларын жиі қолданады, ал балалар мұндай жағдайға үйренбеген.

Педагогикалық әрекеттің бұл түрлері балада жек көрушілікті туғызады және оның бастамасын, тәуелсіздігін және өзіне деген сенімділігін басады (әсіресе ұялшақ және жуас балаларда).

Балаларды мектепке бейімдеу жұмысында мұғалімдердің балаларға әсер ету формасын қайта қарастыру, ал қарым-қатынас балабақша тәрбиешілерінің стиліне қайшы келмеуі керек.

1.Семинарларда, конференцияларда, жиналыстарда және білім беру кеңестерінде мектепке дейінгі тәрбиешілер мен мектеп мұғалімдері, соның ішінде бірінші сынып мұғалімдері тәжірибе алмасуы үшін байланыс орнатылуы керек.

2. Мектепке дейінгі мекемелерде мектеп мұғалімдерінің болуы балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін (ойындар, оқыту, еңбек, шығармашылық, отбасы) ұйымдастыруды және өткізуді, демек,тәрбиешілердің мектепте болып, тәжірибе алмасып, пікірлесуі.

Тәрбиешілердің әр бір баланың жеке дара ерекшеліктерін ескере отырып, әр топқа психоәлеуметтік мінездемелерін жазып, әр баланың жеке ерекшеліктерін ескеру және оны бастауыш сынып мұғалімдеріне беру.

3. Балабақша мен мектеп арасында байланыс орнату үшін, балабақша тәрбиеленушілері мен мектеп оқушыларын біріктіру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Мұнда мектеп белгілі бір мектепке дейінгі мекемені өз қарамағына алу және тәрбиелік шараларды бірлесіп жүзеге асырады; балабақша тәрбиеленушілерін мектепте бірінші сынып оқушыларын қабылдауға қатыстыруға, мектеп туралы фильмдер көрсетуге, кездесулер ұйымдастыруға және еңбек шараларын бірлесіп өткізуге рұқсат етіледі.

Бастауыш сынып оқушыларының мектептегі дезадаптация мәселесін шешу үшін келесі әдістерді қолдануға болады:

1. Грамматикалық құрылымнан түсінік табу. Бақылаушы сөз тіркесін айтады. Мысалы: «Самат кітап оқығаннан, кейін киноға барды» . Бұл сөйлемді анық, баяу оқу керек. Сіз оны екі рет дұрыс оқып, жақсы түсінгеніңізге көз жеткізуіңіз керек. Содан кейін бақылаушы сұрақ қоюға келді. «Самат алдымен не істеді - киноға барды? Әлдк кітапты оқыды ма?».

2. Тапсырманың ауызша орындалуын тексеру. Қарындаштар үстел үстінде шашылып жатады. Бақылаушы балаларға: «Қаламды жинап, қорапқа салыңыз, содан кейін қорапты сөреге қойыңыз», - деді. Балалар тапсырманы орындаған кезде бақылаушы сұрақ қояды: «қалам қазір қайда?» Сіз оны қайдан алдыңыз?»

Егер балалар тапсырманы дұрыс орындай алмаса, онда мәселені жеңілдету керек. Бақылаушы: «қаламды алып, оны жәшікке салыңыз», - деді. Содан кейін жаңа сұрақ қойыңыз.

3. Баланың зат есімдерді өзгерту қабілетін анықтау. Бақылаушы балаға: «Мен саған затты сөзбен айтамын, ал сен бұл затты көп нәрсеге айналдырып айтасың. «Мысалы, мен «кітап» десем, сен «кітаптар» деп айту керек. Содан кейін бақылаушы жалғыз сөз түріндегі он бір зат есімді түрінде айтады. Мысалы, қаламдар, кітаптар, орындықтар, перделер, қалалар, көздер, құлақтар, бауырлар, апалар, жалаулар, балалар. Егер бала жеткілікті түсінбесе, сөздерді көпше түрінде ауыстыру жөніндегі нұсқаулықты нақты түсініңіз (мысалы, «дәптер», «көптеген дәптерлер» және т.б.).

4. Оқиғалардың жүйелілігін анықтап, ептілікпен тауып орнату. Балалардың алдында таныс оқиғаларды бейнелейтін төрт фотосуретті ретсіз орналастырды. Мысалы: бірінші суретте бала ұйқыдан оянады, екіншісінде - жуынады, үшіншісінде - тамақ жейді, төртіншісінде – мектепке барады. Бақылаушы суреттердің орнын ауыстырып, қойып, қайтадан суреттерді дұрыстап қоюын сұрайды [14].

Психологиялық диагностика әдістерінің нәтижелерін саралап, қорытуда, осы әдістерден алынған нәтижелер, біздің көзқарасымыз бойынша, ересекте мектепке дейінгілердің дайындығы мен даму дәрежесін объективті бағалап, метепке дайындаудағы әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдап, түзетсе, оқушыға мектепке қажетті қызметі дұрыс қолдануға мүмкіндік береді.

Сондықтан, біздің ойымызша, балада мектеп оқуына қажетті компоненттерің бәрі уақытында қалыптасуы керек. Атап айтқанда, балалардың оқу тапсырмасын қабылдау қабілеті болады деген үміт бар. Өйткені, біздің ойымызша, бұл қасиет балалардың оқуға деген ынтасын арттырады. Оқуға деген ынтаны арттыру балаларға мектеп өміріне қысқа мерзімде бейімделуге көмектеседі.

Зерттау нәтижелері: Біздің, эксперименттік жұмысымыз Маңғыстау облысы, Ақтау қаласындағы 13 мектеп гимназиясының бастауыш сыныбында жүргізілді. Экспериментке бірінші сыныптағы 50 бала қатысты. Балалардың мектепке бейімделуі келесі критерийлермен анықталады:

- Интеллектуалды бейімділігі;
- Физиологиялық бейімділігі;
- Эмоционалды және еріктік бейімділігі;

Осы өлшемдер негізінде балалардың мектепке бейімделуінің үш деңгейі (жоғары, орта және төмен) анықталды.

Жоғары деңгей. Когнитивті процестер, есте сақтау, зейін және ақыл-ой ерекшеліктері жетілген. Берілген тапсырмаларды өз бетінше орындай алатын, жылдам қабылдауы, икемді қиялы, епті ақыл-ойы бар, назарын бір мақсаттан екіншісіне еркін ауыстыратын және ұзақ уақыт бойы белгілі бір мақсатқа назар аударатын баланы айтамыз.

Орташа деңгей. Танымдық процестердің даму деңгейі орташа. Ол өзін қызықтырмайтын нәрселерге ұзақ уақыт назар аудара алмайды. Оқуға деген мотивация оянған. Бұл берілген тапсырманы орындау үшін есептен шығарудың орташа мәні. Тұрақсыз концентрация. Мектеп өміріне және оқу бағдарламалары жүйесіне тез бейімделе алмайтын оқушының өз талаптарына тиімді жауап беретін ережелерді сақтау қабілеті жоқ.

Төмен деңгей.Танымдық процестердің даму деңгейі төмен, іш пыстырарлық нәрсеге ұзақ уақыт назар аудара алмайтын, өз бетінше тапсырмаларды орындамайтын іс-әрекеттерді орындау дағдылары дамымаған, шағын сөйлеу құралдары, ерікcіз ес және ерікciз зейіннің негізгі формалары басым, мектеп өмірінде сіңуі қиын, оқуға бейімділігі төмен оқушылар және психологиялық түзету жұмыстарының қажет еттін оқушылар жатады.

Экспериментті анықтау кезеңінде психологиялық тренинг, тестілеу, ойындар, Керн-Йерасектің «мектепке қалыптасуын бағдарлаушы тестісі», «ойлау және сөйлеу әдісі» т.б.

арқылы жүзег асады. балалардың мектепке баруға бейімділігін анықтау үшін әртүрлі диагностикалық тапсырмаларды орындау үшін басқа әдістер қолданылады.

Бірінші сынып оқушыларының оқу тапсырмаларының орындауға ынтасын көтеру мәселелері, біздің ойымызша қандай да болмасын тапсырманы дәл орындауға ынтасын көтеру, сол тапсырмаға қатысты әрекет барысында жүріп жатады. Демек, оқу тапсырмасын орындау ынтасы оқу әрекетінде ғана қалыптасуға мүмкіндігі бар. Мектепке дейінгі кезеңде мұндай әрекеттерге балалар бақшасындағы арнайы өткізілетін сабақтар жатады.

Мысалы, экспериментте «оқу тапсырмасын қабылдау» әдістемесін қолдануымызға болады. Әдістемені біз Д.Б.Эльконинның берілген үлгімен жұмыс жасату «графикалық диктант» әдістемесін негіз қылып, сол типтес әдістеме ретінде қарастырсақ, бұл әдістеме екі түрлі тапсырмадан тұрады – жаттығу және негізгі. Балаларды мектепке бейімдік деңгейін анықтау бойынша жүргізілген эксперимент жұмысының нәтижесі 1-кестеде беріледі.

Кесте 1. Бастауыш мектеп оқушыларының мектепке бейімделу деңгейі % есебімн

Деңгейлер	(26 бала) Эксперимент сыныбы	(24 бала) Бақылау сыныбы
Жоғары	5 (19 %)	4 (17 %)
Орта	15 (58 %)	14 (58 %)
Төмен	6 (23 %)	6 (25 %)

Жаттығу тапсырмасын орындау барысында экспериментатор қате жіберген балаларға дұрыс бағыт беріп отырады: негізгі тапсырманы балалар өз бетінше орындайды. Экспериментте баланың алдына берілген үлгіні жаңғырту мақсаты қойылады, егер бала керек деп санаса онда сол үлгіні дұрыс жаңғырту үшін балаға бөлек параққа жаттығуына рұқсат беріледі. Жаттығу инструкция бойынша мақсат ретінде құрылмай, тек мүмкіндік ретінде жұмысқа енгізіледі.

Берлігген үлгі – геометриялық фигура.

Балаға берілетін нұсқау мынандай:

Сен мына парақтың төменгі жеріне – мына жерге дәл осындай фигураны салуың керек. Мына жерде сен үшін тағы да парақтар дайындап қойылған. Егер, сен сол фигураны салып үйренгің келсе осы қағаздарды пайдалануыңа болады. Осылай баланың алдына жаттығу мақсатын қоймай, балаға жаттығу немесе жаттықпау еригі беріледі.

Бірақ, егер бала жаттығу жұмысын жасамай қолына бірден бақылау парағын алған жағдайда экспериментатор баланы жаттығу мақсатына «қайтарады» - балаға – «Сен ол фигураны салуды үйренгің келмей ме?» деген сұрақ қойылады. Егер бала жоқ деп жауап берсе, экспериментатор: «Менімше сенің үйренгенің жөн болады, әйтпесе фигура дұрыс шықпауы мүмкін» - деп айтуы тиіс. Ал мұнан соң да бала жаттығудан бет бұрса, зерттеуші балаға еркіндік береді.

Бала жаттығуға кіріскен соң, егер бала бір суреттенкейін жаттығуды қоймаса, оған – «Сен үйреніп болған шығарсың, енді негізгі параққа салуға кірісерсің?» - деген сұрақ қойылады.

Егер, бала тағы жаттығу жұмысын жасағысы келсе балаға тағы бір рет жаттығуға рұқсат беріледі, сонан соң – «Болды, сен үйреніп болдың, енді негізгі параққа сал» - деген сөздер айтылады. Дегенмен, бұл кезеңде бала жаттығуын жалғастыруға мүмкіндігі болады. Егер кейіннен, ол тағы да басқа фигураларды салуға ынтасын білдірсе, оған ұқсас тапсырма беріліп, бірақ мұнда жаттығу жұмысы балаға ескертілмейді. Әрі қарай сол бірінші тапсырманы орындалғанындай бәрі қайталанады. Баланың істеген әрекеттер кешені, онда оқу тапсырмасын орындауға, жаттығуға ынтасы бар ма, жоқ па екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Мұндай әдістеме сонымен бірге, баланың – жаттығуды «оқуға жаттығу» ретінде қабылдауын да тексеру мүмкіндігін береді. Бұл үшін үлгідегі фигураның бір шеті штрихтеледі, Ол балаға – «(жаттығу жұмысыны жасағанда) жаттыққанда мынандай етіп боямай-ақ қой, -өйткені, бұл оңай жұмыс, бұған үйренудің керегі жоқ» - ал енді негізгі параққа түсіргенде бояуды ұмытпа – деп айтылады.

Баланың бұл шартты орындауы, оның жаттығу жұмысын оқу әрекетінің жаттығуы, үйренуі ретінде қабылдауы деп анықталды.

Егер, фигураның шеті тек негізгі парақта ғана болмай, жаттығу парақтарында да боялған болса, онда бала жаттығуды – үйрену функциясы ретінде қабылдамағаны.

Ал, бала жаттығуға өз бетінше зерттеушінің ескеруінсіз кірісе бастаса, біз балада оқу (үйрену, жаттығу) ынтасы бар деп ұйғардық. Егер – «балаға саған үйрену, жаттығу қажет емес пе?» - деген сұрақ қойылса оқуға (үйренуге, жаттығуға) – ынтасының көрінісі төменірек деп ұйғардық. Ал, егер балаға тағы да сол сұрақ қойылатын болса – балада оқуға, үйренуге, жаттығуға ынтасы жоқ деп ұйғаруға болады.

Балалардың оқуға деген ынтасының санды бағасы, шартты балдарды есептеуімен шығарылды: әр тапсырмада баланың жаттығуға кірісуі бағаланып (өз бетінше 2 балл, сұрақтан кейін – 1 балл, нұсқаудан кейін – 0 балл) және аяқталуы бағаланып түрді: (өз бетінше – 0 балл, сұрақтан кейін – 1 балл, нұсқаудан кейін – 2 балл). Жалпы санды балл – 0-ден 7-ге дейін созылды. Баланың орындайтын жаттығу әрекетін, өз функциясы бойынша әрекетке үйрену, бейімделу фазасымен қатар, мақсатқа жетуді көздейтін орындау мақсатына да жатқызуға болады.

Тәжірибелік-эксперименттің қорытынды кезеңінде эксперимент тобында балалардың мектепке бейімделу деңгейі жоғарылағанын байқадық. Мұны төмендегі 2-кестеден көруге болады.

